

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ:958.4

Қолжазба құқығында

Мамбетов Бекзат Махмұтұлы

**ОТАНДЫҚ ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУ БАҒЫТЫ (АКАДЕМИК С.Б.
БӘЙШЕВТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЫСАЛЫНДА)**

6D011400 - Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:

Тұрсұн Х.М., т.ғ.д., профессор,

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университеті,

Беркимбаев К.М., п.ғ.д., профессор,

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-
түрік университеті,

Шет елдік кеңесші:

Ражабов Қ.К., т.ғ.д., профессор. Өзбекстан
Республикасы ҒА Тарих институты

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

КІРІСПЕ.....6

I ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ С.БӘЙШЕВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1. Тарихи тұлғатанудың методологиялық мәселелері.....15

1.2.С. Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметінің зерттелуі мен
дереккөздері.....24

1.3. Отандық тарихи тұлғатанудың негізгі бағыттары.....39

II АКАДЕМИК САҚТАҒАН БӘЙШЕВТІ ҒЫЛЫМИ ТҰЛҒАЛАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

2.1. С.Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметі54

2.2. С.Бәйішев және отандық тарих ғылымы.....63

2.3. Отан тарихындағы академик С.Бәйішев тұлғасы: саяси
ұстанымдары, ғылыми көзқарастары және азаматтық позициясы73

III ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КУРСТАРЫНДА ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУДЫ ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

3.1. Тарихи тұлғатануды оқытудың қажеттілігі, мақсаты мен
міндеттері.....88

3.2. Тарихи тұлғатану пәнінің құрылымы мен мазмұны.....97

3.3. Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша
ұсыныстар.....108

ҚОРЫТЫНДЫ.....123

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....126

ҚОСЫМШАЛАР.....134

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- БББ - Білім беру бағдарламасы
БЛКЖО - Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағы
БОАК - Бүкілодақтық Атқару Комитеті
БК(б)П ОК - Бүкілодақтық коммунистік (большевиктік) партиясының Орталық Комитеті
Глав ПУРКА - Главное политическое управление рабоче-крестьянской Армии
ЖОО - Жоғары оқу орны
ЖЭС – жаңа экономикалық саясат
ҚазКСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазатком - Қазақ атқару комитеті
ҚКСР ХКК – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі
ҚҚАО - Қарақалпақстан Автономиялық облысы
ҚРБҒМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігі
ҚР БҒМ ҒК - Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің Ғылым комитеті
ҚРҒАА - Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының архивы
ҚРҒЖМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚРҒЖБМҒЖБССҚК - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ҚРПА - Қазақстан Республикасы Президенті архивы
ҚР ҰҒАА - Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Архивы
ҚХКК - Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КСРО ХКК – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық Комиссарлар Кеңесі
НКВД - Народный комисариат внутренних дел (Ішкі Істер Халық Комиссариаты)
ОАТ - оқытудың ақпараттық технологиялары
ОГПУ - Объединенное государственное политическое управление при Совете Народных Комиссаров СССР (КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма)
ОН - Оқыту нәтижесі
ОӘК - Оқу-әдістемелік кешен
ОБСӨЖ - Оқытушының басшылығымен орындайтын студенттің өзіндік жұмысы
СӨЖ - Студенттің өзіндік жұмысы
Қ. - қор

т. - тізбе

ТОЖ - Типтік оқу жоспары

Т. - Том

б. - бет

бб. - беттер

п. - парақ

пп. - парақтар

с.п. - сыртқы парақ

т.б. - тағы басқа

ХҚТУ - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ХҚТУ ШИ - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институты

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мына аталған нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). -Астана. 30 тамыз, 1995

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.09.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, Астана. 18 ақпан, 2011

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (ҚР Президентінің 2012.11.02 No 423 Жарлығының редакциясында; 12.08.2014 ж. No 893).

Қазақстан Республикасының «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 23 тамыз, 2012

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын бекіту туралы 15.02.2018 No 636 (02.02.2022 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. № 456

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік іргетасы».

2017 жылғы 12 сәуірдегі «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы
«Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламасы 21 қараша 2018 ж.

ГОСТ 7.0.11. – 2011. Диссертация и автореферат диссертации. Структура и оформления.

КІРІСПЕ

Диссертациялық зерттеудің жалпы сипаттамасы. Отан тарихындағы тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеу нәтижелерін тарихи таным қалыптастырудың оқу-әдістемелік кешенін құрастырып, таңдау пәні ретінде білім беру бағдарламасына енгізуге дайындаудың әдістемелік тәсілдері қамтылған.

Тақырыптың өзектілігі. Еліміздің егеменді ел болғалы бергі іргеміз өз қолымызға жетіп танымал мемлекеттердің қатарынан табылуы арқылы отандық тарих ғылымының жаңа бетбұрыспен өрлеу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Тәуелсіздік туымыз желбіреген егеменді еліміздің тарихында өткен ғасырлардан қалған үлкен міндеттер мен мақсаттарды зерттеуді алға қойып, өз еліміздің ғылыми мәртебесін көтеруге бет бұрып отырмыз. Өткен тарихымызды тереңірек зерттеу бүгінгі тарихымыздың заңдылықтары мен шынайылықтарын қамтамасыз етуге тиянақтап, болашақ өркендеуімізді айқындауға көзделеді. Өйткені өткенде алатын кейбір бағыттар бүгінгі күнде аса қажеттіліктер болып табылуда. Солардың бірі тарихта өз орнын қалдырған, ел үшін еңіреген ерлеріміздің істеген еңбектерін, халық қамы үшін еткен ерліктерін кейінгі ұрпаққа танытып, отандық борышын атқару болып табылады.

15 наурыз 2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында өткен III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде «Кеңес заманындағы тұлғаларды, әсіресе, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін салыстырып, бір-біріне қарсы қояды. Дәл осындай сөз тартыстарының ақиқатына жету қиын, жеткеннің өзінде ел ішіне іріткі салатын мұндай даудамайдың еш қажеті жоқ» дей келіп «бұрынғы және қазіргі тарихтың түрлі кезеңдерін, тұлғаларын бір-біріне қарсы қоюға болмайды... қалай десек те, тарихымызға шынайы көзбен қарап, оны сол қалпында қабылдауымыз керек» [1] деген тұжырымының Отандық тарихи тұлғатануда методологиялық ұстанымдар қалыптастырудағы маңызы зор деп білеміз.

Осыған байланысты тақырыпты таңдаудағы басшылыққа алғандағы ұстанымымызға тоқталуымыз керек. Біздің зерттеуімізде Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев «Қазақстанда қоғамдық-әлеуметтік ғылымдардың, соның ішінде тарих ғылымының да дамуы мен қалыптасуының бастапқы кезеңінде Ғылым Академиясының басшылығында болып, өте ауқымды ғылыми-ұйымдастырушылық қызметтер атқарды. Сонымен бірге, өзі де Тарих ғылыми-зерттеу институтының басшысы қызметін атқарды. Демек, отандық тарих ғылымы дамуы мен қалыптасуының тұтас кезеңі С. Бәйішевтің қызметі мен шығармашылығына байланысты болғандығы да оның шығармашылық мұрасы мен азаматтық өнегесін бағалауды» [2, Б.271] қажет етеді деп білеміз. Осы тұрғыда зерттеуіміз үшін аталған тақырып таңдап алынды.

Кеңестік дәуірде Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасып, дамуына, өркендеуіне өздерінің зерттеулерімен, еңбегімен, талантымен зор үлес қосқан ғалымдардың үлкен шоғыры өсіп шықты. Олар ел тарихын зерттеу ісімен

шұғылданып қана қоймай, республикамыздың ғылымы мен мәдениетінің өркендеуіне жол ашты. Ел тарихы бойынша терең зерттеулер жүргізіп, қоғамдық ойдың даму процесін шапшаңдатуға, өздерінің интеллектісімен, көрегендігімен үлес қосып келген зиялы қауымының орны мен ролі ерекше.

Халқының шыншыл да адал, отаны үшін от кешкен перзенттерінің қатары көп болуы тарихи таным үшін де аса үлкен мақтаныш. Ондай тұлғасы бар мемлекет қашанда, қандай тарихи бет бұрыстарда да өнегелі із қалдыратын, шешімді іс атқаратын, ұстанымдарынан нық бастау алатын ұрпақтарымен берік болмақ керек. Соған қарамастан Қазақстан ғылымының экономикалық жетістіктерінің, ұлттық сананың өрістеуі мен қоғам дамуының бағыттары бойынша артына із қалдырған тұлғалардың шығармашылық қызметіне баға беріліп, олардың өнегесі ұлықталуы тиіс.

Кеңес дәуірінде көптеген қазақ зиялыларының қызметі мен шығармашылығы, ел үшін істеген еңбектері тәуелсіздік кезеңде біржақты түсіндіріліп келді. Еліміздің дамуында ғылым алдында тұлғаның қасиетін, қалыптасуын болашаққа паш ету тәуелсіздігіміз алғаннан кейінгі кезеңде ғана орын алды. Зиялы қауым тарихын айқындап, еңбектеріне баға беруге қол жеткізіп отырған мүмкіндігіміз, еліміздің өткенін саралай отырып, болашағын ұлт дамуының өзегі ретінде сәйкестендіріп жасауға жетелейді. Сондықтан ХХ ғасырдың орта тұсындағы мемлекетіміздің ілгері дамуына үлес қосқан зиялыларымыздың өмірін, қоғамдық-саяси қызметтерін ұмытпауымыз керек, керісінше ұрпақ үшін атқарған еңбектерін, істерін қоғамға таныту тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Сондай көрнекті қайраткерлердің бірі - саяси экономия, Қазақстанның экономикалық және саяси тарихы салаларының белгілі ғалымы, кеңестік Қазақстанның жетекші қоғамтанушыларының бірі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, подполковник, ҚазКСР Ғылым Академиясының академигі Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев еді. Осы зерттеу жұмысымызда қазақтың біртуар азаматының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, ағартушылық жолын зерттеуді мақсат етіп алдық.

Қайраткер-ғалымның «саналы ғұмыры коммунистік партияның қызметімен тығыз байланыста өрбігендігі коммунистік идеологиядан бас тартқан қазіргі қоғамда оған деген салқын немесе жатырқаушылық көзқарас тудыратындығы сөзсіз. Бұндай жатырқаушылық психология тұлғалардың тұтастай шоғырына қатысты да байқалады» [2, Б.277]. Содан да С. Бәйішевтің өмірбаянын ғылыми қалпына келтіруде осы кезге дейін қалыптасып қалған дәстүрлі көзқарасқа балама ретінде пікірлер айтуымыз қажет болады. Әрине тарихшылар тарихты өзгерпегенімен тарихи оқиға мен құбылысқа, тарихи тұлғаларға деген көзқарасты өзгерте алуы мүмкін. Содан да өзі өмір сүрген қоғамдық ортамен біртұтас бірлікте тұлғалануы тиіс. Зерттеуіміздегі біздің басты ұстанымымыз да осы.

Кеңестік қоғамда қарбалас қоғамдық-саяси өмір мен гуманитарлық ғылым саласының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қоса алған

қайраткер-ғалымның өмірбаянының қатпарлары аса қалың, зерттеушілердің назарын аударуға әбден лайық. Салалық ғылыми-зерттеу институтының «аға ғылыми қызметкерлігінен Ғылым академиясының вице-президентіне дейін, қатардағы саяси қызметкерден Жоғарғы Кеңестің төрағасына дейінгі қызмет баспалдақтарынан өткен тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы коммунистік партияның қызметімен тығыз байланыста өрбіді» [2, Б.268]. Маркстік-лениндік коммунистік идеологиядан бас тартқан (декоммунизация) қоғамда С. Бәйішев қатарлы билікке қызмет еткен партноменклатура өкілдеріне қатысты қалыптасқан салқын көзқарасты негізді деп айтуға болмас. Сол үшін де тарихи тұлғалардың биографиясын зерттегенде шынайылық қағидасын басшылыққа алу қажеттілігі айқын сезіледі. Содан да зерттеуімізде партиялық-мемлекеттік номенклатура жүйесінің теориясы мен тәжірибесіне ғылыми талдау жасалатын болады. «Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің куәгері болған тұлғаның моральдық-психологиялық тұрпатына баға беріледі. Тоталитарлық қоғамның саяси-идеологиялық ұстанымдары мен партиялық билік жағдайындағы қазақ зиялыларының тағдыры жайлы қорытындылар» [2, Б.268] жасалатын болады. Қайраткер-ғалымның өзі өскен, қызмет еткен ортамен біртұтастықта қарастыру туралы тұжырымдар жасалады. Бұл бағыттағы зерттеулер Отан тарихының кеңестік кезеңінің мәселелерін өзектендіреді деп ойлаймыз

Кеңес дәуірінде дүниеге келіп, өмір сүрген көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Сақтаған Бәйішұлы Бәйішевтің мемлекеттік, қоғамдық-саяси қызметі мен қалдырған ғылыми мұрасына қатысты объективті ғылыми баға беру, сол кезеңнің осындай күрделі мәселелердің қиылысында тұрған тақырып болып табылады деп санаймыз.

Сондықтан да бұл қарастырып отырған тақырыбымыз ғылыми сұраныстарға ие және тұлғаның адал да шыншыл болмысын терең зерттеп, талдауға септігін тигізери хақ деп нық сеніммен айтуға болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Тақырыптың зерттелу деңгейі бойынша мәселені жинақылық үшін екі бағытқа бөліп қарастырамыз. Бірінші бағыт - академик С. Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының зерттелуі. Екінші бағыт – отандық тарихтағы тарихи тұлғатану бағытының зерттелуі және оқытылуы мәселелері.

Бірінші бағыт бойынша басын ашып айтатын мәселе, осы кезге дейін С. Бәйішевтің өмірбаяны мен шығармашылығы диссертациялық тұрғыда зерттелінбей келгендігі. Академиктің замандастары мен әріптестерінің өз уақытында жазған мерейтойлық мақалалары мен естеліктерінен өзге арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. С.Бәйішевтің 100 жылдық мерейтойына арналған конференция жинағы жарық көргендігін атап айтуға болады. Аталған ғылыми-практикалық конференциялар академиктің өмірбаянын ғылыми қалпына келтіру және оның есімін ұлықтаудағы ең үлкен шаралар болды. Оған дейін де, одан кейін де С. Бәйішевке қатысты ондай ғылыми-танымдық шаралар өткізілген жоқ. Осы фактінің өзі қайраткер-ғалымның

шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметіне деген идеялогиялық салқындық - жатырқаушылықтың ықпалын аңғартады. Оның себебі, тәуелсіздік жағдайында тарихи танымды, соған сай ұлттық идеологияны қалыптастыруда қоғамдық ойда коммунистік ұстанымдардан бас тартуға деген ұмтылыс болғандығы еді.

«Академик С.Б. Бәйішевтің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми мұрасы» тақырыбын диссертациялық тұрғыда зерттеуді қолға алған 2005-2010 жылдардағы зерттеуімізде қайраткер-ғалымды тұлғаландыруға қатысты бірқатар мақалалар жариялаған болатынбыз [3]. Әрине, диссертация қорғап үлгермегенімізбен бұл зерттеуіміз ізсіз кетпеді, яғни С.Бәйішевті ғылыми тұлғаландыруға аз да болса үлес болып қосылды деп ойлаймыз. Осы зерттеулерден кейінгі кезде де аталған тақырып диссертациялық тұрғыда зерттеле қоймады. Сондықтан да 2018-2021 жылдардағы докторантура білім беру бағдарламасында осы тақырыпты жаңа қырынан және мамандық шифрының талаптары бойынша зерттеуді одан әрі жалғастыру мүмкіндігін пайдаландық.

Тақырыптың зерттелу деңгейінің екінші бағыты - отандық тарихи тұлғатанудың зерттелуі мен оқытылуына қатысты тарихнамалық шолуымызды жинақылық үшін тәуелсіздік кезеңімен шектеуімізге тура келеді. Оның себебін кеңестік тарихнамада қолданылған таптық, партиялық ұстанымдарға негізделген тарихи тұлғалардың өмірбаянын қарастыру тәсілдері посткеңестік кеңістікте қалыптасқан тарих теориясы мен методологиясы талаптарымен бағаланып, оның коммунистік идеология өлшемдеріне сай барынша сыңаржақ, біржақты қалыптасқандығы жөнінде орныққан тұжырымды қайталаудың қажеттігі жоқ деп білеміз. Оның есесіне тәуелсіз тарихи танымға сай отандық тарихи тұлғатану бағытының қалыптасуы мен дамуының тәжірибесі байыпты ғылыми талдауды қажет етеді. Олай дейтін себебіміз, тәуелсіздік кезеңінде өзге қоғамдық ғылым салалары сияқты тарихи ой да теориялық және методологиялық ізденістерді бастан өткерді. Оның үстіне тарих мазмұны тың деректермен байытылды. Мемлекеттік бағдарламаға айналған тарихи таным қалыптастыру тұжырымдамасы Отан тарихының тарихи оқиғалары мен құбылыстарына жаңа көзқарас қалыптастыратын жаңа парадигма ұсынды. Осыған сай тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отандық тарихшылар тарихи тұлғатану бағытында батыл ізденістерге барып, бірқатар зерттеулер жүргізді. Тарихи тұлғатанудың жаңа ұстанымдарын қалыптастырған іргелі зерттеулер қатарында аға буын тарихшылардың арасынан М. Қозыбаев [4], [5], К. Нұрпейіс [6], М. Асылбековтердің [7] және т.б. еңбектерді атаймыз. Сол сияқты Алаш қоғалысының тарихын тұлғаландыруда М. Қойгелдиевтің [8], Б. Қойшыбаевтың [9] іргелі зерттеулері кейінгі буын тарихшылардың зерттеулеріне үлгі көрсетіп, жол салып берді.

Зерттеуімізге тақырыптық тұрғыда жинақылық сипат беру мақсатында тұлғатану бағытындағы тарихнаманы отандық тарих ғылымының қайраткерлерін ғылыми тұлғаландырған зерттеулермен шектейміз. Қоғамдық

өмірдің әр саласынан қайраткерлігімен, дарын-қабілетімен, азаматтық және ғылыми ерлігімен танылған тарихи тұлғалардың әрқайсының өз өмірбаянында ерекшеліктері бар екендігін ескерер болсақ, олардың бәрін тұлғатану ғылыми бағытында топтау, жіктеу және жүйелеу біздің зерттеу нысанымыздың ауқымын барынша кеңейтіп жіберген болар еді. Сол үшін де қоғам қайраткері, академик Сақтаған Бәйішұлы сияқты «ғалым-қайраткер» тұрпатындағы тұлғаларды топтап қарастыру оларға қатысты ортақ тұжырымдар жасауымызға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Осы бағытта жүргізілген диссертациялық зерттеулер қатарында Е. Бекмұхановты [10], М. Тынышпаевты [11], Қ.Сатпаевты [12], М. Қозыбаевты [13], Р. Сүлейменовты [14], А.Н. Нүсіпбековты [15], Б. Сүлейменовты [16] және т.б. тарихшы-қайраткерлерді тұлғаландырған диссертациялық зерттеулер жүргізілгендігін атап айтуға болады. Аталған зерттеулерде тарихшы ғалымдардың өмірбаяны мен шығармашылығын ғылыми қалпына келтірудің әдіс-тәсілдері жүйеленіп, тұлғаландыру тәжірибесі қалыптасты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ базасында 6D011400 - «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялардың арасынан тұлғатануға тікелей қатысты жүргізілген диссертациялар шоғырына талдау жасап көрейік. А. Әбікейдің [17], Г. Батырбекқызының [18], Вахдет Таракчының [19] диссертациялық зерттеулерінде С.Қожановтың, Н.Төрекұловтың, М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының тарихы тұжырымдалып, олардың азаматтық және саяси өнегесін Қазақстан тарихы курстарында оқытудың әдіс-тәсілдері жинақталған болатын. Оқу орнында қалыптасқан осы ғылыми мектеп ізашары деуге болатын дәстүрді одан әрі жалғастырып, тұлғатану бағытындағы зерттеулерге талдау жасай отырып, С.Б. Бәйішевтің өмірбаяны мысалында ғылыми тұлғаландыру мен оқу үдерісіне енгізу әдістемесін жетілдіру қажет деп таптық.

Тақырыптың зерттелу деңгейіне жасалған талдауымыз көрсеткендей, осы кезге дейін С. Бәйішев туралы диссертациялық, монографиялық зерттеулер жүргізілмегендігі анықталды. Осы тарихнамалық қорытынды диссертациямыздың тақырыбын «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» деп тұжырымдауымызға негіз болды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Зерттеу жұмысының басты мақсаты - С.Б. Бәйішевтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін, шығармашылығы мен ғылыми мұрасын деректік тұрғыда талдау. Сол арқылы С. Бәйішұлының өмірін болашақ ұрпаққа, ғылым жолына арнаған қасиетін, ғалымдық бейнесін айқындау зерттеу жұмысының негізгі өзегі. Зерттеу жұмысында мынандай міндеттер белгіленді:

- Отандық тарихтың тұлғатану бағытында қолданылатын зерттеу әдіс-тәсілдерін жүйелеу;

- Сақтаған Бәйішевтың қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығының зерттеуі мен дерек көздерін талдау;

- С. Бәйішевтың қоғамдық-саяси және шығармашылық өмірбаянын ғылыми қалпына келтіріп, ғылыми көзқарастары мен азаматтық позициясын айқындау;

- «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенін дайындау;

- Тарих пәні курстарында тұлғатану бағытын оқытудың әдістемесін жаңартудың тәсілдерін ұсыну.

Диссертациялық жұмыстың пәні. Отан тарихының мазмұнын өзектендіруде тарихи тұлғатану бағытының әдіснамалық, тарихнамалық және деректік негіздері.

Диссертациялық жұмыстың нысаны. Тұлғатану бағытының жетістіктерін Сақтаған Бәйішевтің мысалында тарихи таным қалыптастыруда қолданудың әдіс-тәсілдері.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері Сақтаған Бәйішевтің 1909-1982 жылдардағы өмірі мен ғылыми-ұйымдастырушылық, қоғамдық-саяси қызметін қамтиды. Осы хронологиялық кезеңде республикамыздың қоғамдық-әлеуметтік дамуы ғалымның саяси, ғылыми ортадағы рөлімен байланыстырылып қарастырылады. Ал тарихнамалық талдауымыз бойынша зерттеу хронологиясы қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтиды.

Жұмыстың методологиялық негізіне тарихилық, жүйелілік, объективтік ұстанымдары алынады. Саяси және әлеуметтік-экономикалық негіздер, тарихи даму барысында қалыптасқан ой-пікірлердің қазіргі ғылыми тұжырымдарға жасаған ықпалына басты назар аударылды. Зерттеу жұмысында С. Бәйішевке қатысты жазылған танымдық еңбектерге де көңіл бөлінді. Сондай-ақ, зерттеу кезінде басқа да тұлғалардың теориялық-әдістемелік тұжырымдары салыстырмалы түрде қарастырылды. Тарихи тұлғатану зерттеулерінде биографиялық тәсіл жиі қолданылатындығын ескере отырып, біз де осы тәсілдің мүмкіндіктеріне жүгіндік. Өйткені бұл тәсілдің танымдық мүмкіндіктерін пайдалану зерттеуімізге нақтылық беретін болады.

Осы тәсілді қолдануға қатысты жариялаған мақаламызда [3] адамның қоғамдық-саяси қызметіне баға беріп, оның өмірлік ұстанымының жалған немесе шынайылығын айқындауға қолайлы болатындығын тұжырымдаған болатынбыз.

Жұмыстың деректік негізі. Зерттеліп отырған нысананың деректік негізі зерттелу барысының мақсат-міндеттеріне сай мұрағаттық құжаттар, басылымдарда жарық көрген дерек көздері және ғылыми еңбектері сұрыпталып қолданылды.

С. Бәйішевтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеуде Қазақстан Республикасы Президенті архивының (ҚРПА) 141-қоры «БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті», 708-қоры «Қазақстан коммунистік партиясының ОК», 811-

қоры «Қазақстан Компартиясы ОК қарамағындағы партия тарих институты», Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы архивінің (ҚРҰҒАА) 2-қоры «Қазақ КСР Ғылым Академиясы Президиумының секретариаты» және ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатының 1660-қоры қолданыс тапты.

Аталмыш қорларда С. Бәйішұлының атқарған қоғамдық-саяси қызметтеріне, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қызметі туралы құжаттар жинақталған. Ғалымның жеке құжаттарындағы 13125, 13122, 13123, 13124 істерінде, 708-қордағы 37-істерінде С. Бәйішевке қатысты 1937-1974 жылдарға арналған құжаттарда жеке өмірі, білім алған ортасы, алғашқы атқарған жұмысы, әскер қатарында болғаны туралы және марапаттаулары мен алған медальдары, Қазақстан К(б)П ОК, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Алматы қалалық кеңесінің депутаты, Алматы ҚК КПК мүшесі және басқа да қоғамдық ұйымдарда атқарған қызметтері т.б. туралы мәліметтер жинақталған. Әр қорларда академиктің өміріне байланысты хронологиялық жүйесі ұқыпты түрде орын алған. Сондай-ақ ғалымның жеке іс-шаралары, ағартушылық қызметтері мерзімдік басылымда да жеткілікті. Мемлекеттік қызметтерден басқа баспасөз ұйымдарында да істеген еңбектері туралы басылым беттерінде жарияланымдарыда көп. Мысалы, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Советская книга», «Труды Казахстанского филиала НМЛ», «Вестник Академии Наук», «Большая советская энциклопедия» атты т.б. журнал, газеттерде де С. Бәйішұлының қызметіне қатысты материалдары жарық көрген.

Баспасөз материалдары жылдар бойынша ғалымның еңбектерін толықтай талдау бағасымен құндыланады. Қолданылған дерек көздері мен пайдаланылған әдебиеттерді қолдануда зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын ашуға толық мүмкіндік алдық деп нақты айтуға болады.

Зерттеудің негізгі кезеңдері. Докторантура оқу бағдарламасына сай диссертациялық зерттеуіміздің барысы негізінен үш кезеңді қамтиды:

Бірінші кезеңде (2018-2019 жж.) – диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері бойынша талдау-сараптама жұмыстарын жүргізіп, тарихи тұлғатанудың дереккөздері, тарихнамасы жүйеленіп, академик С. Бәйішевтің өмірбаяны мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметінің деректік негіздері жинақталды.

Екінші кезеңде (2019-2020 жж.) тарихи тұлғатану бағытының методологиялық ұстанымдары жүйеленіп, ғылыми мектептер өкілдерінің көзқарастары талданды. Педагогикалық зерттеу жүргізіліп, таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенің мазмұны түзілді, студенттермен сауалнамалар жүргізіліп, педагогикалық эксперимент жүргізуге дайындық жасалды.

Үшінші кезеңде (2020-2021 жж.) – зерттеуде қол жеткен нәтижелер мен жасалған қорытындылар таңдау пәнінің мазмұнына енгізіліп, педагогикалық эксперимент жасалып, тарихи тұлғатану бағытын оқытудың әдістемесін жетілдіруге байланысты ұсыныстар дайындалды. Зерттеуіміздің қорытынды кезеңінде дайындаған оқу-әдістемелік кешенді БББ енгізуге байланысты Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

және Шымкент университетінің базасында педагогикалық эксперимент жүргізіліп, сыннан өтті және диссертациялық зерттеуіміздің рәсімделуі толығымен іске асты. Диссертациялық зерттеудің қол жеткен нәтижелері мен жасаған ғылыми қорытындыларының ғылыми басылымдарда жариялануы толық болмауы себебінен зерттеу жұмысымыз докторантура бағдарламасы аяқталғаннан кейінгі кезеңде одан әрі жалғасты.

Зерттеу базасы. Зерттеудің базасы ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тарих» кафедрасымен бірге Шымкент университетінің «Тарих және география» кафедрасы таңдап алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында Қазақстанның қоғам қайраткері, белгілі ғалым, академик С.Б. Бәйішевтің өмір жолы мен қызметі, халыққа сіңірген еңбегі мен Отан алдындағы ерлігі ашылып көрсетіліп, өзінің соңында қалдырылған ғылыми мұраларына талдау жасалынды. Зерттеу жұмысында негізінен мынандай жаңалықтар бар:

- Отандық тарихтың тұлғатану бағытындағы зерттеу әдіс-тәсілдерді жүйеленді;

- Сақтаған Бәйішевтың қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығы деректік негізде ғылыми қалпына келтірілді;

- С. Бәйішевтың шығармашылық өмірбаянының деректері негізінде оның ғылыми көзқарастары мен азаматтық позициясы айқындалды;

- «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені дайындалды;

- Педагогикалық эксперимент барысында тарих пәнін өзектілендіруде тұлғатану бағытының жетістіктерін тарихи таным қалыптастыруда қолданудың оқу әдістемесін жаңартудың тәсілдері ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

- С. Бәйішевтің туған ортасы мен білім алған ортасы, оның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етті;

- Ұлы Отан соғысының рдагері С. Бәйішевтың соғыс жылдарында атқарған саяси қызметі Отан тарихының сындарлы кезеңінің тарихы құрамында қайта бағалануы керек;

- Қайраткер-ғалымның ғылыми ұйымдастырушылық және қоғамдық-саяси қызметі ғылыми тұжырымдауды қажет етеді;

- Академиктің Қазақстан халық шаруашылығының дамуы туралы ғылыми тұжырымдарына байыпты талдау жасалып, баға берілуі керек;

- С. Бәйішевтің көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері ретінде қоғамдық ойдың дамуына қосқан үлесі мен атқарған рөліне жаңа көзқараспен ғылыми тұжырымдалуы тиіс.

Жұмыстың қолданбалық маңызы. Зерттеу жұмысында қол жеткен нәтижелер мен жасалған тұжырымдар, ұсынылған деректерді Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихының мазмұнын жаңалауға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, зерттеуде белгілі болған нәтижелер мен қорытындылар оқулықтар мен

оқу құралдарын жазуға, тарих, экономика мамандықтарының бакалаврларына дәрістер оқып, тарихнамалық жұмыстарда қолдануға болады. Осындай жекелеген тұлғаларды болашақ ұрпаққа паш етіп, ерліктері мен қызметтерін үлгілілігін көрсету, еліміздің алдағы уақыттарда қандай болмасын жағдайларда дайын болуға шақырып, осындай ерлік-жігерлерден өнеге алуға талпындыру.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеуіміз Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Тарих» кафедрасында сыннан өтті. Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда (барлығы 5 жарияланым) жарық көрді. Атап айтқанда «Отандық тарихи тұлғатану әдіснамасындағы ұлттық мүдде» //ҚазҰУ Хабаршысы №2, 2019 (Х.Тұрсұнмен бірге); Репрессия құрбаны Садықбек Сапарбековтың қилы тағдыры //Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Тарих сериясы. 2020. №1 (Х.Тұрсұнмен бірге) б.457-463; Академик С.Бәйішевтің қызметін зерттеуде биографиялық тәсілді қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2022. №1 (79) (22-296б.) (Тұрсұн Х.); Saktagan Baishev – prominent representative of the party and state nomenclature//Абай атындағы ҚазҰПУ. №4(79), 2023 ж. (316-325 бб) (Тұрсұн Х., Ражабов К.); Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғатануды оқыту әдіс-тәсілдері. //Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы. №1. 2024 ж. журналдарында жарияланды. Сол сияқты мына 3 (оның 2-уі стендтік) халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларды баяндалды: Документы и материалы российских архивов о деятельности казахской национальной элиты. //РГГУ («Российский государственный Гуманитарный университет») Историко-архивный институт. Москва, 15-16 сентября, 2020. (Москва. ООО «Термика.РУ». 2021). (Тұрсұн Х.); Сақтаған Байішев және саяси-қуғын-сүргін құрбандары //«Мұстафа Шоқайдың мемлекетшілдік мұраты: тарихи тағылым мен сабақтастық» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы 2023 жыл, 17 қараша (Б.286-290); Қ. Сәтпаев пен С. Бәйішевтің тұлғааралық қатынастары //«Академик Қ.И. Сәтбаев феномені және ХХ ғ. Отандық ғылым: қазіргі ұстанымдар мен пәнаралық зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының жинағы. 2024 жыл 12 сәуір. СКОПУС базасындағы журналда бір мақала (Mambetov, B., Tursun, K., Kurmanalin, S., Issayev, M. у L. Rymbetova. (2024). Tendencies of Ethnocentrism and Mythmaking in the Historiography of Kazakhstan: A Review. RIVAR, 11(33), 209-221, <https://doi.org/10.35588/rivar.v11i33.6439>) жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспе, үш тарау, алты тараушадан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

I ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ С. БӘЙШЕВТІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1. Тарихи тұлғатанудың методологиялық мәселелері

Отандық тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеулердің методологиялық мәселелері арнайы желі етіп қарастыруды қазіргі кезде етеді. Өйткені, методологиялық мәселелер зерттеудің өзегін құрайды, оның мазмұнын қалыптастырады және нәтижелерін болжамдайды. Содан та осы тараушада диссертациялық зерттеуімізге нақтылық беру үшін тақырыпты арнайы қарастырып отырмыз. Осыған байланысты кеңестік қоғамда еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, отандық гуманитарлық ғылымның дамуында қайраткерлігімен танылған академик С. Бәйішевтің өмірбаянын мысал ретінде таңдап ала отырып, оны деректік негізде талдайтын боламыз. «Институттың аға ғылыми қызметкерлігінен Ғылым академиясының вице-президентіне дейін, қатардағы саяси қызметкерден Жоғарғы Кеңестің төрағасына дейінгі қызмет баспалдақтарынан өткен тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы коммунистік партияның қызыметімен тығыз байланыста өрбігендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Қазіргі қоғамда бұндай жағдай оның тұлғасына ғана емес, онымен қатар биліктің жоғары эшелонында қызмет істеген барлық партиялық кадрлардың қызметіне деген жатырқаушылық көзқарас» [3, Б.268] қазіргі кездегі ғылыми зерттеулерде басшылыққа алынып келеді. Осы мәселеге қатысты тарихи тұлғалардың биографиясындағы белгісіз болып келген түйткілдерді объективті қарастыру арқылы шешуге болатындығына көз жеткіздік. Сол үшін тақырыпта кеңестік қоғамдағы билік атрибуттарының біріне айналған партиялық-мемлекеттік номенклатура жүйесінің теориясы мен тәжірибесі методологиялық талдауды қажет етеді деп ойлаймыз. Саяси қуғын-сүргін куәгерінің жеке басының моральдық-психологиялық ахуалы оның қоғамдық-саяси қатынастары мен ресми идеологияның ұстанымдары мен партиялық билік жағдайындағы қазақ зиялыларының тағдыры жайлы қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Биографиялық тәсілдің әдістері арқылы қоғамдық ғылымдар саласында қызмет еткен ұлт қайраткерінің шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін С. Бәйішевтің өмірбаяны мысалында талдайтын боламыз.

«Тарих нақты тарихи ортада, белгілі бір уақыт шегінде жекелеген тұлғалардың әрекеті арқылы түзілетіндіктен осы ұштаған бірлікте жеке тұлғаның алар орны мен атқарар қызметі ерекше назар аудартады. Тарихи таным мен тәжірибеде осы мәселе ежелден ғылыми ойдың өзегіне айналған» [3, Б.269]. Тарихта жеке тұлғаның рөлі туралы антикалық тарихшы Плутархтан (ок. 45-ок.127) бері қарай назар аударылып келеді. мәселеге жаңа тұрпатты ұғым қалыптастырған тарихшы Т. Карлейль болатын. Ол тарихтағы ұлы тұлғалар өмірбаянына баса мән беріп, бұқара халықты ұлы тұлғалар әрекетінде соқыр әрі мылқау көмекші құрал деп бағалады. XVIII ғасырдағы Ұлы француз революциясында О.Г.Р. Мирабо геройдың рөлін орындады дей

келіп, ол ескі Францияның іргесін шайқалтты және құлауға дайын ғимаратты өз қолымен түпкілікті күйреуден сақтап қалды [20, Б. 220] деп бағалаған. Т. Карлейль тарихтағы геройларды маңыздылығының деңгейіне қарай герой-құдай, герой-пайғамбар (Мұхамед), герой-ақын (Данте), герой-пастыр (М. Лютер), герой-жазушы (Ж.Ж.Руссо). Тарихтағы геройлықтың ең жоғары деңгейі герой-көсем (О.Кромвель, Наполеон) [3, Б.269] деп жіктейді.

Тарихи тұлғалардың қызметі қоғамда орын алған өзгерістермен бағаланады. Осыған байланысты Н.А. Добролюбов (1836–1862) тарихи тұлғалар тарихи оқиғалардың дамуы барысына өз уақытында және өз халқында үлкен әсер етеді [21, Б.15] деп тұжырымдайды.

Демек, тарихи жағдайлар тарихи тұлғалардың әрекетіне, олардың тарих сахнасына шығуына себепкер болады екен. Содан да жеке адамның қоғамдық дамуға ықпал етуші тарихи тұлғаға айналуы оның дарыны, ерік-жігерімен бірге басқа да факторларды құрайтын оның қоршаған ортасына қатысты өрбиді. «Ұлы тұлғаның тарих сахнасына шығуы үшін де қажетті жағдайдың болуы, нақты айтқанда, қоғамдық өзгерістердің пісіп, жетілуі керек. Осы өзгеріс тұлғаны миллиондардың арасынан алға шығарады. Сол өзгерістің, тарихи оқиғалардың өрбуі барысына қоғамда ауқымды өзгерістер жасайтын тарихи тұлға ұлыға айналады, ол осы өзгерістің қажеттігін түсінген миллиондардың ұмтылысын іске асырады» [3, Б.270] деген тұжырым жасаймыз.

Қоғамдық қажеттілік кездейсоқтықпен тарих сахнасына шыққан тұлғаны басқа тұлға ауыстырғанда оның қандай рөл атқаратындығын болжап білу қиын. Оның ниеті, әрекеті қоғамдық-саяси тәжірибе барысында танылатын болады. Осыдан келіп «ұлы тұлғалардың тарих сахнасына шығуы қажеттілік пен кездейсоқтықтың кірігуінің нәтижесі болмақ. Солай дегенмен де, қоғамда бәрін шешетін ұжым емес, жеке тұлға, халық емес, елдің элитасы деген тұжырымдар В.И. Вернадскийдің (1863–1945) зерттеулерінде орын алғандығын атап айтуға болады» [3, Б.270].

Г.В. Плехановтың да ұлы тұлғалардың тарихтағы атқарған рөлі туралы пікірдері қызықты болып келеді. Ол ұлы тұлғалардың қызметі тарихи дамуға қаншалықты ықпал жасайды немесе тарихи дамуға басқа факторлар әсер етеді ме? деген сауалдардың жауабын іздестіру маңызды [22, Б.33] деп есептейді.

Жеке тұлғанының рөлі мен орынын бұқара халықтың әрекетіне қарсы қою тұжырымы негізсіз деп ойлаймыз. Өйткені тарихи тұлға бос кеңістікте пайда болмайды, ол бұқара халықтың арасынан шығады. Тарихи тұлға – осы жек адам мен бұқараның мақсат-мүдделердің жемісі. «Осы методологиялық негізді басшылыққа алып, зерттеу тақырыбымыздың басты нысаны болып отырған академик С.Бәйішевтің биографиясына талдау жасаудың басты мақсаты – оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасына талдау жасап, өмірбаянын ғылыми қалпына келтіру» [3, Б.270].

Осыған байланысты тарихи тұлғаның өмірбаянын ғылыми қалпына келтірудің методологиялық мәселесіне айқындық бергеніміз жөн.

Ғылымның әдістемесінің негізінде таным теориясы жатыр: таным теориясынсыз ғылыми ойлау принциптерінің жүйесін және оның әдістерін негіздеу мүмкін емес. Шындығында, таным теориясы біздің санамызға, біздің білімімізге, оның априорлы және эмпирикалық элементтеріне қосуға тиіс мағынасын белгілейді; біз оны жалған және кездейсоқ емес, сенімді және жалпы жарамды деп танитын түпкілікті негіздер, оның біздің әртүрлі идеяларымыз үшін біріктіретін мағынасы; жалпы және жеке туралы білімімізге беретін ғылыми мағына т.б. [23, Б.5] сияқты құрауыштарды қамтиды.

Қалай болғанда да, тарихи фактіні психологиялық тұрғыдан түсіндіру адам санасының табиғаты тұжырымында тек жалпы психологиялық алғышарттарды ғана талап етпейтінін есте ұстаған жөн. Жалпы алғанда, белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта әрекет ететін адамның әрекетін әлі де толық түсіну мүмкін емес. Тарихшы субъект әрекет еткен жер мен уақыт жағдайына енуі керек, тіпті субъектінің өзін нақты елестетуі керек, оған сүйене отырып, оның құрауыштарының сипаттамалық белгілері туралы өз алғышарттарын сәйкесінше жіктеу үшін оған әсер ететін сыртқы белгілері немесе оның нәтижелері, ықпал етудің қолайлы мотивтері, соның арқасында оны құруға болатындығын басшылыққа алуы тиіс.

Теориялық-танымдық тұрғыдан алғанда әрбір факт ол туралы біздің ойымыз ғана болғандықтан, тарихи фактіні қалпына келтіру белгілі бейнені құрастыру болып табылады, оның мазмұнында тарихшы ғылыми негіздемеге иелік жасайды. Алайда, көп жағдайда тарихшы шындықтың жеке ерекшеліктері туралы өзінің идеяларын емес, оның элементтері туралы басқа адамдардың идеяларын пайдалана отырып, тарихи бейнені жасайды [23, Б.481].

Факті қалпына келтіруде тарихшы өз идеяларының бір-біріне ұқсамайтын элементтерін факт деп аталатын бір тұтас бейнеге біріктіруге құқығы бар деп санайтын принциптер мен өлшемдерді және осындай байланысқа қол жеткізетін ғылыми операцияларды ажырата алуы керек. Шындығында, тарихи фактілердің күрделілігін ескере отырып, тарихшының өз идеяларының алшақ элементтерін бір тұтас бейнеге біріктіре алатын кейбір қағидалары немесе критерийлері болуы керек. Әйтпесе, ол аталған мәселенің аталған дәйекке емес, басқа дәйекке қатысты деген өз пікірін дәлелдей алмайды.

Олар мұндай бейнені бірте-бірте даралау процесіне негізделуі мүмкін, өйткені соңғысы тарихи білімнің міндеттерін, яғни шындыққа деген қызығушылықты қанағаттандырады. Шынында да, тарихшы өзінің қиялындағы тарихи бейнені сомдағанда, әдетте, әлі ет пен сүйегі жоқ «жансыз» идеядан бастайды; Тек бірте-бірте, кейде ұзақ және ауыр еңбектен кейін ғана ол өзінің жалпы идеясын нақты мазмұнмен толтыра алады. Содан кейін кескін өзінің бұрынғы анық емес сұлбасын жоғалтып, оған белгілі бір сипаттағы элементтер енгізіледі де барған сайын айқын және жанды сипат пен мазмұн алып, бір сөзбен айтқанда, барған сайын даралана түседі.

Тақырып бойынша зерттеуіміздің негізгі мақсаты – тарихи қалпына келтіру идеясының мәнін, оның құрамдас бөліктерін және сипатталған құбылыстың бүгінгі күні проблемалық деп санауға болатын салаларының өзегін көрсету. Жұмыстың негізгі идеясы - тарихи қалпына келтірудің дәстүрлі, қалыптасқан түсінігі қазіргі кезеңде көп сыналуы болашақта ол тұжырымның өзгеруіне әкелуі мүмкін екендігі.

Тарихи қалпына келтіру идеясының мәні мынада: тарихшы әр түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, өткенді бастапқы болмысында қалпына келтіруді мақсат етеді. Басқаша айтқанда, тарихшының құрылымдары негізінен өткенге сәйкес болуы керек. Қайта қалпына келтіру идеясын кем дегенде екі жолмен түсіндіруге болады.

Біріншіден: қайта қалпына келтіру идеал ретінде өткеннің негізгі өлшемдерінің көпшілігін ашу болып табылады. Бұл идеалды өткеннің инвариантты, процесстік емес табиғатына - ол бұрыннан болған және өзгере қоймайды деген көзқарас қуаттайды. Дегенмен, тарих ғылымының даму қисыны әдіснама мен гносеологияның күрделенуі зерттеудің әртараптануына, пәннің бөлшектенуіне әкелетінін көрсетеді, яғни біз парадокс туралы айтып отырмыз – тарих ғылымы неғұрлым күрделі және жетілдірілсе, соғұрлым одан әрі қарай жүреді. Бұл ұғым қайта қалпына келтіру идеясынан келіп шыққан.

Екіншіден, қайта қалпына келтіру - тарихты түсіндіру элементі ретінде қарастырылады. Мәселе мынада, фактіге негізделген белгілі бір теориялық конструкция тарихтың белгілі бір проблемалық саласының «соңғы» түсіндірмесі бола алады. Содан кейін қайта қалпына келтірудің сапасын рефлексия өлшемі арқылы бағалауға болады – тиісті тақырып пен дәлелдеу бойынша неғұрлым аз рефлексия болса, қайта қалпына келтіру соғұрлым толық бола түседі.

Қайта қалпына келтіру жолындағы қиындықтар көптен бері тарихшылар мен әдіскерлердің назарында болып келеді. Мысалы, А.Я Гуревич бұл тәсілдің тарих ғылымы үшін дәстүрлі екенін атап айтады: «Нысан әдетте біздің санамыздан тыс әлемнің үзіндісі ретінде түсініледі. Бұл «шын мәнінде іске асқан» тарихи өткен шақ болып саналады. Біз зерттеп отырған өткеннің үзіндісінің суретін оның барлық толықтығымен және шексіз алуандығымен, сансыз байланыстары мен тоғысуы арқылы қалпына келтіру мүмкін емес. Біз, тарихшылар, зерттейтініміз – дәл осы тақырып» [24, Б.562.] деп нақтылайды.

Сондай-ақ ол «тарихи қалпына келтіру – бұл тарихшының құрылымы, ол оны дереккөздерден алынған ақпараттар мен тарихи процесс туралы өз ойларынан құрастырады» [25, Б.437] деген тұжырымы қалпына келтірумәселесіне барынша айқындық бере түседі.

Бұл мәселе әсіресе тарих ғылымының конструкцияларының объективтілігі мәселесінде айқын көрінеді. Тарихшы мен ол зерттеп отырған объектінің тікелей өзара әрекеттесуінің мүмкін еместігі тарихи білімнің объективтілігіне күмән тудыруы мүмкін. Көптеген тарихшылар тарих

ғылымының екі жақты позициясын мойындауға мәжбүр [26] болатындығының мәнісі нақты тарихи болмыс пен ғылыми қалпына келтірілген тарихи жадарасындағы байланыстардан туындайды.

Тұлғатанудағы осындай зерттеу бағыттары аясында кеңес қоғамында отандық тарихтың дамуы мен қалыптасуына саяси-идеологиялық ықпал мен жеке тұлға арасындағы әрекеттердің нәтижесін анықтауға С. Бәйішевтің өмірбаянын ғылыми қалпына келтіру жұмыстары қызмет етеді.

Тарихты жасаушы – тұлға, тарихты жасаушы – бұқара халық деген бір-біріне қарама-қарсы методологиялық ұғымдар ақиқатты таныта алмайтыны белгілі. Ақиқат осы қайшылықты ұғымдардың бірлігінен туындайды.

Осы сияқты адамзаттың материалдық игілігі миллиондаған адамдардың еңбегімен жасалса, рухани шығармашылық қызмет – барынша индивидуалды болып келеді. Міне, осы жағдайда жеке тұлғаның қызметі көптеген адамдардың қызметінен маңызды болып шығады. Мәселенің түйіні әлдебір әрекеттің іске асуында адами фактордың қайсысы шешуші маңызға ие болады деген сауалдың жауабымен шешілмейді. Бұл сауалдар тарихи тұлғалардың сахнаға шығу себебін, оларға деген қоғамның қажеттілігін де түсіндіріп бере алмайды. Сондай себептермен де дәстүрлі танымда ұлы тұлғалар деп ғылымның, өнердің, т.б. қайраткерлері емес, көбіне қоғамдық-саяси сипаттағы қайраткерлер танылады [3, Б.271].

Кеңестік қоғамның тарихи тұлғалары партиялық-мемлекеттік номенклатура түрінде тарих сахнасына шықты. «Номенклатура» ұғымы есімдер немесе атаулар тізімі мағынасын беретіндігін ескерер болсақ, бұл ұғым кең мағынасында «тағайындалуы немесе бекітілуі жоғарғы органның құзырына жататын лауазымды тұлғалар тобы» [27, Б.338.] дегенді білдіреді. Партиялық диктатура жағдайында қызметке тағайындау «номенклатура» қағидасы бойынша партия органдарының шешімімен іске асқандығын білеміз. Номенклатуралық тағайындауда екі тізім қолданылған. Оның біріншісі Саяси бюро, КОКП ОК Хатшылығы тағайындайтын лауазымдар болса, екінші тізім КОКП ОК бөлімдері, басқа да партиялық құрылымдар тағайындайтын лауазымдар тізімі болатын. «Өз адамдарын тағайындау билігін қамтамасыз ететін» тетікке айналған бұл тізімдер Саяси бюроньң қаулысымен 1925 ж. енгізілген болатын [28, Б.149.]. «С. Бәйішевтің өмірі коммунистік партиямен тығыз бірлікті өткені белгілі. Биліктің жоғары эшелоньндағы, ғылыми-ұйымдастырушылық, шығармашылық қызметтері, лауазымдары ҚКП ОК бюросының бекітуі тиіс тізіміне енгендіктен де оның қызмет баспалдақтарындағы тағайындалуларының сырына осы жүйенің мән-мағынасына сай айқындық бере аламыз [3, Б.271].

Номенклатура - жоғарғы органдардың тағайындауына енетін лауазымдар тізімі [29, Б.68.] деп айқындалғанымен бұл анықтаманың өзі тағайындау құбылысының мәнін толық ашпайды. Ұғымға берілген «Кадрлары жоғары тұрған инстанциялармен бекітілетін лауазымдар тізімі, осындай тізімге енетін лауазымдар: осындай лауазымдағы қызметкерлер» [30, Б.224.] деген анықтама да ұғым айқындығы үшін жеткіліксіз. Ұғым мәніне барынша

жақын анықтама «Номенклатура – кандидатурасы тиісті партия комитетінде (аупаратком, қалалық, облыстық партия комитеттері) талқыланып, ұсынылып және бекітілетін барынша маңызды лауазымдар тізімі» [31, Б.9] деп ойлаймыз.

Номенклатураның тарихи және саяси мәнін академик А.Д. Сахаров «Елде тиісті әлеуметтік зерттеулер жүргізілмеді, әлде оларды құпия ұстады, сонда да мынаны атап айтуға болады, 20-30 жылдардың өзінде және түпкілікті соғыстан кейінгі жылдары біздің елімізде өздерін өздері «номенклатура» деп атайтын, Джилас «жаңа тап» деп атаған ерекше партиялық-бюрократиялық әлеуметтік топ қалыптасты» [32, Б.19.] деп ашады.

Академик Сақтаған Бәйішевтің өмірбаянына қайтысты архив құжаттары мен шығармашылығын зерттеудің дереккөздері ретінде қолдана отырып, тұлғаның номенклатуралық жүйедегі тұлғалық болмысына талдау жасаймыз.

«Тұлғалық тарих – тарих ғылымындағы жаңа бағыт. Тұлғалық тарихтың зерттеу пәні – «... қайталанбастығы мен толықтығы қамтылған «бір өмірдің тарихы» [3, Б.271] деген тұжырым тақырыптың зерттеу бағытын нақтылайды.

Ресейлік тарихшы Л.П. Репина тұлғалық тарихқа қатысты зерттеулерінде «в нашей «портретной галерее» нашлось место и для крупных исторических деятелей, и для лихих авантюристов, и для знаменитых писателей, и для образов святых» [33, Б.16] деген тұжырым жасайды. Ресей тарихшыларының тарих бағыттарындағы зерттеулерінің нәтижелері әртүрлі болғанымен, олардың барлығының алдан шығатын методологиялық проблемалары ортақ болып келеді. Ол проблема тұлғалық тарихтың геройын таңдаудан туындайды. Бұндай методологиялық проблемалар отандық тарихнамаға да тән. Тарихи тұлғатануда көбіне «жарқын» тұлғалар алдыңғы шепке шығарылып, қосалқы мәнге ие болған тұлғалар кейінгі кезекке сырғып отырады [3, Б.277]. Соңғы кездегі отандық тарихшылардың назары француздың анналдар мектебінің өкілдерінің зерттеулері сияқты типтік тұлғадан нақты адамға ауа бастады.

Тұлғалық тарих нысанын таңдауға байланысты ресейлік тарихшы Д.М. Володихин «годится биография индивидуума любого калибра... лишь бы источники давали возможность по настоящему глубоко заглянуть в его внутренний мир» [34, Б.21] деген тұжырым жасайды. Ал Ю. Л.Бессмертный зерттеу нысанын таңдауға қатысты «...на первом плане поиска – конкретный человек, его индивидуальное поведение, его собственной выбор... ..он интересуется нас сам по себе...» [35, Б. 23] деген тұжырым ұсынады.

Демек, тарихи тұлғатанудың кейіпкерін таңдағанда көптеген сауалдар алдан шығады. Айталық, нақты тұлға тарихтың мүмкін мәнді кейіпкері бола алады ма? Бола алса зерттеу тақырыбыны аясын кеңейтудің қажеттілігі бар ма? Жеке тұлға тарихына бағытталған бұқаралық мәдениет жасаудың керегі бар ма? Сонымен бірге әрбір тірі пендеге немесе марқұмдардың бәріне

тұлғалық тарих жасаудың керегі бар ма? Осындай сауалдардың жауабы жеке тұлғаның тарихын жасау немесе жасамау қажеттілігін анықтайды.

Осыған қатысты «...тұлғалық тарихты ат төбеліндей арнайы мамандарға емес, білімді адамдардың үлкен аудиториясына арнау керек» [36, Б.260] деген тұжырым орныққан. Осы тұжырымға байланысты тұлғалық тарих пен кең ауқымды тұлғатанудың аражігін ажыратып алуымыз керек. Ресейлік тарихнамада тұлғалық тарих кең мағынада қолданылады. Олар тұлғалық тарихты таңдаулы тарихи тұлғалардың және кез келген қарапайым адамдардың тарихы деп жіктейді. Содан да әр адамның жеке тарихы – тарих ғылымындағы жеке, нақты адамның тарихын қалыптастыру арқылы оның тарихи жадтан орын алуын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми бағыт [3, Б.272].

Тұлғалық тарихтың зерттеушілерінің бірі Д.М. Володихин зерттеуде жауабы ізделетін мынадай сауалдарды алға тартады: жеке тұлға «қалай сүйді, өмір сүрді, трансценденцияға қалай қарады, оның өзі үшін өмірдің мәні (тәсілі, стилі) қандай болды, неге басқаша болмады? Ол өзі үшін басты өмірлік мағынаны (мәнді) қанша рет таңдады, өз таңдауына қаншалықты адал болды? Нәтижесінде ол өзінің тарих жадынан өшпейтіндігіне бейімделу проблемасын қалай шешті және шеше алды ма?» [34, Б.20]. Осы сауалдардың жауабына қарай зерттеуге нысан болған кейіпкердің әрекеті мен шығармашылығы бағаланатын болады.

С.Бәйішев партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі екендігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Ол осы жүйенің туындысына айналды. Номенклатуралық тағайындау 1923 ж. партияның XII съезінде «Ұйымдастыру мәселелері туралы» қарармен заңдастырылды. Онда басқару салаларындағы бос лауазымдарға осы қағида бойынша тағайындайтын болды. Одан әрі қарай РК(б)П ОК Ұйымдастыру бюросы және іріктеу, орналастыру ісіне партиялық монополия орнатты.

Осылайша, қоғамдық-саяси және мемлекеттік, шаруашылық салаларына партиялық басшылық неғұрлым күшейген сайын кеңес өкіметінің билігі де нығая түсті. Бір-бірімен тығыз байланысты бұл екі фактор партиялық-мемлекеттік номенклатура түріндегі билеуші саяси-әлеуметтік топты саясат сахнасына шығарды. Әрине, интернационалдық негізде қалыптасқан бұл билеуші топтың өзегін еуропалық ұлттардың өкілдері құрағандықтан оның қызметінің саяси тәжірибесінде ұлттық бағдар алдыңғы орынға шыға қоймады. Әйтсе де қоғамның даму заңдылығы өз дегенін іске асырды: аталған партиялық номенклатура ұлт аймағында өз саясатын іске асыру үшін жергілікті ұлттың интеллектуалдық күштеріне сүйенуге мәжбүр болды. Бұл үдеріс өз кезегінде Қазақстандағы кеңестік биліктің сыртқы түріне аз да болса ұлттық сипат бере бастады. Биліктің жоғары эшелонына енген жоғарыда аталған ұлт қайраткерлері осы номенклатуралық жүйенің өткелегінен өткен «жемісі» еді [3, Б.273].

Осындай басқару тетіктері «Бір жағынан ол кадрлық аппараты бар томаға-тұйық иерархиялық ұйым, екінші жағынан ол көп миллиондық

мүшелік құрамы бар ашық бұқаралық партия. Содан да партияның элитасы, белсенділері өздерін «партияның ішіндегі партия» сияқты сезінді» [37, Б.139]. Осы басқару тетіктері коммунистік партияны елдегі жалғыз ғана билеуші мемлекеттік органға айналдырып шығарды. Осындай тәсілдермен коммунистік партия мемлекеттің ішінде «жаңа үлгідегі мемлекетке» айналып шыға келді.

Большевиктік партияның кеңестік билікті нығайту жолында партиялық-мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға баса мән беруі алысты болжаған стратегиялық саясат болатын. Сол үшін де С. Бәйішевті ұлт аймақтары үшін кеңестік үлгідегі партия және мемлекет шенеуніктерін дайындау бағдарламасының «жемісі» болды деп айта аламыз.

Қызметтік өрлеуінде партиялық сүзгіден өтіп шыққан С. Бәйішевтің партия институтының директоры, республикалық газет редакторы болған кезі қуғын-сүргін саясатының шарықтаған кезі - «Үлкен террорға» тап келді. Осы кезде С. Бәйішев «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторлығымен қатар «Коммунист» журналының редакторлық алқасы мүшелігін де атқарды [38, 29-п]. Республиканың басты басылымы – партиялық биліктің баспасөз органы ретінде «Социалистік Қазақстан» сталиндік саяси қуғын-сүргіннің шынайы мақсатын бүркемелеп, партияның ұстанған бағытын насихаттаудың үлгісі [3, Б.273] болғандығы белгілі. Осындай аса күрделі жағдайдағы «республиканың бас басылымының» басшысы болуы да С. Бәйішевтің болмысын барынша күрделендіре түседі, оның қоғамдық-саяси қызметіне деген көзқарастың саяси бояуын қалыңдата түседі.

С. Бәйішевтың салалық институтты басқару кезеңінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірі мен экономикасында елеулі өзгерістер орын ала бастады. Осы өзгерістерді насихаттау мақсатында ол терең ізденістерінің барысында көптеген ғылыми-практикалық конференциялар мен түрлі жиындарда баяндамалар жасап, сөз сөйледі және ғылыми мақалалар жариялады. Нәтижесінде Қазақстанның социалистік индустриализациясына басымдылықпен ден қойып, онда ғалымның Қазақстанды халық шаруашылығы дамуының жолдарын талдап, болашақтағы индустриализацияның тоқтаусыз даму жолдарын зерттеді, өз болжамдары мен ұсыныстарын жасап отырды. Бұл қайткенде еліміздің жер асты байлығын өз күшімізбен өндіріп, оны халық игілігіне жұмсау мәселесін көрсетуге тырысқан ғылыми-шығармашылық ерлігі еді [3, Б.274].

С.Б. Бәйішевтің 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияда жасаған баяндамасында сол кездегі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы С.Ф. Мажитов Б. Бәйішевтің ғылыми бағытын қалыптастырудың алдағы міндеттері қатарында сегіз мәселеге баса, арнайы тоқталған болатын. Біздің диссертациялық зерттеуіміз осында белгіленген бірқатар міндеттерді іс жүзінде шешуге бағытталғандығын атап айтамыз. Бірінші міндетке сай С.Б. Бәйішевтің қызметі мен мұрасын диссертациялық зерттеу тақырыбы етіп алдық. Диссертациялық зерттеуімізде сол

конференцияда көтерілген бірқатар міндеттерді шешуге тырыстық. Атап айтқанда, диссертациямызда С.Б. Бәйішевтің тарихи көзқарастарына талдау жасалатын болады. Сонымен бірге С.Б. Бәйішевтің Қазақстан тарих ғылымының қалыптасуындағы және кәсіпқой тарихшы кадрлар қалыптастырудағы үлесіне баға беру. Салалық институт басшысының бәйішевтанудағы көтерген сегіз мәселенің [39, Б.32–33] үш міндетін диссертациялық зерттеуімізде қамтуға тырыстық. Солай дегенмен де зерттеу барысында көзіміз жеткен ақиқат С.Б. Бәйішевтің есімін ұлықтаудағы ең бастысы – оның ғылыми мұрасы десек, сол ғылыми мұраны және азаматтық өнегесін бір диссертацияның ауқымында түгел және толық қарастыру мүмкін емес екендігіне көз жеткіздік. Демек, біз бәйішевтану бағытының бастапқы міндеттерін ғана шеше аламыз, ал оны тыңғылықты және тиянақты зерттеу алдағы уақыттың, сонымен бірге жаңа буын қоғамтанушылардың үлесі болмақ деп ойлаймыз. Өйткені С. Бәйішев сияқты шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметі көпсалалы болып келетін қайраткер-ғалымды тұлғаландыру пәнаралық байланыстар тоғысында жан-жақты және терең зерттеуді қажет етеді.

Тұлғаларды тану мен танытудағы басты өлшем бірлігі -ұлттық мүдде. Яғни, - ол тұлға ұлты үшін не істеді деген сауалдың жауабына қатысты. Кейбір зерттеушілер партия-кеңес қайраткерлерін біржақты айыптайды. Саяси қызметкер ретінде қызметіне берілетін баға оның қызметінде ұлтқа қандай, қаншалықты зиян келгендігіне қатысты нақтыланады.

«Дүниежүзі тарихының тұжырымдамасы мен мазмұнын ұлттық тарихты оқытуды толықтыру үшін қайта қарау керек, керісінше емес» [40] деген тұжырым Отан тарихының мазмұнын жаңартудың қажеттігінің көтеген себептерінің бірін айқындайды.

Қазіргі кезде отандық тарих ғылымының методологиясында жаңару процесі жүріп жатыр. Ұлттық тарих методологиясына осындай жаңалық ұсынған Еркін Әбілдің мынадай тұжырымына назар аударайық. Оның айтуынша қазіргі кезде методологияда мынадай принциптерге басымдық беріледі: Бірінші, ұлттық тарихтың басымдылық принципі. Оның мәні ұлттық тарих дүниежүзілік тарихтың бір бөлігі ретінде қарастырылады. Дегенмен, ұлттық тәрбие жүйесінің басты міндеті – ұлттық сананы, ұлттық болмысты қалыптастыру, сондықтан тарихты оқыту осы міндетке барынша бағындырылуы тиіс. Екінші, тұтастық принципі. Бүгінгі таңда ұлттық тарих екі жоспарда қарастырылады – аумақ тарихы және қоғам тарихы. Бұл ұлттық тарих пәні, шамамен айтқанда, «Қазақстан тарихы» немесе «қазақтар тарихы» тақырыбын талқылаумен байланысты. Бұл екі тәсіл де ұлттық тарихты шектейді және қазіргі шекаралардың салыстырмалы түрде жақында қалыптасқанын, ал қазіргі этникалық топтардың да тарихи өлшемдер бойынша салыстырмалы түрде қысқа тарихы бар екенін ескермейді. Сонымен бірге бұл тәсілдер Еуразиядағы көшпелі қоғамдар дамуының тұтас бейнесін жоғалтады. Сонымен қатар, ұлттық тарихты қазіргі бейнелеуде дискреттілік пен бөлшектену байқалады.

Үшінші, үздіксіз даму принципі. Жаңа тұжырымдама тарихты бейнелеу мен оқытудағы прогресс пен өзгерістерге баса назар аударады. Негізгі идея – Еуразияның көшпелі қоғамдарының материалдық және рухани мәдениетінің өзгермейтіндігі туралы қазіргі кездегі басым идеяны жоққа шығару. Бұл идеялар нақты жағдайға байланысты емес, бұл қоғамдардағы даму процестері туралы ақпараттың жеткіліксіздігімен байланысты. Сонымен қатар, қоғамда және ғылымда қалыптасқан «көшпелі» қоғамдардың технологиялық жағынан артта қалуы және олардың дербес дамуға қабілетсіздігі туралы қалыптасқан стереотип те рөл атқарады [40]. Демек, отандық тарихтың тұлғатану бағытындағы зерттеулерді өзектендіруге қатысты жаңа әдістемелік ұстанымдар орнығып келе жатқандығы байқалады.

Қорыта айтқанда, отандық тарихта тұлғатану бағытындағы зерттеулерде орын алып отырған игерілмеген тақырыптар, жасалуы, жаңартылуы тиіс тұжырымдар түріндегі кейбір олқылықтар мен кемшіліктер бар екендігі айқындалды. Соңғы жылдары ғылыми айналымға ұсынылған орасан зор деректік кешен тарихи тұлғатану бағытындағы ауқымды зерттеулерге кең мүмкіндіктерге жол ашып отырған жағдайда осы бағыттағы зерттеулердің методологиялық негізін, зерттеу әдіс-тәсілдерін жаңарту қажеттігі айқын сезіліп отыр. Академик С. Бәйішевтің өмірбаянына қатысты тұлғатанулық зерттеулермен шектеліп қалмай, оның өнегесін тарихи танымды жаңалауға қолдану қажеттілігі де осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыруды қажет етеді деп білеміз.

1.2 С. Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметінің зерттелуі мен дереккөздері

Осы тақырып бойынша қолдағы деректерге талдау жасау арқылы академиктің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының зерттелуіне шолу жасау диссертацияда алға қойған міндеттерімізге сай нәтижеге қол жеткізуімізге мүмкіндік береді. Соңына елеулі ғылыми мұра қалдырған көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев кеңестік қоғамның ғылымдағы терең білімімен, қоғамдық-саяси қызметімен дараланған қайраткерлердің бірі еді.

С. Бәйішұлы 1909 жылдың 1 қазанында, ескі күнтізбе бойынша 13 қазанда қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы №1 ауылда, қазіргі Ақжар ауылында туған.

Әкесі Бәйіш Темірбекұлы ескіше хат танитын, ел ішінде сый-құрметке ие адам болған, әйелі Дәмелі Арыстанбекқызы екеуі бес ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген. Сақтаған олардың кенже ұлы еді. Әкесі Б. Темірбекұлы оқуға бейім кенжесін 1920 ж. күзінде бұрынғы Жем-Байсары болысының №1 ауылынан (қазіргі Байғанин ауданы, Ақжар ауылы) Темір қаласындағы жеті жылдық орыс-қазақ мектебіне оқуға берген [41, Б.97].

Темір қаласында жеті жылдық мектепте оқыған С. Бәйішевтің білім алу кезеңі елде халық ағарту ісін жандандыру қолға алынған уақыт болатын.

Бұл кеңес өкіметінің жаппай еңбек мектептерін ашып, сауатсыздықты жою саясатын іске асыра бастаған кезең еді.

Сақтаған Бәйішұлы мектептегі кезінен бастап қоғамдық, мәдени-ағарту істеріне қызу араласып, кеңестік жүйенің қоғамдық-саяси ұйымдар иерархиясының сатыларынан түгел өтіп шыққан. 1922 ж. пионер ұйымына, 1924 ж. комсомол мүшелігіне, 1928 ж. коммунистік партия қатарына қабылданған.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қоғамдық-саяси әдебиеттермен танысып, алғашқы мақаласы 1925 ж. мектеп қабырғасында жүргенде «Жас кайрат» қабырға газетінде жарияланған екен.

Ол комсомол жұмысына жастай араласып, 1927 ж. арнайы шақырумен Орталық Қазақстанға Қарсақпай мыс қорыту зауытына келіп еңбекке араласады. Бір жылдай Қарағанды облысындағы Қарсақпай аудандық жастар ұйымының бюросын басқарады. Бұдан арғы қызметі Арыс, Түркістан, Шымкент қалалары, Славянка жерлерінде жалғасады. Өмір мектебінде де Сақтаған Бәйішев аудандық жастар ұйымының жауапты хатшысы болып, жастар арасында сан-салалы жұмыстар атқарады. Ол нақ осы жылдары байкулактар және олардың сыбайластарымен кескілескен, ымырасыз күрес жүргізген жаңа үлгідегі билеуші тап - партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі ретінде идеялық жағынан шындалып, қалыптаса бастады. Ұжымдастырудың қиын жылдары жас азаматтың жауапты саяси қызметтер атқаруы оның мінез-құлқын орнықтырып, партия ісіне араласуға деген сенімін нығайтады.

1928 ж. С. Бәйішев Шымкент облысы Түркістан қаласындағы және Қарсақпай аудандық БЛКЖО комитеттерінің жауапты хатшысы, артынша небәрі жиырма бір жасында Шымкент қаласында Сырдария округтік партия комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарады [38, 97-п.].

1930 ж. Оңтүстік Қазақстан облысы Славянка поселкесіндегі Махтаарал аудандық жастар арасындағы ұйымдастырушы, өзінің өнегелі істерін жандандырып, саяси және азаматтық жауапкершілігін шындай түседі. 1930 жылдың соңында республика комсомол ұымының «Лениншіл жас» газетіне редактордың орынбасары, сонымен қатар бөлім меңгерушісі болып тағайындалады [38, 97-п.].

Ғалым өз уақытындағы ауыр әрі қоғам мен халық арасындағы күрделі саяси байланыстарды, ұйымдастырушылықты қажет ететін басшылық қызметтерді орнықты да берік жүргізу мәселесіне жиырма үш жасында-ақ араласа бастайды. Бұндай жаста әрине, тек жас маман ретінде ғана тәжірибе жинақтап немесе оқу орындарында білім алатын шақта жауапкершілігі аса мол істерді бар ыждахаттылығымен орындай отырып, қойылған міндетті жан-жақтылығымен жүзеге асыра білуі оның өзіне деген сенімділігі мен партия ісіне бейімділігін көрсетеді.

Осындай саяси қызмет баспалдақтарынан өткен С. Бәйішев 1931 ж. Ташкент қаласында Қызыл Армия қатарында тоғызыншы атқыштар полкінде міндетті әскери қызметін атқаруға шақырылады [38, 1-п.].

Бұл, әрине ғалымның кейінгі өміріндегі Ұлы Отан соғысы жылдарда көрсеткен ерліктері мен саяси істерді басқарған қызметтеріне мол дайындықпен баруына себепкер болды. Әскери қызметін атқара жүріп ол жоғары оқу орындарына дайындайтын кешкі бір жылдық курсты да тәмәмдап алады. Сөйтіп, 1933 ж. күзінен бастап Алматыдағы сол кездегі танымал үлкен оқу орындарының бірі болған, Марксизм-ленинизм институтына оқуға түсіп, оны 1937 ж. үздік бағамен бітіріп шығады [41, Б.97].

С. Бәйішевтің аталған институтты үздік бітіргендігі туралы архив құжаттарында оның институтқа 1933 жылы түсіп, 1937 жылы бағдарламадағы мемлекеттік емтихандарды үздікке тапсырғандығын айғақтайтын куәлік сақталған [42, 5-п.].

КСРО-ға қарсы әлемдік империалистік күштердің басқыншылық жоспарының іске асуы Ұлы Отан соғысы болды. Жасанған неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыстың алғашқы кездерінде кеңестік Қызыл Армия көптеген шығынға ұшырағаны белгілі. Адамзат өмірін астаң-кестеңін шығарған сұрапыл соғыс ерлерін майданға аттандырып, әйелдерін қара жұмысқа жеккен аласапыран бес жылы өмір мен өлімнің арасындағы арпалыс еді.

1941 ж. аяғында Қазақстанда 105, 106 және 96 атты әскер дивизиялары мен 100, 101-дербес атқыштар бригадасы, яғни бес ұлттық әскери құрамалар құрылды. Соның ішінде 100-дербес атқыштар бригадасының комиссары «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы болып жүрген жерінен, қан майданға өз өтінішімен сұранған Сақтаған Бәйішев тағайындалды [42, 14-п.].

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстаннан шыққан әскери құрамалар тарихы өзінше бір үлкен зерттеу жұмысы болып жарыққа шыққан. Белгілі ғалымдар Т. Балақаев пен Қ.С. Алдажұмановтың «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде» деп аталатын кітабында нақты деректерге негізделген еңбекке сүйенсек бұл құрамаларды құруға 20311 адам шақырылып, 12601 ат, 1934 көлік бөлінген [43, Б.113].

1941 ж. Мәскеу түбіндегі шайқаста қазақстандық Кеңес Одағының Батыры генерал-майор И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның қатарын толықтыруға жаңа құрылып жатқан 100-дербес атқыштар бригадасының 1700 жауынгерлері мен кіші командирлері алынды.

Екінші рет 1942 ж. 18 сәуірде 8 гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамын толықтыруға 100-дербес атқыштар бригадасының құрамынан қазақжауынгерлерінен 594 жауынгер жіберілді. Олардың қатарында Төлеген Токтаров, Жұмахан Батталов сынды болашақ Кеңес Одағының Батырлары да болды [43, Б.122].

100-дербес атқыштар бригадасының командалық және саяси қызметкерлер құрамын толықтыруға да Қазақстан республикалықпартия ұйымы мен үкіметі бригаданың командирлер құрамына партия, совет және комсомол қызметінде жүрген, ең таңдаулы қазақ жастарын жіберген болатын. Солардың бірі аталған бригаданың әскери комиссары С. Бәйішев

болатын.

1942 ж. 12 қаңтарда бригада жауынгерлері салтанатты түрде ант қабылдайды да 12 сәуірде жазғы лагерьге шығып, үлкен Алматы өзенінің бойында, «2-бесжылдық» колхозының маңына орналасып, әскери жаттығулар жасап, үнемі дайындық үстінде болады.

1942 ж. 7 шілдесінде бригадаға салтанатты түрде Қызыл Ту тапсырылып, осы жылдың 9 тамыз күнгі шешім бойынша 100-дербес атқыштар бригадасының алғашқы эшелоны 1-Алматы бекетінен майданға аттанады.

С. Бәйішев бригадасының құрамында болашақ Кеңес Одағының батыры М. Мәметова да бар болатын.

1942 ж. 19 қазанда 100-дербес атқыштар бригадасы Калинин майданы қолбасшысының қарамағына беріліп, осы майданның 39-армиясының құрамына кірді. Ал 25 қарашада бригада Молодой Труд өзені мен деревнясы маңында алғашқы шайқасқа кіреді. Бұл алғашқы ұрыста бригада құрамындағы бөлімдер көп шығынға ұшырап, 4-атқыштар батальоны 80 пайыз шығынға ұшырайды.

Осы кезде 100-атқыштар бригадасының саяси бөлімі командирінің орынбасары С. Бәйішұлы қарамағындағы әскерлерге ақыл кеңесін беріп, саяси әңгімелер жүргізіп, сержанттар мен офицерлерді алдағы шабуылдарға шығудың айла-тәсілдеріне үйреткен еді.

С. Бәйішев осы кезде соғыс барысы туралы жазған «Казахский народ грудью защищает Родину» атты мақаласында жаумен табан тірескен шақтағы қазақ жауынгерлерінің, қазақ халқы өкілдерінің ерлігін паш етті [44].

Сондай-ақ С. Бәйішевтің қарамағында жас та болса осы қиын кездерде өжеттігімен көзге түскен М. Мәметова да ержүректігімен таныла бастады. М. Мәметова ауыр ұрыста жүрсе де өз еркімен кез-келген батальонға алдыңғы шепке жіберуін өтінеді, С. Бәйішев өжет қыздың тілегін орындап екінші батальонға санинструктордың орнына жібереді. Онда М. Мәметова тек жаралыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетумен шектелмей жараланған пулеметчиктердің де алмастыра алады.

Невель қаласын неміс басқыншылары 1941 ж. 6 шілдеде басып алып, аттай екі жыл үш ай ұстаған. Қаланы жаудан азат ету тек 1943 ж. 6 қазанда ғана мүмкін болды. Оны басқыншылардан тазарту үшін көптеген құрамалар атсалысты, олардың ішінде алдыңғы шепте 28-ші, 21-ші және 100-атқыштар дивизиялары болды. Жау әскерлері қаладан қуылғаннан кейін біраз уақыттан кейін немістер қаланы қайта басып алуға кірісті. Бірақ әскерлер фашистерді ішке ендірмей, қасқайып тұрып қарсыласты. Осы Невель қаласын жаудан қорғау қантөгісінде көптеген жауынгерлер мен командирлер жан тапсырды. Солардың бірі пулеметчик Мәншүк Мәметова болса, екіншісі мерген Ибрагим Сүлейменов еді. М. Мәметова «Максим» пулеметымен көптеген фашистерді жер жастандырып барып, 15 қазанда ерлікпен қаза тапты. Ал, мергендікөнерімен ешкімге теңдесі жоқ И. Сүлейменов 289 неміс әскерінің көзін жойды. Бүгінде Невель қаласында екі көше қазақстандық Кеңес

Одағының батырлары М. Мәметова мен И. Сүлейменов атына берілген [45 Б.72].

Бұл туралы С. Бәйішев «Қымбатты Невель қаласының тұрғындары! Кеңес әскері Сіздерді фашист басқыншыларынан азат етті. Невельді азат етуге көптеген құрамалар қатысты» [46, Б.33] дей келіп, осы шайқаста қаза тапқан қазақ жауынгерлерін еске салады.

С. Бәйішев Ұлы Жеңістің 35 жылдығы кезінде Невель қаласына барғанда «Невель үшін шайқаста бригаданың көптеген жауынгерлері мен командирлеті қайтыс болды. Осы зиратта пулеметчик Мәншүк Мәметова мен снайпер Ибрагим Сүлейменов жатыр – дей келіп, Осы сапта тұрған Кеңес Армиясы жауынгерлері бәріміз қазақпыз. Біздің Отанымыз Қазақстан. Қазақ халқының атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан бұлжымас төрт өсиеті бар. Бұл өсиеттер: Отанды қорға, әйелдерді ұлықта, қарттарды құрметте, достарды сыйла. Бұл өсиеттерді бұзған адам қазақ саналмайтын. Қазақ халқының ұл-қыздары өз Отанының ұлан-байтақ жерін жау шабуылынан қорғау үшін жастайынан атқа мінуді, садақ атуды, найза мен қылышты қолына мықтап ұстауды үйренді. Бесіктен белі шықпай жатып әскери іске машықтанды» [45, Б.73] деп жалынды сөз сөйлеген.

1943 ж. сәуірде КСРО Жоғары президиумы қаулысымен Мәлік Ғабдуллинге Кеңес Одағының батыры атағы берілді. М. Ғабдуллин Кремльде наградталғаннан кейін Алматыда демалыста болып қайтады. Кейін әскерилер арасында кездесулер ұйымдастырылып, майдандағы ерліктері туралы әңгімелер айтады. Онда ол Төлеген Тоқтаровтың көзсіз ерлігін баяндайды. Артынша солдаттар батырға Алматыдағы егін орағы қандай болды, Жамбылды көрген бе, қазір ақын қандай тақырыпта өлеңдер жазуда деген сұрақтар жаудырады. Оған Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин неше алуан сұрақтар астында қалып жауап беруге үлгермей жатқанда С. Бәйішев іле-шала батырдың сөзін жалғастыра келіп: «Осы шайқастарда майор Ғабдуллиннің әскери іс-қимылдары сіздерге үлгі болсын» [45, Б.160] деп жауынгерлерді жігерлендіре сөз сөйлейді.

С. Бәйішұлының соғыс жылдарының негізгі қанды шайқастарының бірі, 1943 ж. басында жаудан жаңа ғана азат етілген Великие Луки қаласының батыс жағындағы шепте тұрған кезеңі еді. Фашистер қаланы қайтарып алу үшін 5 январь күні қарсы шабуыл ашты. Жау бригада шебіне көп танк жіберген. Бригада командирі подполковник Е.В. Воронов оққа ұшып, осы қиын-қыстау жағдайда командирдің саяси жұмысы жөніндегі орынбасары подполковник С. Бәйішевтің бригаданы басқаруына тура келді. Бригада кешке дейін табан тіресіп шайқасты. Сержант Рымбек Байсейітов (кейін Қазақ ССР Финанс министрі болған – Б.М.) взводының артиллеристері Әбдірахман Бимурзин, Мырзаби Ерназаров, Мұқан Омарбеков т.б. жаудың 8 танкін өртеп жіберді. Осындай қырағы да сақ басқаруда табанды күрестің арқасында фашистер қанша ұмтылса да Великие Луки қаласына қайта беттей алмады [46, С.196].

1943 жылдың көктемінде Великие Луки қаласының іргесінде Ступино

тауының етегінде қорғаныста болған 100 атқыштар бригадасында әскери міндетін атқарып жүрген Ә. Нұршайықов бригада орналасқан Трулино деревнясына жедел шақырылады. Бригадалық газеттің редакторы, капитан Қасым Шәріпов Жамбыл Жабаевтың газетке басылған «Балама хат» деген өлеңін Әзілхан Нұршайықовтың қолына ұстатады. Ол Жамбылдың майдандағы баласы Алғадайға, оның жолдастарына жолдаған хаты еді. Ә.Нұршайықовқа 100-қазақ атқыштар бригадасының Жамбылға жауынгерлік рапорты тәрізді хат жазу керектігі тапсырылады.

Сержант Нұршайықов үш күн отырып, «Атамыз Жамбыл ақынға» деген ұзақ өлең жазады [47, Б.33]. Онда жаяу әскер сержанты Қарабек Бұрышевтың, артиллеристер Әбдірахман Бимурзин мен Мырзаби Ерназаровтың, бригада мергені Ыбырайым Сүлейменовтың және басқаларының ерліктерін Жамбылдың өз жырына қосуын тілек етіп, аяғын былай аяқтайды:

Сұм фашисті, атажан,
Қарыс сүйем ілгері
бастырмаймыз, жеңеміз.
Сіз арқылы халыққа
Осылай серт береміз»

Бұл хатқа 100-атқыштар бригадасы командирлері мен жауынгерлерінің, саяси қызметкерлерінің атынан 25 адамның қолы қойылып, Қазақстанға жіберіледі.

Арада екі ай өткен соң 1943 жылғы мамырдың аяқ кезінде, Алматыдан Жамбыл Жабаевтың 100-бригада майдангерлеріне арнаған «Жүз жасаған жүректен» атты өлеңмен өрілген жауап хат келеді:

«Уа, қарағым, балалар,
Ер бол демей не дейін.
Ереуілді майданда
Үстем болсын мерейің...
Жүз жасаған жүректен
Жырларымды төгейін.
Көктемнің күніндей
Жауды жеңіп, күлімдеп,
Келгеніңді көрейін.
«Қаһарманым! Күнім! деп

Беттеріңнен өбейін!» деген Жамбыл Жабаевтың өлең жолдары бүкіл бригада, батальондар, дивизиондар, рота жауынгерлеріне өз әкесінің сөзін естіп тұрғандай етіп сезіндіріп, оларға ерекше бір қуат береді. Бұл сөздерді пулемет батальонының сапында тұрып, Кеңес Одағының болашақ батыры М. Мәметова және аты аңызға айналған, атақты мерген Ыбырайым Сүлейменовтер де тыңдап, өлеңнің шарықтаған қуанышты сәттеріне куә болған еді.

Бұл хаттардың келуі жас жауынгер үшін сол кездері үлкен мақтаныш, әрі қуаныш болды. 1943 ж. бригадалық газет бетіне Қазақстанның Петропавл

қаласынан жазған Ғалым Малдыбаевтың «Майдангерге сәлем» деген өлеңі басылып шықты. Өлеңде алдымен Ә. Нұршайықовтың және подполковник С. Бәйішевтің аты аталады [48, Б.170]. Әрине бұның ұйымдастырушысы, осынау үлкен дүрілдеген өлеңнің атының асқақтауы, соғыс уақытындағы өлең түгіл өмір мен өлімнің табалдырығында жүргендер үшін Ә. Нұршайықовтың есімі авторы ретінде танымал болуына себепші С. Бәйішев еді.

1944 ж. Калинин майданында әскерлер неміс-басқыншыларының үлкен тобына шешуші шабуыл жасады. 11 шілдеде 145-атқыштар дивизиясына ГлавПУРКА өкілі болып С. Бәйішев келді. Онда Литва территориясын неміс басқыншыларынан азат ету кезінде фашистердің Швента өзені арқылы қатігездікпен шабуыл жасап, Оникшты қаласын алмақшы болған күшті шешуші ұрысы болады. 15 шілденің таңсәрісінде Оникшты қаласын алу үшін анталаған немістермен бірге олардың қаптап келе жатқан 20 шақты танкісімен бірге жаудан тазарту оңайға түспеді. Басында жүрексінген жауынгерлерді ұрыс алаңына подполковник С. Бәйішевтің басқаруымен соғыстың шиеленісіне абдырап қалған жағдайды қалпына келтіріп, ақыл-кеңесімен қарсы жаққа қарай біздің жауынгерлердің батыл қимылын үдетіп жіберді. Сөйткен қаланы алу барысындағы шешуші ұрыста подполковник С. Бәйішевтің батыл шешімімен жау шабуылын тоқтатады. Осы кезде беті қайтып қалған жаудың екінші рет жасаған шабуылы сәтсіз шығады. Бұдан кейін қатігез басқыншылардың үшінші шабуылында подполковник С. Бәйішев жарақат алады. Бірақ ол жараланғанына қарамастан соғыс алаңында қалады. Дегенмен жарақат салдарынан ертеңінде ержүрек подполковник І Прибалтика майданының №1136 эвакогоспиталіне түсіп, екі ай емделіп шығады [41, Б.98].

«Соғыстың қандай адамға сенім артуға болатынын, шабуылға адамдардың кімнің бастай алатынын, ұрыстардағы құрбандықтардың соңында адамның жаны мен жүрегін кімнің елжірете алатынын қасіретті ұрыстар мен соғыс жолдарын бастан өткергендер ғана жақсы біледі. Ешбір әбігерсіз артық сөзсіз-ақ әркімнің жүрегінде терең бойлап, сенім ұялата алатын, әскери өмірдің ауыртпалығын жеңілдетіп, көңіліне қанат бітіре алатын адамдардың бірі комиссар Бәйішев еді. Ол өз еңбегінің нәтижесі үшін аса жауапкершілік сезіммен, қажымай-талмай еңбек етуіне оның бойындағы осындай игі қасиеттер, мүмкін, түрткі болған шығар» [42, Б.66] - деп жазады оның замандастары.

Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев 1941-1945 жылдары соғысқа басынан аяғына дейін қатысып, Ұлы Жеңісті жақындата түсуге үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдары - оның өмірінің ең негізгі кезеңдерінің біріне айналды. С. Бәйішұлы сияқты азаматтардың ерлігі туралы замандастарының естеліктерін тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ол туралы «Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар М. Ғабдуллин, С. Аманжолов, С. Бәйішев, А. Нүсіпбеков,

С. Зиманов, А. Абдуллин, Ә. Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейінгі ғылымының бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғалымның дамуына ерекше үлес қосты. Ұлттық академияның академиктері атанды» [49] - дейді өзінің Ұлы Отан соғысының 65 жылдығына арналған сұхбатында.

Подполковник Сақтаған Бәйішұлының 1945 ж. «I дәрежелі Отан соғысы орденімен», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және «Берлинді алғаны үшін» медальдармен наградталған [38, 4-п.]. Алайда майдангер 1943 ж. Невель қаласын жаудан азат ету кезінде жасаған ерлігі үшін 1944 ж. Оникшты қаласын азат ету кезіндегі ерлігі үшін екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылғанымен белгісіз себептермен бұл ордендер берілмеген [45, Б.56-57]

Осылайша, әскери комиссар, подполковник С. Бәйішев неміс басқыншыларын түпкілікті жоюға жасалған әскери жорығын Рейхстагты шабуылмен алған Үшінші екпінді армияның құрамында Берлин қаласында аяқтаған еді. Батыр-ғалымның соғыстағы өмірі жайлы өзінің майдан жазбаларынан алынған «Жауынгерлік өмір дәптерінен» деп аталатын қысқаша мақаласында да жалпылай айтып өтеді [50, Б.40-44].

С. Бәйішұлының ес жиып, елге қызмет етуі ХХ ғасырдың 30 жылдарынан бастау алады. С. Бәйішұлына арналған еңбектер бүгінде біршама болғанымен, оның өмірбаянын ғылыми тұрғыда неғұрлым толық, әрі жүйелі түрде талдауға алынып жазыла қойған жоқ. С. Бәйішев туралы зерттеулер, яғни майдандағы ерліктері, еңбектері жайында ақын-жазушылардың, жекелеген қаламгерлердің, замандастарының, шәкірттерінің шығармалары, естеліктермен ғана шектелген. Біз бүгінде осы шығармалары мен естеліктерін бастау ете отырып, ұлағатты ғалымның өмір жолына ғылыми талдау жасауға бел буған едік.

ХХ ғ. басындағы ұлт қайраткерлерінің өмірі, қоғамдық-саяси қызметін зерттеулер ара-тұра кездеседі. Зерттеулерге келсек алғашқы жазылу мезгілі азамат соғысы аяқталысымен басталған. Жиырмамыншы жылдардың ортасына дейінгі аралықты қамтитын еңбектердің, яғни, естелік мақалалар, арнайы зерттеулер бірсыпырасы кейінгі жылдарға қарағанда біршама объективті жазылған. Ғалымның өмірі мен қоғамдық мемлекеттік қызметі отандық тарих ғылымында арнайы ғылыми зерттеу нысанына алынып қарастырылған жоқ.

Кеңестік жүйе кезеңінен кейін әділетті бағасын алған, сонымен бірге әлі де зерттелінбей жатқан қайраткерлердің қатары көп деп айтуға болады. Олардың көпшілігі өз ғұмырын, саналы өмірін тек мемлекетке, халық болашағының дамуына, келер ұрпақтың пайдасына арнады. Десек те, білім-ғылыммен айналысып, көбі білім алып лауазымдық қызметке көтерілгенімен өткен ғасырдың көлеңке беттеріне тап келіп қуғын-сүргін құрбандарына айналды.

Қазақ зиялыларының ғылыми шығармашылық қызметіне арнайы

талдау жасалып, зерттелуі тәуелсіздік жылдардан бастап кеңінен қолға алына бастады. Бұл бағытта алғашқы зерттеулер Кеңес дәуіріндегі көрнекті тарихшылардың өмірі мен шығармашылық қызметтері кандидаттық диссертация деңгейінде зерттелген. Атап айтсақ, 1992 ж. зерттелген С.Ф. Мажитовтың «Е.Б. Бекмахановтың өмірі мен шығармашылығы» болса, екіншісі 1996 ж. Қ. Досжанованың зерттеу жұмысы С.Б. Бәйішевпен бірге қызметтес болған замандасы, құрдасы «А.Н. Нүсіпбековтың өмірі, қоғамдық-ғылыми ұйымдастырушылық қызметі» туралы диссертациялар қорғалғандығын [51, Б.35] тақырыптың зерттелу деңгейінде талдаған болатынбыз.

Міне бүгінгі күнде «өлі риза болмай, тірі байыз таппайды» демекші кейінгі ұрпақтың басты борыштарының бірі сол зиялы қауымның жүріп өткен өмірін, әрбір басқан ізі мен әр шыққан сөзіне талдау жасап ғылыми баға беріп отыру негізгі міндеттерге айналдырып, жарқын істерін жарықта мәңгі қалдыруды үзбей жалғастырып отырсақ құба-құп болар еді.

Дегенмен, С.Б. Бәйішевтің өмірбаянын партиялық, қоғамдық-саяси, мемлекеттік қызметінің негізгі кезеңдеріне арналған ғылыми, публицистикалық еңбектермен естелікке құрылған әдебиеттер жарық көрді. Оның қызметіне талдау жасалып баға да берілді. Бірақ ғалымға берілген баға ғылыми тұрғыдан емес еді. Қазақ зиялыларының ішінде С. Бәйішұлының да саяси қызметке аяқ басуы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұйымдастырушылық, үгіт-насихат жұмыстары, басшылық қызметтеріне ұлт зиялыларының оң бағалары берілген. Сонымен бірге оның қаламгерлік қарымы мен шығармашылық мұрасына берілген баға ол өмірден озғаннан кейін тереңірек таныла бастады. Оның азаматтық болмысы туралы, біліктілігі мен білімі жайлы, ізгілікті адамгершілікті қасиеттері турасында достарымен, замандас-қызметтес адамдармен қарым-қатынаста, алмасқан хаттарында өзінің көзі тірісінде-ақ әділ бағасын алған еді. Ал, оның әлеуметтік істеріндегі қызметіне бағаны алғаш рет сол дәуірдегі замандастары берді.

Онда жас ғалымның алғашқы еңбекқорлығы жалпы ортасына ғана белгілі болып тек көпшілік арасынан көрініп жүрген болса, енді С. Бәйішұлы соғыс жылдарындағы көрсеткен ерен ерлігін бағалауға шақырған 1944 ж. командирдің орынбасары № 62830 «А» әскери бөлімінің саяси бөлімі майоры Лопаткиннің КСРО Қорғаныс Министрлігі кадрлар басқармасы ГлавПУРКА орынбасары, генерал-лейтенанты Шикинге жазған хатынан көруге болды. Сондай-ақ, ғалымның 90 жылдық мерей тойына байланысты шәкірттерінің, әріптестері ұйымдастырып жазған үлкен еңбектің бірі «Академик С.Б. Бәйішев» атты кітапты атап өтуге болады. Онда ол туралы немесе академиктің замандастарына арнаған естеліктері, ғылыми еңбектерін тұжырымдап көпшілік қауымға ұсынған [45, Б.56].

Сондай-ақ, бұндай Ұлы Отан соғысы жылдарындағы С. Бәйішұлының 1943 ж. ескерілмей қалған ерлігін баяндайтын запастағы полковник Мостовойдың 1965 ж. хаты және 1968 ж. Кеңес армиясы және әскери-теңіз флоты саяси басқармасы бас басқармасының бастығы А.А. Епишевке

ГлавПУРКА үгіт-насихат бөлімінің бұрынғы бастығы, Кеңестер Одағының батыры, профессор М. Ғабдуллиннің жазған хатын айтуға болады [45, Б.157].

Соғыстан кейінгі жылдары ғалым еңбектері немесе оның еткен адал да шыншыл қызметтерін көптеген мақалалардан оқып білуге болады. Еңбегіне тәнті болған қаламдастары арасында 60 жылдары ерте танылған академикке жеке тұлға ретінде баға бергендер де баршылық. Ол туралы Т. Балтағожиннің еңбегін атап өткеніміз абзал [52].

Ғалымның қызмет жолындағы еңбектері, қоғамға алып келген жаңалықтары, шығармашылығының тереңдігі әрине алдымен әріптестеріне мәлім екені белгілі. Осы орайда С. Бәйішевтің 70 жасқа толған кезіндегі «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген Қ. Ермағамбетов пен А. Әбішева және А. Байдалиновтардың жазған мақаласы осының айғағы еді [53].

С. Бәйішұлының заман талабына сәйкес сол кездегі Қазақстанға байланысты, еліміздің басты мәселелеріне арналған мақалаларына ғылыми талдау жасаған К.И. Сафаранков пен Ч.Г. Мусиннің еңбектері дәлел [54].

Қазақстанның экономикалық теория мәселелерін алға қойған негізгі қағидалары туралы сол кездегі құнды шығармалардың бірқатары ғалымның қаламынан өрбіді. Бұл орайда маркстік-лениндік теорияның коммунистік құрылыстағы маңызының жоғарылығы, оны творчестволықпен дамыту шеберлігі деп атап көрсеткен Я. Әубәкіров пен К. Бердалиевтің бірігіп жазған мақаласын атап айтуға болады [55].

С. Бәйішұлының 70 жылдығы кезінде жарияланған еңбектердің бірінде оны республиканың көрнекті қоғам қайраткері, публицист, академик, экономист, тарихшы, журналист, Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер екендігін дәлелдеп, талдап көрсеткен замандас әрі майдандасының бірі Ә. Нұршайықовтың [56], И. Красноперовтың [57], Г. Абишев, В. Галиевтің [58] мақалалары, «Путь ученого» [59], «О главном пути» [60], «К 70-летию академика АН Каз ССР С.Б. Баишева» [61] «75-летие со дня рождения академика АН Казахской ССР С.Б. Баишева» [62, Б.83-84] атты біршама еңбектерді атаймыз.

Өмірін еліне арнаған ғалымның қалың бұқараға қызмет еткендігі, ғылым мен өмір негіздерін ұштастыра білгендігі туралы М. Елеусізов пен М. Жүкібаевтың «Қазақстан коммунисті» журналында жарияланған мақаласынан көруге болады [63, 92-94 бб.].

Сондай-ақ, негізгі өмір жолындағы бар серпінін еңбек пен ғылым белестеріне жұмсағандығын айғақтайтын еңбектер баршылық, атап айтсақ Б.Я. Двоскин, А.Н. Любомирскийдің [64, Б.77-78], И. Ефимовтың еңбектерін айтуға болады [65, Б.92-94].

С. Бәйішевтің қайраткерлігін, халықтың шын мәніндегі перзенті екенін аша түсетін, еңбегінің маңыздылығын тереңірек танып білуге жетелейтін шығармалары баршылық. Ғалымның өмірі, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасын зерттеуде, оларды жарыққа шығаруда және насихаттауда жүйелі жұмыс жүргізген өзінің шәкірті тарихшы М.Қ.

Қозыбаев еді [66, Б.72-75].

Б. Бәйішұлының кемел шағында дүниеден өткені қазақ ғылымы үшін орны толмас қаза екенін, сол уақытта оның орны ойсырай көрінгендігін қаламдастарының еңбектерінен көруге болатын еді. Солардың қатарында соғыс жылдарындағы ғалымның ерлік белестерін әңгімелейтін қарымды қаламгер Ә. Нұршайықовтың «Памяти С.Б. Баишева» [67, Б.80-85], А. Игенбаевтың [68], Я.Әубакиров, Р. Сүлейменовтың [69] естеліктері жарық көрді. С.Б. Бәйішев туралы «Экономикалық энциклопедия» [70, Б.100], «Ценный труд о Советском Казахстане» [71] т.б. басылымдар жарық көргендігін атап айтамыз.

1982 ж. С. Бәйішұлының дүниеден озуына байланысты шәкірттерінің, әріптестерінің естеліктері жазылды. Бұнда авторлар академик С. Бәйішұлының өмірін, қызмет жолындағы шеберлігі, ұстанымдылығы, білімді де біліктілігі, кішіге қамқоршы, үлкенге ізеттілігі басым және де еңбегінің құндылығы жайында жазған Д. Шаймұханов, А. Байдалиновтың мақаласында айқын сипатталады [72]. Аталмыш еңбектер еліміздің танымал ғалымы, академик, ұстаз және қайраткер экономист, тарихшы жөнінде тұтас замандастары, достары және әріптестері, сонымен қатар шәкірттерінің академиктің өмірі, ғылыми-шығармашылығы туралы ой-пікірлері жинастырылып жарыққа шыққан еңбегі бірден-бір құндылыққа ие. Алайда, бұл еңбектерде қоғамтанушы-ғалымның бүкіл еңбектерін талдап сипаттама беру мүмкін емес еді және де тәуелсіздік кезінде шыққан академик туралы пікірлер топтастырыла алмады.

С. Бәйішев қайтыс болғаннан кейінгі кезеңінде оның 80-90-100 жылдық мерейтойлары әртүрлі деңгейде атап өтілді. Мерейтойлық мақалалардың қатарында ғылыми басқосулармен қатар БАҚ құралдарында еске алу мақсатында жарияланатын дәстүрге сай орталық басылымдарда жарық көрген мақалалар да қайраткер-академиктің тұлғасын таныту мен насихаттауға қызмет ететіндіктен де осы дерек көздерге талдау жасағанымыз орынды болар. 1989 жылдың 14 қыркүйегінде «Социалистік Қазақстан» газетінде ҚКП ОК жанындағы Партия тарихы институтының бұрынғы қызметкері А. Атагуловтың «Аяулы азамат, академик-ұстаз» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала авторы партиялық стильмен С. Бәйішевтың өмірбаяны мен қоғамдық-саяси қызметін және шығармашылық жетістіктерін тізбелеп шыққанымен оның қызметіне баға бермеген және шығармашылығына талдау жасамаған.

З. Айтмахамбетов «Ұстаздар мен шәкірттер» мақаласында [73] академиктің тәрбиелеген шәкірттері туралы деректер айтады. С. Бәйішевтің танымал шәкірттерінің бірі А. Қоцанов өз мақаласында [74] ұстазы туралы жылы лебіз білдіріп, отандық экономика ғылымының қалыптасуындағы оның рөліне баға береді. Академик С. Сатыбалдин да [75] еліміздегі қоғамдық ғылымдардың дамуы мен қалыптасуындағы С. Бәйішевтің қайраткерлік және ұйымдастырушылық қызметін талдаған.

С. Бәйішевтың өмір жолы мен шығармашылығы энциклопедиялық

басылымдарға да ене бастады [76, Б.235].

М. Исабаеваның мақаласында да [77] академиктің елімізде экономика ғылымының дамуына талдау жасай келе оның еліміздегі экономист-ғалымдар тобын дайындаудағы қызметіне баға береді.

2009 ж. 1-2 қазанда С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде ғалымның мерейтойына орай «Ұлттық экономика және білім: жаһандану жағдайындағы даму стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция [78] ұйымдастырылды. Ғалым ғылым жолындағы серпінді ізденістері, еңбек белестеріндегі жоғарғы санаттық әрі бай мазмұнды саяси-әлеуметтік, қызметінің шығармашылық жетістіктері ел есінде сақталып келеді. Бұл жөнінде ғалымға арналған Үлкен Совет энциклопедиясы [79, Б.101], «Вручение знака «50 лет пребывания в КПСС» [80], С.Б. Бәйішевтің қайтыс болуына байланысты жарық көрген [81] жарияланымдарды атап өтуге болады.

Сондай-ақ, Қазақстанның жетекші қоғамтанушыларының бірі, ірі ғалым, отты публицист, айтулы аудармашы Сақтаған Бәйішевтің туғанына 80 жыл толуын салтанатпен аталған шақта оның білімдарлығы, қалам жұмысына деген қажымас қабілеттілігі, кішіпейілдігі, бауырмалдығы, үлкен жүректі адамгершілігі туралы еске алатын мақалалардың қатарында журналист Қапан Сапарғалиевтің «Абзал ағамен бір кездесу» [82] атты естелігін айтуға болады.

Өзі өмірден өтсе де ғұлама ғалымды еске алу кештері атқарылды. Ғалым туралы естеліктер бірінен соң бірі газет беттерінде жарияланып, оның адамгершілік қасиеттері мен ғалымға тән даналығы, кішіпейілдігі мен кеңдігі баяндалған қимастық сезімге толы мақалалар жарыққа шығып тұрды. Бұл ғалымның кейінгі ұрпақ есінде кеңінен сақталып қалғандығының белгісі деп айтуға болады. Мәселен, Ақтөбе педагогикалық институтының КОКП тарихы және саяси экономия кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Б. Комягин мен Б. Жүсіповтың ғалымның 80 жылдық мерейтойына байланысты «Ауылдан шыққан академик» [83], Алматы жоғары партия мектебі түлектерінің бірі Р. Гариповтың жазып алған естеліктерінен [84], Р.Б. Сүлейменовтың «Он был функционером», М.Г. Исаеваның «У него был государственный подход», Х.Х. Хасеновтың «Горжусь, что - его ученик» атты мақалаларын айтуға болады. Сондай-ақ М. Қозыбаев пен А. Қошановтың Сақтаған Бәйішевтің өмірі мен қызметі туралы кең де жан-жақты мағлұмат беретін «Егемен Қазақстан» [85] газетінде жарияланған мақалаларын айтамыз.

Республиканың еңбек сіңірген экономисі, профессор Муза Исаеваның газеттерде жарияланған мақалаларында ғалымның қайталанбас келбеті, артында қалған мол ғылыми мұрасы, ұстаздық қасиеттері жан-жақты сипатталып, талданған.

Сонымен бірге 1989 ж. «Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар» сериясы бойынша Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев» атты библиографиялық көрсеткіш жарық көрді.

Құрастырушылар ғалымның өмірі мен ғылыми шығармашылығы туралы деректерді жинап, ол туралы жарияланымдаер енгізілді. Академиктің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, өмірбаяны туралы қысқаша очерк, еңбектері туралы жалпы мәлімет алатын жинақты оқырман қауымға тарту етті. Бұл көрсеткіш ғалымның 80 жылдық мерей тойы тұсында шығарылды [86].

Академик С. Бәйішұлының замандас, қаламдас ғалымдар мен ақын-жазушылардың, шәкірттерінің абзал азамат туралы берген дәлелдері тұлғаның биіктігін тағы да таныта түсті.

Десекте тұлғаның жалпы еңбек жолындағы ізденістері әлі де жинақтап, талдауды қажет еді. Соған сай қайраткер-ғалым туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар мен жеке тұлға екендігін дәлелдейтін кітап жарық көріп, туғанына 100 жыл толғанына арналған конференция өткізілді. 2009 ж. Алматы, Ақтөбе қалаларында өткізілген «Ұлттық экономика және білім: жаһандану жағдайындағы даму стратегиясы» атты конференцияда академиктің өмірде өткен белестеріне шолу жасап, ғылым жолындағы экономика саласына қосқан үлесі, жеке тұлға туралы естеліктер тағы ортаға салынып сарапталып айтылды. Бұл жөнінде 2 томдық конференция материалдарының жинағы жарыққа шығарылып, көпшілік қауымға ұсынылған аса құнды деректер топтастырылды. Атап айтсақ, М.Б. Черманованың «Сактаган Баишевич Баишев - выдающийся ученый-экономист, общественный деятель», У.К. Шеденов, Б.А. Жүнісовтердің «Жизнь и научная деятельность академика С. Баишева», Ғ.С. Садықовтың «С. Бәйішев - көрнекті экономист-инженер» атты мақалаларын айтуға болады [80].

Сондай-ақ, 100 жылдық мерейтойына арнап ғалымды еске алу барысында оның өмір жолындағы азаматтығы мен ғылымдағы еңбегін насихаттайтын «Ученый с большой буквы» деп аталатын мақала ғалымның дүниетанымдық көзқарасы кең ауқымды екендігін тағы да көрсетіп береді [87].

С.Бәйішевті тұлғаландыруға қатысты соңғы жылдары бірқатар мақалалар жарық көрді. Солардың арасында М.И. Баранкуловтың (Баранкулов М. И это все о нем / М. Баранкулов// Актюбинский вестник.- 2009.-13 окт. - С. 3); Ш. Жарылгаповтың (Жарылгапов Ш. Профессор в генеральских погонах [Об известном экономисте С.Б.Баишеве]. / Ш. Жарылгапов// Наука Казахстана. – 1996. - 16-31 марта.- С.4.); Е.Б. Жатқанбаевтың (Жатқанбаев Е.Б. Памяти участников Великой Отечественной войны, ученых- политэкономов и наставников // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. экономическая. -2010. -№ 2. -С.130-132); М.Ы. Жүкібайдың (Жүкібай М.Ы. Памяти учителя // Қазақ Білім Академиясының баяндамалары = Доклады Казахской Академии Образования -2009.- № 3. -С.206-208); М. Исаеваның (Исаева М. Комиссар Сактаган Баишев / М. Исаева// Страна и мир. -2010. -17 мая. -С. 8); Т. Кульбаевтың (Кульбаев Т. Боевой путь 100-й бригады / Т. Кульбаев // Страна

и мир. -2010. -29 марта - С. 11; Наша сотая бригада Казахская стрелковая бригада была сформирована в Алматы в период с декабря 1941-го по март 1942 года, первым команд. бригады был подполковник В. Шевцов, комиссаром-Сактаган Баишев, а нач. политотдела -Абдрахман Досанов. / Т. Кульбаев// Юридическая газета. -2005. -7 апр. - С. 4. Пролд №59-60) мақалалары майдангер, ғалым, публицист, ұстаздық қырларын аша түскен.

С. Бәйішұлына қатысты еңбектерін жалпы қарастырғанымызда оның әлеуметтік істері, билік органдарындағы қызметі, ғылыми шығармашылық мұрасы терең зерттеуді керек ететінін көрсетеді.

Кеңес кезінде ғылыми жұмыстарын дәлелдеп, қорғау Мәскеудің құзырында болғаны белгілі. Осындай сынақ уақытында Мәскеуде Сақтаған Бәйішұлының ғылыми жұмысын қорғау кезіне куәгер болған, бүгінде экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының Сақтаған Бәйішев атындағы сыйлығының лауреаты Өтеғали Шеденов өз естелігінде Мәскеудегі халық шаруашылық институтының аспирантурасында оқып жүрген кезімде білім-ғылымның сырына тереңдей, бойлап еніп, алтыннан қымбат уақыттың әр сәтін құр жібермеу үшін Ленин атындағы Орталық кітапханада Сақтаған Бәйішевтің экономика ғылымдарының докторы атағын қорғайтындығы жайында хабарландыруды оқып, «Апырай, академик те докторлық қорғайды екен-ау. Ол кісі Жоғарғы Кеңестің төрағасы емес пе?» - деп, аңтарылып қалғанын жазады.

Қорғау барысында С. Бәйішевтің дәлелді, дәйекті тұжырымдалған ой-пікірлерін тыңдап, «Міне, осындай да қазақ болады» деген өз әсерін әңгімелейді. Мәскеу мықтыларын еріксіз мойындатқан С. Бәйішев арада көп жылдар өткеннен кейін Алматыда кездесіп, қызметте жүрген Өтеғали Шеденовтың докторлық диссертациясын өз елімізде қорғауға үгіттеп, нұсқау беріп әрі көмектескен С. Бәйішев екенін айтады [45, Б.103].

1961 ж. 22 наурызда С. Бәйішев вице-президенттік қызметте жүріп, Экономика институтына қосымша қызметке - директор болып тағайындалады. С. Бәйішевті институттың директорлығына ұсынған Қ. Сатпаев оның әлеуметтік ғылымдар саласындағы көрнекті ғалым екендігін, бірнеше монография, ғылыми мақалалар жинақтары, экономика, тарих және Қазақстандағы әр түрлі өзгерістер бойынша жинақталған еңбектердің жеке тараулары түрінде жарияланған 50-ден астам ғылыми зерттеу жұмыстары бар екендігін атап өтеді.

Марксизм-ленинизм институтында оқуын аяқтағаннан кейінгі 20 жылға жуық уақыт бойы С.Б. Бәйішев қоғамдық ғылымдардың әр түрлі жауапты салаларында қызмет істеген: 10 жыл бойы КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалының директоры (*кейіннен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты – Б.М.*) болып қызмет істеген. Қазақстан, 1956 жылдан Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті болып жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде ауқымды ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары барысында

кандидаттық және докторлық диссертацияларды дайындап, сәтті қорғады, ҚазМУ-де саяси экономия курсынан сабақ берді, айтарлықтай жас ғалымдар – экономистер мен тарихшыларды дайындады.

Ғылыми мекемелерде жұмыс істеген кезінде С.Б. Бәйішев өзін ғылыми жұмыстың шебер де ойлы ұйымдастырушысы және ғылыми жұмыстың ұстазы ретінде көрсетті. Ол өзінің жемісті ғылыми және қоғамдық қызметімен ғылыми ортаның үлкен құрметіне ие болып, ғылыми және ұйымдастырушылық қызметте мол тәжірибе жинақтады деген сеніммен Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, академик Қ.И. Сәтпаев С.Б. Бәйішевті Экономика тарихы институтының директоры етіп бекітуді ұсынады [88, Б.77].

С. Бәйішевті бекіту кезінде көптеген пікірлер айтылып, Қазақ КСР ғылым академиясының мүшелері өз ойларын білдіреді. С. Бәйішевтің атқарған қызметтеріне жоғары баға беріліп, жазылған ғылыми жұмыстары мен шығарған кітаптарына талдау жасай келе бірауыздан академия мүшелері ғалымды лайық деп табады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы И. Юсуповтың қол қойған қаулысымен С. Бәйішев институт директоры болып тағайындалады [38, 68-п.].

С. Бәйішевтің әскери комиссар ретіндегі қызметі жайлы көптеген очерктер мен естеліктер жазылды. Солардың ішінде оның ерліктеріне куә болған майдандастары жазған, жазушы Ә. Нұршайықовтың «Майдан дәптерінен» [89, Б.41] атты повесі, А.И. Халимулдина (Прокопенко), А.К. Халимулдиннің «Мәншүктің жұлдызды сағаты» [41, Б.98] атты кітаптарынан көруге болады. Оның өмірге құштар, отанына шын берілген азаматтық бейнесін өзінің жауынгерлік өмірінің тарихы осылайша тұлғаланды.

С. Бәйішевтің қызмет барысындағы жетістіктері бірқатар мемлекеттік марапаттармен атап өтілген екен. Ғылым жолындағы жетістіктері, Ұлы Отан соғысындағы ерліктері бірнеше рет марапатталды. Айталық, 1940 және 1967 ж. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен екі рет, 1945 ж. «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Берлинді алғаны үшін» медалімен, 1956 ж. «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды. Ал 1965–1970 ж. аралығында төрт мерекелік медальдармен марапатталған [38, 4-сп]. Кеңес қоғамының марапаттау жүйесінде бұл аталған марапаттар бір адам үшін аз жетістік емес болатын.

Академиктің 1938 жылдан 1971 жылға дейін ҚКП барлық съездеріне (II-XI съездер) қатысып, ҚКСР Жоғары Кеңесінің 1–5 шақырылымдарында депутат болып сайлануы оның республика деңгейінде белсенді қоғамдық-саяси қызметке араласқандығын танытады. 1939–1950 ж. ҚКП Алматы облыстық комитетінің мүшелігіне сайлануы да оның Алматы сияқты ірі қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан, беделді тұлғалардың бірі болғандығын айғақтайды.

С. Бәйішев артынан тек еңбектер ғана емес, білікті де білімді әр қайсысы шынар биіктен көрінетін шәкірттер тәрбиелей білді. Оның жетекшілігімен 7 докторлық, 30 кандидаттық диссертациялар қорғалды [86, Б.19]. Академик Бәйішев өзінің ғылыми және ұстаздық мектебін

калыптастырды. Ол Қазақстанның тұтас кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық өмірі мен тарихының аса маңызды проблемаларын анықтап, оларды терең зерттеуге қамқорлық жасады. Алдынан өткен 150 шәкіртінің 30-ы ғылым докторы болып, ұстазының өнегесін жалғастырды.

Егеменді ел болғалы, үлкен әрі салмақты істер атқарған зиялыларымыздың тұлғасын бүгінгі көзқараспен сараптау барысында олардың қоғамдық-саяси өмірдегі алар орны мен жасаған ықпалы басты назарда болып келеді [3, Б.276]. Сақтаған Бәйішевтің ғылыми еңбектерін талдаған сол кездегі Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры С.Ф. Мажитов «Академик С.Б. Бәйішевтің ғылыми мұрасы ерекше назар аударуды жалғастыруда. Меніңше, мұндай табыстың сыры – Сақтаған Бәйішұлы шығармаларын пәнаралық байланысқа негіздеп жазуында, бұл қазіргі кезде бұрынғыдан да өзекті. Қазақстанның жаңа тарихы мен гуманитарлық ғылымның басқа салаларының мәселелерін қазір тар, жеке мамандық шеңберінде қарастыру мүмкін емес. Бұл бүгінде біз өзіміздің қатысушылар және жасаушылар болып табылатын процесті түсінуге тырысып жатқандығымызға байланысты» [90, Б.5] деген тұжырым жасайды.

Сақтаған Бәйішев ХХ ғасырдағы қазақ зиялыларының көрнекті бірі. Оның есімі қазақтың шыққан ғұламалары Қ. Сәтпаев, М. Әуезов, Т. Тәжібаев, Ә. Марғұлан, І. Омаров, Т. Дарханбаев, А. Зәкарин секілді еліміздің шоқтығы биік тұлғаларымен бірге аталады. Сондықтан да артына елеулі еңбек қалдырған белгілі ғалым, қоғам қайраткері, академик Сақтаған Бәйішевтің тұлғасы тарихи таным үшін байыпты зерттеулерді қажет етеді.

Тарихи тұлғатануда қарапайым адамдар тарихының үлкен экзистенциалдық мәні бар. Өткен адамдардың мына өмірде болғандығының бірден-бір белгісі – оның қабірі ғана болуы мүмкін. Кейбіреуінің бірді-екілі фотосы, аздаған құжаты сақталған болуы мүмкін. Адам туралы жадтың деңгейі де осыған саяды [3, Б.277]. Көптеген адамдардың тағдыры «өлдің - өштің» дегендей тарихи өлімге байлаулы болатындығы белгілі. Ал соңына қалдырған өнегесімен мәңгілік тірі болу бақыты көпшіліктің пешенесіне жазылмаған. Өткен тарихқа деген осындай самарқау көзқарасқа қарамастан «ғалымның хаты өлмейді» дегендей С. Бәйішевтің тұлғасы төл тарихымыз үшін үнемі жаңғырып отырады.

1.3. Отандық тарихи тұлғатанудың бағыттары

С. Бәйішевтің шығармашылығын талдау жасау барысында академиктің тарихи тұлғатану бағытының бастауында тұрған ғалымдардың бірі екендігін аңғарамыз. Ғалымның тұлғатанулық еңбектерінің арасынан негізгі үш жарияланымына тоқталамыз. Ол өзі қызметтес болған Л.И. Мирзоян туралы алғашқылардың бірі болып арнайы мақала жазды [92]. Эпистолярлық үлгіде жазылған мақалада Мирзоянның мемлекеттік мүддеге қызмет еткен саяси, ұйымдастырушылық қарым-қабілетін ерекше ықыласпен баяндаған С. Бәйішев, оның азаматтық өнегесін партиялық өлшемдермен тұлғалайды.

«Дәл осы тұста Қазақстанда, бір жағынан екінші бесжылдықта алға қойылған алып міндеттерді ойдағыдай орындау, екінші жағынан, одан бұрынғы кезде орын алған олқылықтарды мүмкіндігінше тез түзеу қажет болды» деген сараң да астарлап жазылған жазбадан көп жағдайды аңғарамыз. Қазір бар дауыспен айғайлап айтып жүрген ащы ақиқатты ол кезде осылай жартыкеш күйінде айту саяси сыпайылық қана емес қалыптасқан идеологиялық дәстүр еді. Әрине, академиктің кеңестік билік күшінде тұрған кезде тарихи тұлғаға қатысты жасаған тұжырымдарын бүгінгі тәуелсіз тарихи таным тұрғысында сынға алып бағалауымыз орынсыз болар. Әйтпесе «Үлкен террор» кезінде республика партия ұйымын басқарған Л. Мирзоянның саяси қуғын-сүргінге тікелей қатыстылығы жөнінде деректерді алға салып, кейіпкерін біржақты тұлғаландырды деп сынауға болар еді.

Экономист-ғалым ретінде С. Бәйішев Л. Мирзоянның қысқа мерзімде екінші бесжылдық жоспарына сай елімізде ауыр өнеркәсіп саласын өркендетуді іске асыра алғандығын ашып көрсетеді. Сонымен бірге елдегі мәдени жұмыстарды дамытуға да басшылық жасаған қайраткер ретінде тұлғалайды. Мирзоянның басшылығымен 1935 жылғы мәдениет қызметкерлерінің республикалық съезі, осы жылы атап өтілген Қазақстанның 15 жылдығы, 1936 жылғы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі сияқты ауқымды шаралар елдің рухын көтеруге қызмет жасағандығын жазады.

С. Бәйішевтің сомдаған тұлғалар галереясындағы екінші топтамадан ҚКСР ҒА президенті Қ.И. Сәтпаевқа арналған мақаласына [92] тоқталамыз. Мақалада Қаныш Сәтпаевтың ғылыми тұлғасы ғана емес, сонымен бірге өзгелерге үлгі етіп ұсынатындай азаматтық өнегесі де тұлғаланған.

«Қаныш Сәтпаевтың өлшеніп шыққан ойынан да, сұрыпталып айтылған сөзінен де асқан әдептілігі байқалады, басқаша айтқанда, барлық жүріс-тұрысы, жарқын жүзі, ішкі-сыртқы сыры бір-бірімен жарасып, арасынан ине-жібі өтпестей қабысып тұрды» деген теңеуге толы тұжырымы Сақтаған Бәйішевті тұлғатану өлшемдерін тап басып танитын кәнігі психолог ретінде танытады. Оның «қазақ ұлдары арасынан шыққан тұңғыш академик Қ.И. Сәтпаев – ақыл-ойдың жұлдызы, айрықша сипаттағы ғұлама ғалым, ХХ ғасырдағы ломоносовтік типтегі ғалымдардың өкілі» берген бағасы бүгінгі күні де маңызын қайраткер-ғалым туралы айтылған ойлардың алдыңғыларының бірі деп білеміз. Қанышпен Ғылым Академиясында қоян-қолтық қызмет істеген Сақтаған Бәйішевтің айтары көп және оның тұлғалық қасиеттерінен байқағаны да аз емес. Өкінішке орай екі ғалым-қайраткердің тұлғааралық байланыстарын ғылыми қалпына келтіретін естеліктер өте тапшы. Қаныштың басына қиын күн туғанда оның қасынан табылған Сақтағанның айтары көп болғанымен бойына бітіп, сүйегіне сіңіп кеткен партиялық сыпайылық, оның үстіне биліктің алдында мойнына алған мемлекеттік құпияларды жарияламау түріндегі жауапкершілік С. Бәйішевтің өзі туралы, замандастары туралы, қоғам жайлы көсіліп жазуына қолбайлау болды.

С. Бәйішев Қ. Сәтпаевты тұлғаландыруға бірнеше мақала арнаған. Солардың бірі – «Ценитель и друг общественных наук» (Баишев С.Б. Ценитель и друг общественных наук. // Академик К.И. Сатпаев. Сб., посвящ. памяти выдающего сов.ученого. –С.195-201. Алма-Ата, 1995) мақаласы болса, екіншісі «Социалистік Қазақстан» гезетінде жарық көрген «Данышпан өлмейді» атты публицистикалық мақала. Осы мақаласында Қ. Сатпаевпен Қарсақпай кен орнында алғаш танысқанынан бастап Ғылым Академиясында қызмет істеген уақытына дейінгі екеуара қарым-қатынасын ыстық ықыласпен еске алады. Мақалада Қаныш Имантайұлының Академиядағы қызметіне мынадай баға береді: «Бұл - академик Қ.И. Сәтбаевтың саналы өмірінің, түгелдей ғылым саласында істеген жемісті еңбегінің ең шешуші де, ең тарихи кезеңі еді. Бұл дәуірде академик Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен Қазақстанда ғылым құлаш жайып өсе бастады, өркендей түсті. Ғылымның республика өңірінде бұрын болып көрмеген салалары іргесін қалады, олардың сан алуан кадрлары даярланды, халық арасындағы күні кешеге дейін байқалмай келген таланттардың қатары өсті, ғылым мен техникада талапты жаңалықтар ашылды».

Әрине, мақалада Қ. Сәтпаевтың жеке басының қадір-қасиетіне де тоқталып, оның ғалымдық қайраткерлік тұлғасымен бірге азаматтық өнегесінің де мән-маңызына баға береді. Осы мақаласында «Адал азамат, ғұлама ғалым, таза коммунист» деген атпен академик Қ.И. Сәтпаев жайында көрген-білгендерімді жазып жүрген жайым бар. Бірақ бұл аяқталмаған дүние. Тағдыр жазса, ол аяқталып, халық игілігі болар деген ойым бар» - деп жазған екен. Бұл қолжазба жарық көрмеген. Архив қорларындағы С. Бәйішевтің құжаттарынан да кездесе қойған жоқ. Алдағы уақытта кездесер, табылар деген ойдамыз.

С. Бәйішев өз ғұмырында саяси қайраткерлермен, ғалымдармен бірге әдебиет майданының қарымды қаламгерлерімен де тығыз араласқан. Солардың бірі – «қазақтың мұғал жазушысы» (*Құлбек Ергөбектің теңеуі – Б.М.*) Сәбит Мұқанов болатын. Академик С. Бәйішев академик жазушы С. Мұқановты тұлғаландыруға арнайы мақала арнаған. С. Бәйішевтің С. Мұқанов шығармашылығына арнаған «Абзал адам, адал коммунист, асқан талант, алып жазушы еді» деген мақаласында «Сәбеңді сонау отызыншы жылдардың өзінде-ақ барлық парасатты жұртшылық әбден орынды түрде нағыз халық жазушысы, қоғам қайраткері деп есептейтін. Бұл шынында да солай еді, өмір мен тарих шындығы еді» деген тұжырым жасап, оның себебін жазушының «озалдан-ақ халықпен, қалың бұқара өкілдерімен – үлкенімен де, кішісімен де – тығыз байланыса білуінде болатын» [93, 51 п.] деп өз бағасын береді. Бұл тұжырымнан С. Бәйішев сияқты қайраткер-ғалымның тарихи тұлғаны бағалаудың өлшемдерінің бірін дәл айқындап бергендігін аңғарамыз. Қайраткердің бұл мақаласы қолжазба күйінде қалған. Архивтегі жеке ісінен таптық. Не себепті баспасөзде жарияланбағандығы анықталмады.

Тарихи тұлғатану бағытында зерттеу жүргізген ғалымдардың қатары қалың. Оларды жанрына қарай ғана емес, жазу стиліне қарап та жіктеуге

болады. Бірқатар тарихшылардың шығармашылығында көркемдік тәсіл сәтті қолданыс тапқан. Бұл тәсіл оларға айтар ойының айшықтылығына қол жеткізуге мүмкіндік берген. Отандық тарихшылардың арасынан осы тәсілді тұлғаларға қатысты зерттеулерінде тұрақты түрде қолданғандардың бірі – Манаш Қозыбаев болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген зерттеу еңбегінде тарихшы Ф.И. Голощекин, Н.С. Хрущев, Л.И. Брежнев сияқты республикалық партия ұйымының басшыларын қоғамдық-саяси процестер аясында тұлғаландыруда көркемдік тәсілді сәтті қолданған [94]. Академиктің кейінгі зерттеулерінде де үнемі осы тәсілді қолданып, кімді тұлғаландырса да көркем тілмен, орамды да бейнелі ойларымен оның отандық тарихтағы алар орны мен атқарған рөлін барынша айшықтап көрсетіп береді.

Академик Е.В. Тарленің 75 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасында белгілі жазушы К.И. Чуковский Тарле үшін тарихи тұлғалар «қуыршақ та, елес те, әлдебір әлеуметтік топтың дерексіз өкілі де емес, олар тірі адамдар» [94, Б.95-96] деп баға берген екен. М. Қозыбаев үшін де еліміздің тарихы мен тағдырында қасіретті қолтаңбасы қалған тұлғалар сірескен партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілі ғана емес, олар да ет пен сүйектен жаратылған кәдімгі адамдар ретінде қарастырылады.

«Кеңестік тарихнамада көркемдік бейнелерді пайдалану көбіне жеке тұлғалық фактормен байланысты. Тарихшы даралығының оның қай кезеңге тиесілі екендігі және қандай да бір методологияны қуаттайтындығы емес, ғалымның стилі және зерттеушілік қолтаңбасы анықтайды» [95, Б.54]. Кеңестік тарих ғылымында тарихи нарративтің көркемдігі мәселесі бірнеше рет көтерілген. Сондай пікірталасқа қатысты 1962 ж. жанды, шұрайлы тілмен жазылған зерттеу еңбектерді қолдаушы М.Н. Тихомиров көркемдік тәсілмен жазылған тарихи кітаптарға сыни баға беріп, «Қазіргі кездегі тарихи еңбектер «ұқыпсыз және қызықсыз жазылады» дей келіп, «Тарихшы өз шеберханасынан қажетті өнімді шығаратын жай ғана зерттеуші емес. «тарихшы дегеніміз – ол жазушы» [96, Б.55] деген тұжырым жасаған екен. Бұл тұжырым тарихшы М. Қозыбаевтың шығармашылығына тән болып келеді.

Ғылыми еңбекті әдеби-көркем безендіру мәселесі тарих ғылымының ұстанған методологиясынан бұрын ғалымның өзіндік жазу стиліне тән болып келеді. Әрине, ғылыми және әдеби еңбектің тақырыптық, мазмұндық және концептуалдық ерекшелігі оған түзету енгізіп отырады. Тарихшының еңбегі ғылымилық өлшемдеріне жауап беруі арқылы дәлелдеудің жаңа деңгейін ғана емес, сонымен бірге жасаған тұжырымдардың дидактикалығын қамтамасыз етеді. Солай дегенмен тарихшы үшін тарихи дәйекке әдеби интерпретация жасау да жеміссіз болмайды.

Тарихи тұлғатану бағытының ғылыми мектептері енді қалыптасып келеді. Солардың арасында отандық тарих ғылымындағы тарихшылардың ғылыми мектептері мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Тарихнамалық талдауымыз көрсеткендей, әзірге бұл бағытта мақсатты зерттеулер

жүргізілмегендігін аңғарамыз. Сол үшін де мәселеге қатысты өз ой-пікірлеріміз бен топшылауларымызды ұсынамыз.

Ғылыми мектептің қалыптасуына қатысты түрлі көзқарастар, түрлі өлшемдер кездеседі тарихи әдебиетте. Орыс тарихшысы В.М. Грибовский осыдан жүз жыл бұрын «жарқын мектеп қалыптастырады, жаңа жол көрсетеді, бағыт береді» [96, Б.170] деп ғылыми мектептің анықтамасына өз тұжырымын ұсынған екен. Бұл тұжырымды одан әрі тарқатар болсақ, көшбасшысыз және оның ғылыми көзқарасын бөлісусіз, олардың арасында ерекше үлгідегі өзара қарым-қатынас орнықпай ешқандай да ғылыми мектептің болуы мүмкін емес деп түсінеміз. Бұл қарым-қатынастар ұстаз бен шәкіртті ғылыми ізденіс жолында ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ғылыми мәдениет тұрпаты (типi) да біріктіреді. «Ғылыми мектепті анықтайтын өлшемдер тізбесінде қазіргі заманғы зерттеушілер мектептің негізін қалаушы мен оның шәкірттері арасындағы педагогикалық қарым-қатынасты алдыңғы орынға қояды» [96, Б. 170].

Ресейлік тарихнамада ғылыми мектептердің қалыптасу кезеңдері мен бағыттары айқын тұжырымдалған. Кеңестік өмір шындығы бірқатар «ескі профессура» буыны өкілдерінің өз зерттеу саласы бойынша беделді тұлға болғандығына, студенттер және аспиранттермен жұмыс жасағандықтан да өздерінің жеке ғылыми мектептерін қалыптастыруға мүмкіндік бермеді. «Ескі мектеп ғалымдары» мен жас «қызыл профессура» арасындағы тарихшылардың ұйысуына олардың арасында өзара қарым-қатынас нормаларының бұзылуы басты кедергі болды. Олардың әлемі бірге өмір сүрді, бірақ тұлғалық, ғылыми қарым-қатынастары идеологиялық, мәдени және менталдық факторлармен шектелді» [96, Б.171] деген тұжырымды қазақ тарихшыларына қатысты да қолдануға болады.

Отандық тарих ғылымында «ескі мектеп» үлгісіндегі тарихшы ғалымдар буыны қалыптасып үлгермегенімен оның алғашқы белгілері болғандығын тарихпен кәсіпқойлық тұрғыда айналыспағанымен осы бағытта елеулі жұмыстар жүргізген Ә. Бөкейханов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаевтардың тарихшылығы ресейлік «ескі мектеп» үлгісін ұстанғаны даусыз. Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет ететіндіктен де оған терең тоқталмаймыз. Сол сияқты ресейлік ғылыми ойда айқындық алған «қызыл профессура» тарихшыларының құбылысы қазақ тарихи ойына да тән екендігін айтуымызға болады.

Дәуір алмасушылық кезеңінің өкілдері Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, С. Асфендиаров және т.б. тарихшылық қызметі «қызыл профессураның» тұрпатты белгілеріне сай келе бермейді. Дегенмен Т. Рысқұлов, С. Асфендиаровтардың маркстік методологияға біржақты бас бұрғандығы да олардың «қызыл профессура» үлгісінде қалыптасқандығын танытпайды.

Біздің зерттеуімізде қазақстандық «қызыл профессура» буынының тұрпатты өкілдерінің бірі және бірегейі Сақтаған Бәйішев деп білеміз. Оның кеңестік мектепте білім алып, саналы қызметін саяси-идеологиялық

майданда бастаған С. Бәйішев өз заманына тән партиялық-мемлекеттік номенклатураның аясында білім алды, тәжірибеден өтті, қызмет баспалдақтарына көтерілді. Салалық институттардың директоры, Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бойынша вице-президенті лауазымында болды.

С. Бәйішевтің «экономика ғылымын ғана емес, тарих ғылымын да жете зерттеу проблемаларына қосқан үлесі аз емес» [41, Б.99] екендігі белгілі.

Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін қазақ тіліне аудару С. Бәйішев өмір сүрген кезеңде мемлекеттік деңгейде басты саяси-идеологиялық бағдарламаға айналған. Сол кезеңде саяси-экономикалық еңбектерді аударуда үлкен қиыншылықтар кездескені терминологиялық сөздіктер болмаынан еді. Әлеуметтік-экономикалық ұғымдардың дәл мағынасы орныға қоймаған кез еді. Содан да аударма кезінде аудармашылар күрделі ұғымдарды жанама сөздер арқылы тұспалдап берген. Бұл – сол кезеңдегі ұлттық аударма саласының шынайы ахуалы еді. С. Бәйішевтің еңбегі – осы үлкен проблеманы шешуге тікелей араласуы болды.

М. Қозыбаев тарих туралы толғаныстарының бірінде «Біздің буын отаршылық идеологиясына қарсы шығып, табандылық танытты. С. Асфендияров концепциясын Е. Бекмаханов жалғады. Жаңа заманда бұл миссияны орындау біздің еншімізге тиді» [97, Б.83] деп өз кезеңіндегі тарихшылар туралы ой түйеді.

Сол сияқты тарихты тұлғаландыруға қатысты «Жаңа заманда бөлініп, бөлшектеніп үйреніп қалған қазақ аталар жарысын, батырлар жарысын бастады. Ал бізге, тарихшыларға олардың әрқайсысы ұлт перзенті болғандығымен қымбат, өз мүдделерін, тайпа мүдделерін ұлттық намысқа тірегенімен сүйікті» [97, Б.84] деп тұлғаларды бағалауға өз өлшемін ұсынады.

М. Қозыбаев тәуелсіздіктің алғашқы кезінен бастап, отандық тарих ғылымының салалық институтын басқарды. Елімізде тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасын жасауға қатысты. Ұлттық тарих кеңестік кезеңде ресми, әрі орыс тілінде жазылып, соңынан қазақ тіліне аударылатындығы қиындықтар туғызғанын айта келіп, «қазір ана тілінде көсемсөздік дәстүрлермен жазылған тарихи әдебиет пайда болды. Бұл болса кешегі Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Әбубәкір Диваев дәстүрі. Сірестіріп, тірестіріп жазған тарихи әдебиет оқырман санасына жете бермейді, оның ақпараттық ықпалы басым болуы ғана мүмкін» [97, Б.84] деген тұжырым жасайды.

М. Қозыбаевтың тарихшы ретіндегі жазу стилі осы көсемсөздік дәстүрмен жазылуымен ерекшеленетіндігінің сыры – оның өзі айқындаған ұстанымдардан бастау алатындығын аңғарамыз.

Осы тұрғыда қарастырғанда Манаш Қабашұлының тарихи тұлғатанудағы қалыптастырған тарихи тұлғалар галереясы аса ауқымды. Оның мәні мен мазмұны, сипаты мен маңызы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Біз талдауымызды академиктің отандық тарихшылар жайлы жазғандарымен шектейміз. Өйткені бұл желі еліміздегі тарих ғылымының мектептері туралы тұжырымымызға айқындық беретін болады.

М. Қозыбаев қазақтың тағдырлы тарихшысы Е. Бекмаханов туралы 1976 жылы жазған мақаласында [98] ұстазын «күреске жаралған сондай батыр жан» деп бағалайды. Кеңестік идеология күшінде тұрған 1984 жылдың өзінде Т. Рысқұловтың 90 жылдығына арнап жазған мақаласында [99] қайраткердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлт-азаттық қозғалыс тарихына арнап еңбектер жазғанын атап көрсетеді. 1989 жылы С. Асфендияров туралы жазған мақаласында [4] артында өлмейтін сөз қалдырған, із қалдырған Санжар аға әрқашанда жасампаздар сапында болады» деп жазады. Әрине, аталған тұлғалардың саяси қуғын-сүргінге ұшырауының себептерін талдап баға берудің уақыты келмегендіктен де академик олардың шығармашылығының тағдырына ықпал еткен қоғамдық саяси факторларды айналып өтеді.

Отан тарихында жарқын із қалдырған Г.Ф. Дахшлейгер туралы жазбасында [5, Б.320-322] тарихшының 50-жылдары жарық көрген еңбектері мазмұны мен рухы жағынан замандастарының жазбаларынан ерекшелене қоймағанымен, оны соңғы жылдары жаңашыл-тарихшы ретінде уақыттан оза жұмыс жасады деп бағалайды. Г.Ф. Дахшлейгердің «Историография Советского Казахстана» еңбегінен мысал келтіріп, «30-жылдардың бірінші жартысындағы Қазақстанның индустриалды дамуының табыстары немесе ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың жетістіктері туралы айтқанда, біз әдетте социализмнің жеңісін, ЖЭС-тің міндеттері іске асырылғанын мәлімдейміз, бірақ, жаппай ұжымдастыру жөнінде үндемейміз» [5, Б.322] деген тұжырымын алға тартады. Уақытынан бұрын айтылған пікірлер кеңестік тарихнамада орын алған методологиялық олқылықтарды тап басып айтқан көрегендігінен бұрын саяси батылдығы деп бағалауға лайық. М. Қозыбаев өз әріптесінің осындай уақыттан оза айтқан тұжырымдарын тізбелеп айтып шығады.

Академик М.С. Мұқанов, А.Н. Нүсіпбеков, К. Нұрпейіс, Х. Арғынбеков, С.В. Южков сияқты тарихшылардың да ғылыми мұрасына баға берумен бірге әдетінше, олардың азаматтық болмысына қатысты да ой өрбітіп отырады. Бұл жазбалардан отандық тарих ғылымының даму эволюциясының ойы мен қырын, кемшілігі мен жетістігін танимыз.

Ендігі кезекте М. Қозыбаевтың тұлғатанудағы бағалау өлшемдері туралы ой-пікірлерін талдағанымыз тақырыпқа айқындық береді. Ілияс Омаров туралы мақаласында [100] 1937 жылғы репрессияда халқының қалқаны болған алыптардың алғашқы легі жоқ болып кетті дей келіп «балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен тар заманда мәдениеттің сан-саласында сардарлық құрып, әрқайсысы жеке батырлық жасап жүрген Мұхтар, Қаныш, Сәбит, Ғабит, Ахмет, Қалыбек пен Серкені – 1937 жылғы қырғыннан аман қалған ұлы шоғырдың жұрнағын жалғау керек еді, олардың ірілігі қалған қарым-қатынасына, творчествосына толқыныс, құлшыныс

берерлік жанашыр жан керек еді» деп бұндай ұлы миссия тек Ілиястай азаматтың қолынан келді деп бағасын береді. Оның осы аталған тарихи тұлғаға берген «ұлттық деңгейдегі Одақтың, әлемдік деңгеймен теңестіруге күш салып, мәдениеттің сан-саласындағы байланысын қиыннан қиыстырып, бүгінгісін даралап, ертеңгісін саралап отыратын ғажайып бір координатор, бағыт беруші, бағдарламашы болды» деген тұжырымы Ілиястану ғылыми бағытының кейінгі дамуына жол салып бергендігі еді. Осы мақаладан тұлғатанудың дамуына бағдар болған мынадай тұжырымды да методологиялық мәні бар ой деп бағалаймыз: «тағдыр таразысына мансап, шен мен шекпен, сөлкебай саналар уақыт өтті. Әділі, Адам деген атты әр пенденің өмірді түтіндетіп жүрген жылдары емес, оның алаулап от болып жанып, еліне, халқына қалдырған мұрасымен өлшер уақыт жетті» деген тұжырым ұсынады.

М. Қозыбаев шығармашыл тұлғаларды бағалау, оның руханияттағы алар орны мен атқарған қызметін айқындауда да аса көрегендік танытады және парасат биігінен көрінеді. Ілияс Есенберлин туралы «империялық айбардан, қаһардан қорықпады, зиялы қауым ішінде Хан Кенедей батырлығын танытты, заманынан ширек ғасыр озып, арттағы ұрпаққа өлмес мұра, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, С. Сматаев сияқты талантты тарихи романистер мектебін қалыптастырды» дей келіп оны жай жазушы емес, батыр, жүрек жұтқан жалынды жазушы, халқын сүйген патриот кеменгер, қахарман күрескер, жазушы әлеміндегі Хан Кененің өзі, оның өзі болмаса жүрегі мен көзі» [5, Б.334-336] деген тұжырым жасайды.

Академик тарихшының ұлтымыздың табиғатын тап басып танып, өзге ұлттармен терезе теңестіретін қасиеттері туралы «халқымыз - батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе келе иен елін көреді, қаз-қатар тұра қалса, азаматтығына, өзінің парасатына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар. Әйтеке бидей өктемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырар жол табар Абылайдай тірлігі бар. Бауыржандай өрлігі бар ел» [101] деп шабыттана пікір айтады.

М. Қозыбаевтың өз әріптестері, қоғам қайраткерлері жайлы толғаныстарына талдау жасай келе оның тарихи тұлғатану бағытында тұтастай тұлғалар галереясын жасаумен бірге осы ғылыми бағыттың методологиялық ұстанымдарын қалыптастырған ғалым деп бағалауымызға болады.

Тарихи тұлғатану бағытында өнімді еңбек еткен тарихшылардың бірі – академик М.Х. Асылбековтың шығармашылығындағы тұлғалар галереясынан тарихшы-ғалымдарға қатысты зерттеулеріне талдау жасаймыз. Академик тарихшының Қазақстан тарихының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан А.Н. Панкратова жайлы зерттеулерінде еліміздің тарих ғылымының даму процесін жекелеген тарихи тұлғалардың қызметі мен шығармашылығы арқылы тұлғаландырады. Айталық «саяси қуғын-сүргінге

ұшыраған, кәсіби дайындықтары болмаған кеңес тарихшыларының алғашқы буыны» [7, Б.106] өкілдері қатарында С. Асфендиаров, Т. Рысқұлов, Ғ. Тоғжанов, П.Г. Галузоларды атайды. Олар саяси қуғын-сүргінге ұшырағаннан кейін қалыптасқан екінші буын тарихшылардың легінің өкілдері қатарында Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Нүсіпбеков, С.Б. Бейсенбаев, Б.С. Сүлейменов, Е. Бекмаханов, А.Б. Тұрсынбаев, Б.А. Төлепбаев, Н.К. Киікбаев, Г.Ф. Дахшлейгер, Т.Е. Елеуов және т.б. атайды. Өмірі мен шығармашылығын Отан тарихымен байланыстырған ғалым Кеңес тарихшыларының екінші және үшінші буыны бүгінгі кезде табысты еңбек етіп жатқан жоғары білікті мамандарды даярлап шығарғандығын олардың жекелеген өкілдерін атап айтады және әрқайсының ғылыми қызметіне баға береді.

Салалық тарих институтын ширек ғасыр басқарған (1956-1982) академик А. Нүсіпбековты ғылыми тұлғаландыруға қатысты бірнеше очерк арнаған М. Асылбеков Кеңестік билік кезеңдегі ғалымның азаматтығын және саяси ұстанымы туралы «Ақай Несіпбекұлының ғылымдағы қызметін оның қоғамдық жұмыстарынан бөліп қарауға болмайды, себебі өз заманының ағымымен өмір сүрген азамат шығармашылық жұмысына да, саяси белсенділігін де бір мақсатқа сай жүргізуге ұмтылады» [7, Б.135] деген тұжырыммен түсіндірді.

Бегежан Сүлейменовке қатысты зерттеулерінде бір назар аударатын жай бар. Ол отандық тарихшылардың тұлғаралық байланыстарына қатысты. Б. Сүлейменов пен Е. Бекмұқанов арасындағы 1948 жылдың шілде айында болған пікірталас жеке бас араздығынан бұрын отан тарихының күрделі мәселелері бойынша методологиялық тұрғыдағы пікірталас еді деген қорытынды жасайды [7, Б.169-172].

М. Асылбеков сомдаған тарихи тұлғалар портреттерінің арасында Б.А. Төлепбаев, Ф.Г. Дахшлейгер, Р. Сүлейменов, К. Нұрпейісов, Х. Алпысбаев, О. Смағұл, Т. Тұрлығұл, Ә. Дәулетхан, Ө. Өмірзақов, М. Сыдықов сияқты тарихшылар бар. Ғалым өз әріптестерінің қоғамдық-саяси қызметін талдаумен шектелмей, олардың отандық тарих ғылымының көкжиегін кеңейтудегі шығармашылық ізденістеріне баға беруді басты мақсат тұтқандығы аңғарылады. Қалай дегенде де еліміздегі тарих ғылымының дамуында тарихшы ғалымдардың тұлғааралық қатынастарына талдау жасау арқылы олардың саяси-идеологиялық пікірталастардағы азаматтық позициясы айқындала түсетіндігіне көз жеткіземіз.

Академик М.Асылбековтың зерттеулерінде тарихи тұлғатану бағытының қазіргі заманғы методологиялық ұстанымдары жайлы маңызды болып саналатын ғылыми тұжырымдар орын алған.

Тәуелсіздік кезеңінде, әсіресе оның алғашқы жылдарында десоветизация ықпалымен Кеңес дәуірін бірыңғай қара бояумен суреттеу орын алғаны белгілі. Осы мәселеге назар аударатын отырып, М. Асылбеков «Әрбір саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді, оның себептерін, нәтижелерін және сапаларын объективтік, жан-жақтылық, тарихилық және басқа ғылыми-методологиялық принциптер негізінде ғана зерттеп,

айқындауға ұмтыламыз... Жеке тұлғалардың өмірі, саяси-қоғамдық қызметі мен мұрасы зерттелгенде, біз олардың өзара қатынасына, бас араздығына, яғни бақталастығына көп көңіл бөлмей, тек олардың ұлт мүддесіне істеген қызметін көрсетуге ұмтыламыз» [102] деген тұжырымы мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаевтың Атырау Ұлттық құрылтайында тұлғатануға қатысты жасаған тұжырымының барынша өзекті екендігінің тағы бір айғағы деп қабылдаймыз.

Отандық тұлғатануда өнімді еңбек еткен тарихшы академиктеріміздің бірі – Кеңес Нұрпейіс. Кеңестік қоғамда туып-өскен, шығармашылығы коммунистік идеологияның аясында қалыптасқан тарихшы тәуелсіздік кезеңінде қайта түлеп, кезінде айта да, жаза да алмаған «ақтаңдақ» тақырыптарды алғашқылардың бірі болып көтерген еді. Оның осы көлемді шығармашылық мұрасының арасынан біз зерттеу ұстанымдарымызға сай тек тарихи тұлғаларға қатысты зерттеулеріне талдау жасайтын боламыз.

К. Нұрпейіс отандық тарихшылардың алғашқы буыны өкілдерінен Х. Досмұхамедұлы мен М. Тынышпаевтың өмірбаянымен бірге олардың шығармашылығына алғашқылардың бірі болып тәуелсіздік кезеңінде ғылыми баға берді. Айталық, Алаш партиясы мен Алаш Автономиясының үкіметі тарих сахнасынан кетіп, олардың халық таныған көсемдері саяси күрес пен қызмет аясынан күштеп қуылған соң Халел Досмұхамедов «табиғат берген дарынының арқасында өз халқына оқу-ағарту, ғылыми ұйымдастырушылық салалары арқылы білек сыбана қызмет етуге кірісті» [6, Б.133] деген тұжырым жасайды. Халелдің бұл қызметі оның өмірбаянына Ташкент кезеңімен (1920–1924 жж.) байланысты болатын.

Ал Мұхаметжан Тынышпаевқа қатысты зерттеуінде («Мухаметжан Тынышпаев – видный общественно-политический деятель») қайраткерді «Туған халқының тарихы, қазақ рулары мен тайпаларының генеологиясы туралы қызықты зерттеулер қалдырған қазақ тарихы, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігінің үлкен білгірі» [6, Б.334] деп баға береді. Сонымен бірге қайраткердің Түркістан Мұхтариаты қуып таратылғаннан кейінгі кезеңде Жетісудағы саяси қызметі (1918–1919 жж.) деректік негізде тұлғаланған.

Өте қарқынды қоғамдық-саяси қызметіне қарамастан саяси тарих саласы бойынша соңына біршама мұралар қалдырған Т.Рысқұлов туралы зерттеуінде («Турар Рыскулов и его время». В.К. Григорьевпен бірге жазған) қайраткердің тарихшылығына тоқталады. Т. Рысқұлов 1924 ж. Мәскеуге Коминтерн Атқару комитетінің Орта-шығыс бөлімі аппаратына қызметке ауысқан кезінде «Ол деректі тарихшы қызметін атқарып, бұл жолы 1917-1920 жылдардағы өлкенің негізгі саяси күштерінің күресін, бұл күрестегі ауыл және қыстақ еңбеккерлерінің орны мен рөлін сипаттайтын материалдарды көпшілікке ұсынады» [6, Б.156-157] деп оның шығармашылық кредосынан хабар береді. Т. Рысқұлов осы кезде «Революция и коренное население Туркестана» деген жинақ шығарған. Осы және одан кейінгі еңбектерінде Т. Рысқұлов шығармашылығында маркстік-лениндік ұстанымдарды, таптық-партиялық қағидаларды басшылыққа алды. Ол тарихшылардың «қызыл профессура» легінің өкілі болып саналмағанымен де методологиялық

ұстанымдары бойынша олардан алшақ кете қойған жоқ еді. К. Нұрпейістің Т. Рысқұловты өмірбаяндық тұрғыда тұлғаландыруымен бірге оның тарих саласындағы ізденістерін атап өтуінің маңызы ерекше.

К. Нұрпейіс тұлғаландырған қайраткерлердің бірі – Ораз Қиқымұлы Жандосов. Қоғамдық-саяси өмірбаянын ғылыми қалпына келтірген ғалым қайраткердің тарих саласындағы қызығушылығын былай талдайды: «О.Қ. Жандосов Қазақстан тарихының жеке мәселелерін зерттеумен шындап айналысты: оны Қазақстанның Ресейге қосылуы, тарихи демография, қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары, 20-30 жылдардағы Қазақстанның ауылы мен деревниасының саяси өмірі және әлеуметтік-экономикалық дамудың жекелеген аспектілері қызықтырды» [6, Б.273–274]. Сонымен бірге ол зерттеулерінде алғашқылардың бірі болып әлеуметтану мен статистикалық тәсілдерді қолданғандығына назар аударады. К. Нұрпейістің сомдаған тұлғалар галереясында А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев, М. Шоқай, Ш. Есенов және т.б. қайраткерлер бар.

К. Нұрпейіс отандық тарих ғылымының дамуы мен қалыптасуында тарихшылардың өзара қарым-қатынасы да көп рөл атқарғандығын айта келіп, А.М. Панкратованың қызметін жоғары бағалайды. Оның ғылыми-ұйымдастырушылық және зерттеушілік өмірінің Алматы қаласында болған эвакуациялық кезеңі (1941–1943 жж.) барынша жемісті болғаны аңғарылады. Ол А.М. Панкратова «отызыншы жылдардың өзінде Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы тарихын зерттеп жүрген профессорлар С.Ж. Асфендиаров пен М.П. Вяткинге методологиялық және нақтылы ақыл-кеңестер берген» [104]. Осы мақаласында С. Асфендиаровтың тарих ғылымындағы үлесі ретінде «Қазақстан тарихын дәуірлерге бөлудің негізінен өмір шындығына сай үлгісін жасағандығы» екендігін атап көрсетеді.

XX ғасырдың 20–30 жылдардағы қазақ қайраткерлерін тарихи тұлға ретінде тұлғаландырудың мәселесі кеңестік тарихнамада таптық-партиялық тұрғыда сыңаржақ бағаланып келгені белгілі. Бұл ұстаным тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде кері бағытта өрбігені тағы белгілі. Яғни кеңестік қоғамдағы партиялық-мемлекеттік номенклатура «жағымсыз» кейіпкерлерге, ұлтшыл элита өкілдері «жағымды» кейіпкерлерге айналдырылды. Олар бір-біріне қарсы қойылу арқылы тұлғаландырылды. Бұл отандық тарихи тұлғатану методологиясының «балаңдық ауруы» деп бағалауға болатын құбылыс еді. Бұл құбылыстың бүкіл посткеңестік кеңістікте өріс алғандығын ескерер болсақ, сонда оның себебін алыстан емес, кеңестік тарих методологиясына балама іздестірген тарихшылардың уақытша қолданысқа алған ортақ әдіс-тәсілі ретінде қарастырамыз. Осы түйінді мәселеге алғашқылардың бірі болып назар аударған К. Нұрпейіс Ә. Бөкейханов бастаған арыстардың заман талабын абыроймен атқарғандығын, олармен саяси-идеялық қарама-қарсылықта болып, таптық-партиялық ұстанымды, социалистік идеяны таңдаған Т. Рысқұлов, О. Жандосов, С. Сейфуллин сияқты зиялылар тобы да қазақ халқының «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бақуатты өмірге жетуін ойлады. «Бұлар бір-бірімен

айтысып, өкпелескенімен, бір-бірін өлімге қиған жоқ. Бірі – «қазақ халқын эволюция жолымен өркениетке жеткіземіз» деді. Енді бірі – «реформа емес, революция жолымен, яғни тез қарқынмен өркениетке жеткізу керек» деді. Түпкі ойлаған мақсат-мүдделері бір болды да, осы мүддеге жету жолын, тактикасын олардың әрқайсысы өздерінше таңдап алды» [105] деген тұжырым жасайды. Бұл тұжырымды тұлғалар шоғырының саяси қызметін бағалаудағы өлшемдердің бірі ретінде қабылдауымызға болады.

Демек, тұлғатану бағыты методологиясының қалыптасуы да аз ба, көп пе, алыс па, жақын ба – әйтеуір бір эволюциялық даму жолынан өтуі керек екендігін аңғарамыз. Тарихи тұлғатану бағыты тек академиялық үлгіде қалыптаспайтындығы белгілі. Оның үстіне осы бағытта зерттеу жүргізетін ғалымдардың қолданған өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдері, ұстанған методологиялық ұстанымдары, саяси позициясы, соңында олардың өздеріне тән стилі болатындығын да ескеруіміз керек. Тарихи тұлғатануда тұрақты және барынша өнімді еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі – Бейбіт Қойшыбаевтың шығармашылығына арнайы талдау жасау қажет деп білеміз. Өйткені тарихшы (тарих ғылымдарының кандидаты), жазушы (Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі), саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты құрылған республикалық «Әділет» ағартушылық қоғамы басшыларының бірі болған Б. Қойшыбаевтың тұлғатану бағытындағы зерттеулеріне осы кезге дейін назар аударылмай келеді. Оның себебі, біріншіден, тарихшылар қауымы Б. Қойшыбаевты әдебиетшілер санатына қосса, әдебиетшілер қауымы оны тарихшы деп қабылдайды. Оның мәнісі ғалымның тарих ғылымы мен көркем әдебиеттің танымдық мүмкіндіктерін пәнаралық байланыстар тоғысында қолданған стилінен туындап отырғандығын атап айта аламыз. Тарихи танымға ғылымилық та, көркемдік-образдық та бейнелер жат емес. Мәселе ғылыми және көркемдік ақиқаттың арақатынасына байланысты болып тұр. Сонымен, ғылыми дерегі көркемдік образға ұласқан Б. Қойшыбаевтың отандық тұлғатанудағы үлесі қандай, осы бағытқа қандай танымдық және ғылыми жаңалықтар ұсына алды, кімдерді және қалай тұлғаландырды деген сауалдарды алға тарта отырып, оның шығармашылығына талдау жасап көрейік.

Ұзақ жылдарғы зерттеулерінің қорытындысы ретінде Б. Қойшыбаевтың «Түнектен оралған есімдер» атты көптомдық еңбегі [9] еңбегі жарық көрді.

Осы көптомдықтың алғашқы кітабы «Төрт күлік» [105] деп аталады. Осы кітапта ғалым Ә. Бөкейханов, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай және Н. Төреқұловтардың тарихи бейнесін тұлғаландырған. Ғалымның ғылыми айналасындағы дереккөздерді түсіндіруде (трактовка) қолданған тәсілдерінің бірі, естеліктермен бірге мемуарлардың да мәліметтерін қиюластырып қолдануы деп білеміз. Айталық, осы кітаптағы Н. Төреқұловқа қатысты зерттеулерінде құпия қорлардағы архив деректерін С. Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» атты монографиясының және қайраткердің өнегесін көріп өскен Ж.Арыстановтың «Таң жұлдызы» романындағы естеліктерімен

салыстыра отырып пайдаланып, өз топшылаулары мен болжамдары арқылы тарихи оқиғаның ақиқатына көз жеткізуге ұмтылады [105, Б.236].

Тұлғатануда да өзге бағыттардағы сияқты «ізашар» деген ұғым қолданылады. Оның мәнісі – ғылыми танымда бұрын тұлғаланбаған тұлғаны алғаш рет тұлғалап, ғылыми айналымға ұсынушылық. Б. Қойшыбаев та осы тұрғыда бірнеше есімі елеусіз болып келген тұлғаларды алғаш рет айналымға ұсынған тарихшы. Сондай тұлғалардың қатарында Сералы Лапин, Қоңырқожа Қожықов, Ораз Жандосовтарды атауға болады [106, Б.192] бұл қайраткерлер жайлы қазіргі кезде жарық көрген ғылыми, танымдық еңбектердің бастауында Б. Қойшыбаевтың тұрғандығын аңғарамыз.

Б. Қойшыбаев республикалық «Әділет» ағартушылық қоғамы басшыларының бірі ретінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесіне белсене араласты. Бұл мәселе қайта құру кезеңінде және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «Саяси қуғын-сүргінге кім кінәлі?», Ә. Тәжібаев айтқандай, «Атқызған кім, атқан кім?», «Қаным қайда төгілген, тәнім қайда көмілген?» деген сауалдарға жауап іздеген барынша қытықты және шамшыл тақырыпқа айналған еді. Ғалым осы мәселеге қатысты методологиялық ойларын аталған жинағының 3-кітабында қозғайды.

Пікірін таратар болсақ, саяси қуғын-сүргін туралы сөз қозғағанда алғашқы кезекте жазықсыз жапа шеккендер, құрбандар жайлы айтылады. Негізінен, тек соларды еске алу, есімдерін ұлықтауға қатысты мәселелер ғана көтерілді. Бірақ осы қуғын-сүргінге себеп болған, осы қуғын-сүргінді іске асырған билік пен орындаушылар жайлы әңгіме қозғалмайды. Оның себебі мемлекеттік террор жасағандар, мемлекеттік қылмысқа жол берген тұлғаларды айыптайтын сот процесінің жүрмегендігі, тиісті заңнамалық акт қабылданбағандығы зерттеушілердің ізденістеріне қолбайлау болатындай. Осы тұрғыдан қарастырғанда отандық тұлғатанудың да ұстанымдары қайта қаралуы керек сияқты. Осыған байланысты Б. Қойшыбаев «мұрағаттардан алынған жаңа деректер (Рысқұловтың Сталинге хаттары) негізінде кейінгі уақыттарда баспасөзде жария болған жаңалықтар мәселеге жеке тұлға аумағынан асып, кең көлемде қарауға, идеологиялық күрес шындықтарын тануға ұмтылдырды» [107, Б.16] деген тұжырым жасайды.

Архив қорларынан табылып, айналымға ұсынылып жатқан «деректер осынау тұлғалар арасында елеулі күрес жүргенін көрсеткенімен, олардың еңбектерінің мән-маңызын жоққа шығара алмайды. Бірақ бұл олардың арасындағы айтыс-тартысты мүлдем елемеу керек деген сөз емес, керісінше, бізге олардың сонау күрестерінің мән-жайын, туу себебін, салдарларын ажырата білу ләзім» [107, Б.17] дей келіп, бұл мәліметтердің жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену үшін, болашағымызды айқын түсінуіміз үшін, тіпті тарихтан сабақ алуымыз үшін керек екендігіне назар аудартады. Шындығында, топтық, жершілдік мүдделер кейбір жекелеген қайраткерлердің төңірегінде оның қызметі мен ролін мифтендіру тенденциясы орын алып отырғаны жасырын емес. Т. Рысқұловтың 1924 жылы И. Сталинге жазған құпия хаттарының жария болуы қоғамдық пікірде

резонанс тудырғаны белгілі. Осыған байланысты Б. Қойшыбаев «Оларды жасыруға болмайды, біздің демократиялық қоғамда жабық тақырып болмауға тиіс, қайта бәрін ғылыми айналымға түсіріп, талдау жөн: ...есте ұстауға тиіс жайт сол, мұндай шаруа ұлттық мақтаныштарымызды тұғырдан тайдыру үшін жасалмауы керек, ...бүгінгі күннің пайдасына, яғни жан-жақты да адал азаматтарды тәрбиелеу ісіне жұмсау үшін атқарылуы тиіс» [107, Б. 21] деп жүргізілетін зерттеудің мақсаты мен міндетін айқындайтын методологиялық өлшем ұсынады. Шындығында қоғамды топтық қағидамен бір-біріне бітіспейтін екі жікке бөліп тастаған кеңестік идеологияның стереотипі өміршең екендігін тарихи танымдағы тұлғаларға қатысты «қимастық пен жеккөрушілік сезімдердің бірін-бірі оңай алмастыратындығынан айқын көреміз. Осыларды ескере отырып, тарихи танымды қалыптастыратын тұлғатанушылардың алдына «бізге ұлттық ымыра қажет», оны жай ұранмен, яки әлдебір тиым салумен орнатам деу қате, оған тек қана ашық талқылау, мәселені айқын түсіну, жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену арқылы қол жеткізуімізге болады» [107, Б.21] деген ұсынысы да қолдауға лайық.

Б. Қойшыбаев бұл кітабында Т. Рысқұлов, С. Қожанов, С. Садуақасовтарды тұлғаландырады. Өзіне оңтайлы зерттеу әдісіне сай айналымдағы архив деректерін естеліктермен салыстыра отырып пайдаланатын тарихшы С. Қожановқа қатысты зерттеуінде оның өмірлік жары, АЛЖИР тұтқыны Гүландам Қожанова-Лапинаның қызы Зиба Қожанованың естеліктерін шеберлікпен қолданады.

Ғалым-жазушы төрт томдық кітабының соңғы кітабында [108] ұлт қайраткерлері О. Исаев, С. Асфендияров, М. Жұмабаев, Қ. Кеменгеров, Д. Әділов, С. Сегізбаев, Ж. Садуақасов, Л. Мирзоян, Ғ. Бөкейханов, Т. Жүргеновтерді тұлғаландырған. Осы кітаптан Л. Мирзоянға қатысты зерттеуіне ден қоюымызға тура келеді. Оны тұлғаландыруға қатысты зерттеулерімен ғылыми көзқарасынан эволюциялық жолын аңғаруымызға болады.

Сақтаған Бәйішев Мирзоянды 1977 жылғы жазбасында қазақ халқына аса үлкен қызмет жасаған көрнекті партия қайраткері деп тұлғаландырса Бейбіт Қойшыбаев та 1989 жылғы мақаласында осы сарындағы ойларын ортаға салған екен. Тарихи процес сияқты тарихи танымның да өз эволюциялық даму жолы болады. Сол сияқты Б.Қойшыбаевтың кейінгі зерттеулерінен осы эволюциялық дамуды көреміз. «Тағы да Мирзоян жөнінде» деген мақаласында «Л. Мирзоян жайында мен қайта құру жылдары жазған едім. 32-нің қасіретінен кейін оның қазақ еліне тигізген шарапатына сүйсініп, өткерген революциялық жолын сүйсіне жаңғыртқан мақаламды 1988 жылы жазыппын. Алайда сондағы шалқыған сезімім тым біржақты болған екен» [108, Б.174] деген Б. Қойшыбаевтың жазбасынан оның тарихи тұлғаға деген көзқарасының жаңа деректердің айналымға шығуына байланысты мазмұндық қана емес, сонымен бірге методологиялық тұрғыда да өзгеріске түскенін аңғарамыз.

Бұл жердегі мәселенің түйіні қазақ халқының ашаршылыққа ұшыраған кезінде, Қазақстанның басшылығына тағайындалып, тоталитарлық биліктің реформаларының апатты салдарларын жоюға күш салған Л.Мирзоянның 1937 ж. желтоқсанда Сталинге жолдаған құпия хатына қатысты туындап отыр. Мирзоян осы күні республика бойынша репрессиялауға тиіс адамдардың санын 1-категория бойынша – 100, 2-категория бойынша 1000 адамға көбейту жөнінде ұсыныс берген. Саяси Бюро ұсынысты 3-желтоқсан күні бекіткен [108, Б.177-178]. Әлемторға тарап кеткен осы құжат саяси қуғын-сүргін құрбандары тарапынан «ашу-ыза тудырғандықтан «Әділет» ағартушылық қоғамы мәселені бірнеше рет талқылаған. Осыған байланысты Б. Қойшыбаев «Еліміздің тізгінін ұстаған жанның ел мүддесіне кереғар жасаған, қоғамымыздың қаймағынан айрылуға апарған мұндай әрекеттерін қалай бағалауға болады?» [108, Б.180] деген сауалға «Мәселе сананы ағартуда, азаматтарды шыншыл тарихпен тәрбиелей түсуде жатыр» деген тұжырым ұсынады.

Қорыта айтқанда, тарих ғылымының бір миссиясы – ақиқатты айту деген ұстанымды басшылыққа алған тарихшылар архив қорларынан табылған құжаттарды айғақ-дәлел ретінде археографиялық өңдеуден өткізіп, осылайша тарихи ақиқаттарды ғылыми қалпына келтіруге үлес қосатын болады. Тарихи тұлға ретінде С.Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметінің зерттелуі мен бағалануы да негізінен жаңа деректердің іздеп табылып, айналымға ұсынылуына байланысты өзгеріске түсуі, жаңалануы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

II АКАДЕМИК САҚТАҒАН БӘЙШЕВТІ ҒЫЛЫМИ ТҮЛҒАЛАНДЫРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

2.1 Сақтаған Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметі

Зерттеудің бұл бөлімінде С.Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметін арнайы қарастыруды мақсат етіп қойдық. Тарихи тұлғаларға қатысты қоғамдық-саяси өзгерістердің ықпалымен тарихи таным да күрделі өзгерістерді бастан өткеруде. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде елімізде ғылымды дамытуға қатысты «... елімізде көп жыл бойы қордаланған мәселе әлі де аз емес, түрлі саладағы түйткілдер шешілмеді. Соның салдарын енді көріп жатырмыз. Қалай десек те, алдымызда бір ғана жол бар. Біз барлық мәселені міндетті түрде шешуіміз қажет» [1] деген тұжырымын басшылыққа алатын боламыз. Мемлекет басшысының сөзінде айтылғандай, тарих ғылымы саласында да шешімін күткен мәселелер аз емес. Сондай мәселелердің бірі – өткен тарихымызды тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы және жеке өзінің өмірбаяны арқылы ғылыми тұлғаландыру болып отыр. Біздің диссертациялық зерттеуіміз де осы тарихи тұлғатану бағытының күрделі мәселелеріне ғылыми көзқарас орынықтыру болмақ.

«Ұлттық тарих үлгісі негізге алынатын маңызды әдіснамалық көзқарас тарихи сана мен гуманитарлық білімді отарсыздандыру болып табылады. Осы күнге дейін қазақ тарихын бейнелеуде еуропалық тарих тәжірибесіне негізделген концепциялар басым» [40] екендігіне тоқталады.

С.Б. Бәйішев 1931 ж. 18 майда ҚазОАК жанынан Қазақ өлкелік комитеті секретариаты қаулысымен құрылған марксизм-ленинизм институтында еңбек жолын бастады. Бұл атау кейінен 1933 ж. сәуір айынан марксизм-ленинизм Қазақ ғылыми-зерттеу институты болып аталды. Ал 1934 ж. 11 сәуірінен БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті бюросы қаулысымен Қазақ атқару комитеті мен Қазақстандағы БКП(б) біріккен партия архиві бөлімшесі және Марксизм-Энгельс-Ленин-Сталин Қазақ институты болып қайта құрылды. 1939 ж. 2 желтоқсанда БКП(б) ОК қаулысында партия архиві құрамынан шығарылған Қазақстан КП(б) ОК қарамағындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының Қазақ филиалына айналды.

Сақтаған Бәйішұлы 1937 ж. осы аталған партия тарихы институтының директоры болып тағайындалды [3, Б.272] Бұл қызмет арқылы өзіне сеніп тасырылған білікті оқу орнының басшылығы өнегелі де білімділікті талап ететін қызмет екенін, жеке басына үлкен жауапкершілік артылғанын түсіне білді. Содан да осы саяси-идеологиялық мекемені одан әрі көркейту, қызметке жас мамандарды тарту сияқты істерге баса көңіл бөлді.

Институт басқармасындағы қызметінде бір жыл көлемінде ғана болған С. Бәйішев, 1938 ж. сәуір айынан бастап Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін бұрындары Ғаббас Тоқжанов, Ғабит Мүсірепов, Жүсіпбек Арыстанов сияқты білімді де беделді мәдениет қайраткерлері басшылық еткен «Социалистік

Қазақстан» газетінің редакторлығына ауыстырылды. Бұл туралы ҚК(б)П Орталық Комитетінің 1938 ж. 9 сәуірдегі С. Бәйішевті институт директорылығынан босатып, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторлығына бекіту туралы №49-10 шешіміне КП(б)К ОК хатшысы Л. Мирзоянның өзі қол қояды [3, Б.272].

Бұндай қызметтік ауыс-түйіске өз келсімі болмаса да Л.И. Мирзоянның ұсынысымен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бюросы мәжілісі С. Бәйішевтің өз пікірін сұрап жатпастан редакторлыққа бекітіп жіберген. Бұл – партиялық номенклатурасы жүйесіндегі қалыпты жағдай еді. С. Бәйішевтің орнына Партия тарихы институтының директоры болып Мирзоянның жұбайы Ю.Т. Тевосянның тағайындалғандығын ескерер болсақ, онда бірінші басшының жұбайына білікті маманның «орын босатып беруіне» тура келгендігін аңғарамыз. Сөйтіп, сол кезден бастап бірсыпыра уақыт Л.И. Мирзоянның тікелей басшылығымен С. Бәйішевке газетте істеуге, сонымен қатар бүкіл республика өміріне қоян-қолтық араласуына тура келеді.

Ол кезде қалыптасқан дәстүр бойынша республикалық «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газет редакторлары Орталық Комитеттің бюро мәжілісіне, республикалық түрлі маңызды шараларға үнемі қатынасып, партия, совет, шаруашылық өмірінің аса маңызды, күрделі мәселелері жан-жақты талқыланып отырған. Бұлар жөнінде көбінесе республиканың жауапты қызметкерлері - Орталық Комитет хатшылары, бөлім меңгерушілері, Халық Комиссарлар Советінің басшы қызметкерлері, халық шаруашылығының әртүрлі салаларын басқаратын халық комиссарлары, белгілі шаруашылық басшылары мен ірі ғалымдар баяндамалар жасайтын. Мәжілісте талқыланған мәселе бойынша қатысушылар пікір алысады, ұсыныстар жасалады т.б.

Бұл кезде Орталық Комитет төңірегінде, республикалық, облыстық түрлі жауапты қызметтерде жүрген О. Исаев, С. Нұрпейісов, О. Жандосов, І. Қабылов, Ж. Садуақасов, Ә. Досов, Н. Нұрмақов, И. Богданов, С. Есқараев, Ф. Оликов, Т. Жүргенов, С. Сегізбаев, И. Лазарев, В. Степанов, К. Лаврентьев, С. Сапарбеков, К. Сарымолдаев, Н. Сырғабеков сияқты білімді де іскер саяси қайраткерлер болды. С. Бәйішев осы аталған саяси тұлғалармен қоян-қолтық қызмет атқарды. Бұл аталған қайраткерлердің барлығы да партиялық-мемлекеттік номенклатураның типтік өкілдері болатын. Олардың қоғамдық-саяси қызметтеріне баға бергенде – жетістіктері мен кемшіліктеріне – алғашқы кезекте коммунистік партияның қоғамдық тәжірибесімен тығыз бірлікте [3, Б.273] қарастыру ұстанымын басшылыққа аламыз.

Сақтаған Бәйішев партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілдеріне жасалған қолайлы жағдайды пайдаланып, қызмет бабымен және туристік сапармен шетелдерге жиі шыққан ғалым. Ол осы сапарларының өзін тарихитанымдық мақсаттарда ғана емес, ел игілігіне арналған мақалалар ретінде жариялап отырған. С. Бәйішев Кеңес әскерінің қатарында Германияда 1945

ж. сәуірінен қарашаға дейін болған. Соғыстан кейінгі күрделі кезеңнен хабар беретін «Берлиндегі бір күн» (очерк) («Социалистік Қазақстан» газеті. 1 май 1946 ж.) атты мақаласы қазақ журналистикасында елеулі жаңалық болды. Жай ғана журналистік баяндаумен шектелмей, өз көргені мен көкейге түйгенін саяси-әлеуметтік мәселелерге ұластырған ғылыми ақпараты мол осындай мақалалары арқылы С.Бәйішев шетелдік сапарларға арналған ғылыми мақалалар жанрының негізін қалаушылардың бірі болды. Олай дейтініміз, 1960 ж. маусымында кеңес ғалымдары делегациясының құрамында Ұлыбританияда, 1965 ж. қарашада АҚШ-та болған. Ал 1969 ж. туристік сапармен Европа елдерін аралаған. Ғалымның шетелдік сапарлары қатарына Чехословакияны да қосуға болады. 1963 жылы Карловы Варыға емделуге барған [35, 4-п.]. С. Бәйішовтың осы сапарларының барлығы да ізсіз қалмай, баспасөз беттерінде, ғылыми мақалаларында көрініс тауып жатты [3, Б.275].

С.Бәйішевтің шетелдік іссапарларының бірі Англияның ғылым орталығы – The Royal Society Корольдік қоғамының 300 жылдық мерекесіне совет ғалымдары атынан барған делегация құрамында іске асты. Делегация мүшелері академик Н.Н. Семенов делегация бастығы, академик Ю.А. Орлов, академик В.А. Энгельгард, Украина Ғылым академиясының президенті академик А.В.Палладин, Беларусь Ғылым академиясының президенті академик В.Ф. Купревич, Грузия Ғылым академиясының президенті академик А.И. Мухашвили, Армения Ғылым академиясының академигі Г.И. Магакян, Өзбек Ғылым академиясының академигі Т.А. Сарымсаков, профессор Н.Н. Поляков, профессор С.Т.Хабибуллиндермен бірге ҚКСР ҒА вице-президенті С.Бәйішев болды.

Академик осы сапардан алған естеліктерді «Лондонда болған 10 күн (жазба дәптерінен)» деген атпен мақала етіп жариялады. Мақалада 1753 ж ашылған Британ музейінен әлемдік мәдени мұраларды сақтау қызыметіне ерекше тоқталады.

Британия музейінің барынша қасиетті, аса зор игілікті істерін сипаттайтын мына бір фактіні айтпауға тағы болмайды. Бұл музей біздің қазақ халқының да тарихына көңіл аударып, ол жөнінде, тырнақтап дерлік, қажетті деректемелер жинаған. Мәселен, бұл музейдің коллекциялары ішінде қазақ халқының 44 дана этнографиялық заттары (қазақ киімдері, қазақ үйлерінің мүліктері, ер-тоқым, өнер аспаптары және басқалар) бар. Бұлар аса мұқиятты түрде сақтаулы екен. Музейдің жауапты қызметкерлерінің бірі Карстон мырза бұл коллекцияларды тағы да көбейткісі келетіндігін айтты.

Британия музейінің кітапханасында қазақ ғалымдары мен жазушыларының кітаптары да көздің қарашығындай сақтаулы. Мұнда бірінші қазақ ғалымы-ағартушысы Шоқан Уәлихановтың 1865 жылы Лондонда ағылшын тілінде басылып шыққан кітабынан бастап, қазіргі қазақ ғалымдарының еңбектеріне дейін тегіс бар. Бұл еңбектер арқылы ағылшын жұртшылығы қазақ халқының өткендегісімен де, қазіргісімен де танысатын

көрінеді. Бұл үшін Британия музейі коллективіне шын жүректен алғыс айтпасақ, кешірілмейтін күнә болар еді».

С.Бәйішевтің шетелдік іссапарлардағы әсерлері жазылған мақалаларының арасынан Ұлы-Британияға сапарының мақаласына кеңірек тоқталуымыздың мәнісі – оның халқымыздың материалдық мәдени мұрасының шетелдерде сақталуы мен насихатталуына ерекше мән беріп, осы мәселеге барынша жанашырлық танытқандығын атап көрсету болатын.

Академиктің шығармашылық ауқымының тақырыбы барынша кең еді. Академиядағы вице-президент қызметіне сай қазақ гуманитарлық ғылымдарының даму бағыттары мен міндеттерін айқындайтын методологиялық сипаттағы мақалалар жариялап отырды. Айталық, «Профессор М.Ауезов в плену своих прежних идеологических ошибок» («Социалистік Қазақстан» 14 наурыз 1947 г.); Новый алфавит казахского языка («Казахстанская правда» 19 ноября 1940 г.); О неотложенных задачах казахской литературы и литературоведы («Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда». 15 март 1947 г.); Некоторые вопросы терминологии современного казахского языка («Әдебиет және искусство». № 1. 1954.); Некоторые вопросы социально-экономической терминологии казахского языка (вступительная статья к сборнику «Казахский терминологический словарь»). Изд. АН КССР. 1948. Алма-Ата) сияқты мақалалары уақыт талабынан туындаған мемлекеттік бағдарламалар, сонымен бірге ең бастысы партияның идеологиялық тапсырысы аясында жазылды. Солардың бірі М. Әуезов жайлы «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған мақаласы жазушыны ұлтшылдыққа айыптауға арналды [3, Б.176)]. Сақтағанның осы аталған мақалаларына жасалған талдаулар оның өз заманының перзенті ретінде өзі өмір сүргін қоғамның және өзі қызмет еткен лауазымның аясында сөз сөйлегендігін, бір сөзбен айтқанда коммунистік идеологияның сойылын соққандығына көз жеткізеді.

Осы жерде тарихи таным эволюциясы ұстанымын басшылыққа алып, С. Бәйішевтің жоғарыда аталған мақалаларының арасында М. Әуезовке қатысты жариялануына кеңірек тоқталуға болады. Аталған мақала М. Әуезовтың ұлтшылдыққа айыпталып, қуғын көрген кезінде жазылған болатын. Онда жазушының тарапына орынды-орынсыз ауыр айыптар тағылып, шығармашылығы партиялық сынға алынған еді. Соған қарамастан олардың арасы аса бір салқын сипат ала қойған жоқ. Оған дәлел, С. Бәйішевтің Ғылым академиясына мүшелікке, одан әрі вице-президенттікке сайланған кезінде оны қолдаушылардың бірі Мұхтар Әуезов болды.

С.Бәйішевтің М.Әуезов туралы жазған мақаласы туралы тәуелсіздік кезінде қызу талқыланудың нысанына айналғандығын аңғарамыз. Айталық, басылымдарда (Баишев С. Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында: [М.Әуезовты қаралаған мақаласы. 1947 ж. 14 мартта «Социалистік Қазақстан» газетінен]. / С. Баишев // Абай. - 1997. -№2-3.-137-141 б.; Баишев С. Профессор М. Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында: С.Баишевтің заманымыздың заңғар жазушысы, академик Мұхтар Әуезов

туралы 1947 жылғы қаралы партия қаулысының ізімен жазған мақаласы. / С.Баишев // Қазақ және әлем әдебиеті = Казахская и мировая литература. - 2005. - № 1. - 19-22 б.) мақалалар жариялады. Соңғы мақалада С.Бәйішевті осы мақаласы үшін біржақты айыптауға негізделген пікірлер айтылады.

С.Бәйішевтің осы мақаласына қатысты пікір білдірген Ә.Нұрпейісов былай дейді: «М. Әуезов жайындағы мақалаға келетін болсақ, ол да сол шақтағы солақай саяси науқанның Сәкенді мәжбүр еткен көрінісі. Оны кейінірек Мұқанның өзі де сезінді, кек тұтпады. Тіпті 1956 жылғы 15-16 маусымда өткен Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жиналысында С. Бәйішевтің Қазақстан Ғылым академиясының академигі болып сайлануына қолдау білдіріп, сөз сөйлеп, есеп комиссиясының төрағасы болған, содан кейін вице-президент болып сайлануына дауыс берген М.О. Әуезов болатын» [57, Б.146] деп ой қорытады.

Лауреат жазушының көзі тірісінде республикалық деңгейде алғаш рет атап өтілген мерейтойы 1959 жылы өткен еді. Қазақ КСР Ғылым академиясы мен Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған осы мерейтойда Сақтаған Бәйішев «Дарынды ғалым» деген тақырыппен баяндама жасаған (М.О. Әуезовке. Алпыс жылдығына арналған мақалалар жинағы. Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. Алматы, 1959 жыл 45-49 беттер). Осы баяндамасында ол «қоғамдық ғылымдардың Қазақстанда іргетасының қалануына, кейін құлаш сермеп, өрлеуіне алдымен атсалысқан, өзіне лайық үлес қосқан азамат – дарынды ғалым М.О. Әуезов болды» деп баға береді. Одан әрі Мұхтар Әуезовтың ғылым салаларындағы еңбектерін талдау жасай келіп, оның басты еңбегі «Қазақстандағы қоғамдық ғылымдардың тарихында М. Әуезов Абай туралы қазір кемеліне дамыған ілімнің негізін салушы деп танылады» екендігін шегелеп тұрып айтады. Бұл әрине, академик-жазушының басты еңбегіне берілген әділ баға еді. Сонымен бірге жазушының еліміздегі аударма ісінің дамуын қосқан өлшеусіз үлесіне де әділ баға берді. «Аударманың теориялық мәселелерін талдаған бір тамаша еңбегінде М. Әуезов шығарманың мазмұнын дәл беретін, балама аударманы бірден-бір дұрыс жол деп есептейді, ал сөзбе-сөздікке, әріпқойлыққа негізделген аударманы да, еркін, яғни жайыла аударманы да теріс, қолдануға болмайтын әдіс деп ашық атайды» деген ғылыми бағаны өзі де осы аударма ісінің бар қиындығын көрген Сақтаған Бәйішевтің аузымен айтылуы барынша әділетті еді.

С.Бәйішевтің Әуезовке қатысты екі мақаласының арасында 22 жылдық белес жатыр. Таным эволюциясы үшін аз уақыт емес еді. Осы кезеңде қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістер ықпалы екі қайраткердің тұлғаралық байланыстарынан осылайша көрініс тапты.

С. Бәйішев 1938 ж. 8 сәуірде ҚКП(б) ОК бюросының шешімімен Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми институтының директоры қызметінен босатылып, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторлығына бекітілді.

1946 ж. 3 қаңтарда ҚКП(б) ОК шешімімен ҚКСР ХКК жанындағы Өнер жөніндегі басқарманың бастығы болып тағайындалды [35, 21-п]. Оны бұл

қызметке ХКК төрағасы Н. Оңдасынов пен ОК хатшысы С. Яковлевтер ұсынған.

Орталық комитеттің хатшысы С. Яковлевтің кезекті жоғарылату кезінде С. Бәйішевке берген мінездемесінде «Жұмыста белсенді, мәдениет пен өнер мәселесін жақсы талдау алады. Мәселені шешуде ұқыпты және салмақты» дей келіп, «кемшілігі ретінде «артық мақтаншақтық» бар екендігін жазады» [3, Б.275]. Бұл мінездемеден аңғаратынымыз, партиялық этика бойынша номенклатуралық қызметке кадрлық резерв таңдағанда ол маманға жалпылама саяси мінездеме бере отырып, оның кемшілігін көрсету қатаң талап етілген. Осы орайда Сақтағанға берілген «артық мақтаншақтық» деген мінездемені кадрдың өсуіне кедергі деп қабылданбайтын кезекші (дежурный) мінездеме деп қарау керек сияқты. Өйткені, Сақтағанның сөздері, баяндамаларында және замандастарының естеліктерінде ондай мақтаншақтың мінездің белгісі байқалмайды.

Қ. Сатпаев ҚКП ОК-не жазған хатында С. Бәйішевті өзін ғылыми жұмыстарды ұйымдастыруда іскер және парасатты етіп көрсеткендігін айтып, жемісті ғылыми және қоғамдық қызметінде көпшіліктің құрметіне бөленгендігін, ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстарында үлкен тәжірибесі барлығын айтып, ҒА вице-президенті етіп тағайындауға келісім беруді сұрайды [42, 72–73-п].

Осылайша С. Бәйішевтің ғылыми-ұйымдастырушылық жұмысы ҚКСР Ғылым академиясында жалғасты. 1956 ж. 11–16 маусымы күндері ҚКСР Ғылым Академиясының жалпы жиналысында ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімінің төрағасы академик С.Н. Покровский хабарлама жасап, С. Бәйішевті ҚКСР ҒА Гуманитарлық ғылымдар институттарының Біріккен Ғылыми Кеңесі, С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университеті қоғамдық ғылымдар факультеттерінің ғылыми кеңесі, КОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалы – ҚКП ОК жанындағы Партия тарихы институты ғылыми қызметкерлерінің ұжымы ҒА мүшелігіне кандидат етіп ұсынғандығын айтады. Осы ұсынысты талқылауда академиктер С.К. Кеңесбаев, М.О. Әуезов, Д.А. Зыков, Т.Т. Тәжібаев, Қ.И. Сатпаев, ҒА мүше-корреспонденті Е.Д.Шлыгиндер қолдау білдіріп, жасырын дауыс беру нәтижесінде С. Бәйішев ҒА мүшесі болып сайланған.

Келесі күнгі жиналыста академик А.П. Полосухин ҒА Төралқасының атынан ҚКСР ҒА вице-президенттігіне С. Бәйішевті ұсынады. Ұсынысты Н.Т. Сауранбаев, И.Қ. Қарақұлов және Қ.И. Сатпаевтар қуаттаған. Осы жиында вице-президент болып сайланған С. Бәйішев ҒА редакциялық-баспа кеңесі жаңа құрамына төраға болып бекітілді [35, 54-56-п].

ҚКП ОК бюросы 1959 ж. 20 сәуірдегі қаулысымен С. Бәйішев ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып бекітілді [35, 65-п]. Бұл лауазым С. Бәйішевтің кеңестік биліктің шыңындағы ең жоғарғы қызметі болды. Оның осы лауазымдағы қайраткерлік қызметі арнайы қарастыруды қажет ететіндіктен де біз оған тоқталмадық.

С. Бәйішев Қазақ КСР ҒА вице-президенті ретінде еліміздегі қоғамдық ғылымдардың даму бағыт-бағдарын айқындап, негізгі міндеттеріне назар аударып отырған. Бұл оның қызметтік міндеті болатын. Ал ол қызмет партияның стратегиялық бағытына, идеологиясының ұстанымдарына негізделген. Осы ойды одан әрі тарату үшін академиктің 1959 жылы Әдебиет және өнер институтында «Қазақ әдебиетінің негізгі қағидаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияны» (Алматы 1959 ж. 15-19 маусым) ашарда сөйлеген сөзін талдап көрейік. Бұл алғы сөз конференцияның жинағында жарық көрген (С.Бәйішев. Халқымыздың әдеби мұраларын зерттеу мен пайдалану жайында. Әдеби мұра және оны зерттеу. Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы, 1959 ж. 15-19 июнь. –Алматы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. (13-18 бб) 1961) еді.

Академик конференцияда жасаған баяндамасында «Әдебиетті жасаған адам – халықтың өзі. Солай бола тұрса да, әдебиет ежелден бері фольклор түрінде де, жазба түрінде де, ал қазіргі заманда сан жағынан да, сапа жағынан да бай жанрлары түрінде де адам жанының арқауы, рухани азығы ретінде қызмет етіп келеді» деп бастап, әліміздің әдебиетшілерінің алдында тұрған міндеттерге тоқталады. Ол міндеттер: «әдебиет тарихын жасауда әлі де көлеңкеде, қаға берісте қалып келе жатқан қандай мәселелер бар, әдеби мұраларды зерттеп, сын көзімен қарап пайдалануда жетістіктеріміз бен кемшіліктеріміз қандай, әдебиеттің шын мәнісінде кемеліне келіп қалыптасқан дәуірі – совет дәуірі кезіндегі күрделі мәселелеріне көңіл бөлуіміз жеткілікті ме, оның толып жатқан теориялық проблемаларын – социалистік реализм мәселелерін, заманымыз адамдарының тұлғаларын жасау, өмірді дұрыс көрсете білу жақтарын ашуда әдебиет зерттеушілерінің алдында қандай күрделі міндеттер тұр деген мәселелер» болып тұжырымдалады.

Ол өз сөзінде әдебиеттану саласында шешімін күткен мәселелерді үш топқа бөліп қарастырды. Оның біріншісі – әдебиеттің теориялық мәселелері, екіншісі, әдебиет тарихы, үшінші міндет әдебиеттің идеологиялық мәселелері. Кеңестік қоғамда коммунистік идеологияның талаптарына орай айтылған бұл ұстанымдар бүгінгі тәуелсіз қоғамда ұлттық, мемлекеттік идеология талаптарына да толық сай келеді. Әрине, ұлт үшін мәңгілік мәселелер қоғам өзгеріп, заман ауысса да өз мәнін сақтап қалатындығының бір мысалы осы.

Осы баяндамада бүгінгі күнгі тарихи таныммен қоғам мүшелерінің тосырқай қарайтын пікірлері де айтылды. Сол пікірлерінің бірі Шортанбай ақынның мұрасының зерттелуі жөнінде. Академик бүгінде «зар-заман» ақындарының көрнекті өкілі деп тарихи бағасын алған оның мұрасының түбегейлі зерттелмей, идеологиялық тұрғыда өз бағасын алмағанын сынайды.

«Шортанбайдың идеялық көзқарасының кертартпалығын, жаңалықты, қоғамдық дамудың болашағын көре алмағандығын, өз қоғамын ілгері, прогресс жолымен дамуға шақыра алмағанын, қазақ халқының шын досы кім

екенін білмегенін, сондықтан қоғам тарихында елеулі із қалдыра алмағанын және басқа осал жақтарын әбден ашып, кесіп айтсақ, тарихқа да, ғылымға да киянат болмайды. Бұлай әділ баға беру қазақ халқының тарихына да, арына да ешбір кір келтірмейді, мұны жұрт еңбегіне қарай берілген әділ баға деп біледі» деген сынға бүгінгі күні сын көзбен қараймыз.

С. Бәйшевтің келесі бір сыны Баймырза Хайитқа, оның шығармашылығына қатысты айтылады. Оның «Түркістан ғасырда» еңбегін «біздің бақытты, азат өмірімізге бастан-аяқ жала жабады» деп, оның өз пікіріне «А. Байтұрсынов сияқты қазақ ұлтшылдарының ескі пікірлерін, атап айтқанда, түйемен социализмге баруға болмайды, Қазақстандағы барлық өкімет орыстардың қолында, сондықтан да мемлекеттік ақпаратты жергілікті халықтардың қолына беру керек деген опасыз сөздерін келтіреді» деп коммунистік партияның идеологиялық ұстанымдарымен аяусыз сынға алады. Әрине, бүгінгі танымда жауабы дайын тұрған мәселені одан әрі тарқатудан аулақпыз.

С.Бәйшев сөзінің соңында «сондықтан біз мынаны атап айтқымыз келеді: халқымыз тарихында, өмірінде болған жақсы, пайдалы, керекті нәрсенің бәрін зерттеу, сын көзімен пайдалану, халықтың керегіне жұмсау жөнінде біздің еліміздегідей жұмыс ешбір елде істелген жоқ» деп сол кездегі әдебиеттану саласында атқарылған жұмыстарға әділ бағасын берді.

С. Бәйшев марксизм-ленинизм методологиясына нағыз берілген, идеялық сенімі солай қалыптасқан тұлға болғандықтан да шығармашылығынан осы көзқарасы айқын танылады. Осы тұжырымға нақтылық беру үшін ғалымның негізгі зерттеу еңбектерін атап көрейік. Әр жылдары С. Бәйшевтің «Коммунизм және экономика», «В.И. Ленин и Советский Казахстан», «Социально-экономическое развитие Казахстана», «Великая социалистическая преобразования в Казахстана», «Очерки экономической истории Казахской ССР», «Развития народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти», «Материальная, техническая база коммунизма и ее экономические проблемы в Казахстана» деп келеді. 1962 жылы қорғаған докторлық диссертациясы да «Победа социализма в Казахстане» деп аталады. Академиктің басты зерттеу еңбектерінің тақырыптарының өзі оның кеңестік идеологияның тапсырысына сай орындалған, коммунистік идеяға қызмет еткендігі көзге ұрып тұрғаны белгілі. Солай дегенмен, белгілі бір кезеңдегі қазақстандық ғылыми ойдың биік жетістігі болып саналған еңбектер қазіргі қоғам талаптарымен ой елегінен өткізіп, ғылыми талдауға лайық деп айта аламыз. Олай дейтініміз, академиктің соңына қалдырған ғылыми мұрасы ғылыми ойдың жетістігі болуымен бірге еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының баға жетпес дереккөзі болып саналады. Өйткені ол зерттеулер кабинеттік жағдайда емес, автордың куәгер болып, тікелей араласқан іс-тәжірибелері мен теориялық ізденістерінің жемісі еді.

Айталық, ғалымның Батыс Қазақстанның мұнай және газ кен орындарының геологиялық барлау жұмыстарының тәсілдерін ұсынуы,

Ақтөбе облысында фосфорит, сары фосфор және минералды тыңайтқыштар өндірісін кеңейтуге қатысты талдаулары Қазақ КСР-нің 1970–1980 жылдардағы экономикалық дамуының стратегиялық жоспарына енген еді [39, Б.28–29].

С.Б. Бәйішевтің шәкірті М. Қозыбаев ұстазы туралы «Сәкең ғылым идеологияландырған кезде ғылыми жұмыс жазды. Солай бола тұра ол нақты экономика жағына ойыса беретін, заманына, талабына сай проблемаларды көтеретін» [110, Б.59] деп жазады.

Партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі ретінде ғалым-қайраткердің биліктің алдында алған міндеттемелері болғаны белгілі. Осы жөнінде М. Қозыбаев «Партияның тапсырмасын орындатушы комиссарлық миссияға байланысты өз еңбегінде идеологияға негізделді. Орталық Комитеттің нұсқауымен рецензиялар жазып, атақты замандастарына сөзі тиген кезі де болды» [110, Б.59] деп еске алады. Әңгіменің ауаны М. Әуезовке қатысты екендігі белгілі. Солай дегенмен де, С. Бәйішұлы кеудемсоқтық жасап, өз замандастарын көзге ілмей, алға шығуға ұмтыла бермегені аңғарылады.

С.Б. Бәйішевтің партиялық қызметінде бойына сіңген осы қасиеті туралы оның шәкірттерінің бірі А.К. Қошанов «Сәкең социализмнің негізгі ұлы қағидаларын өзінің өмірлік мақсатына айналдырып баққан, осы ұстанымын дәуір шындығы деп иланып өткен еді. Сәкең өз заманының перзенті, ұлы дүрбелең, жеңіс пен трагедияға толы ғасырдың өкілі еді» [106, Б.60] деп баға береді. Солай дегенмен ұстазы шәкірті алдында кейінгі ұрпаққа аманаттағандай болып, «Социалистік Қазақстанда» редактор болып жүргеннің өзінде талай қыспаққа түскенімде мен ешкімнің үстінен домалақ қағаз жазбаған адаммын» [110, Б.61] деп ағынан ақтарылған екен. Шындығында, С.Б. Бәйішев коммунизмді бүкіл наным-сенімімен қабылдаған, осы қоғамды халқына бостандық пен теңдік, бақыт пен береке алып беретін құтты жол деп шексіз сенген аға буын өкілдерінің бірі болатын. Бүгінгі күні осы аға буынды осындай сенімі үшін кіналауға бола ма?!

С.Б. Бәйішевтің өткен ғасырдың 60-70 жылдары экономика саласындағы жоғары дәрежедегі ғалымдарды дайындаудағы әсері, басшылығы, тікелей қызметі ерекше [110, Б.64] екендігін шәкірттері атап көрсетеді. Демек, қайраткер-ғалымның бүкіл өмірбаянын ғылыми қалпына келтіруде және бағалауда атқарылатын жұмыстар аз емес екендігі байқалады.

Қорыта айтқанда, С. Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметі кеңестік қоғамның аясында өтті. Оның саяси көзқарасы мен азаматтық дүниетанымы кеңестік идеологияның ықпалымен қалыптасты. Саяси қызметі мен шығармашылығы кеңестік билікке жұмыс жасады. Посткеңестік кеңестікте қалыптасқан постструктуралдық методологиялық ұстанымдар қайраткер-ғалымның шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметін бағалауда ол туралы деректерде екшеп, жаңа өлшемдер қолдануды қажет етеді деп білеміз.

2.2 Сақтаған Бәйішев және отандық тарих ғылымы

Сақтаған Бәйішевтің ғылым жолындағы шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қызметінде оның отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін арнайы желі етіп қарастыруға болады. С.Б. Бәйішев 1931 ж. 18 майда ҚазОАК жанынан Қазақ өлкелік комитеті секретариаты қаулысымен құрылған марксизм-ленинизм институтында еңбек жолын бастады. Бұл атау кейінен 1933 ж. сәуір айынан марксизм-ленинизм Қазақ ғылыми-зерттеу институты болды. Ал 1934 ж. 11 сәуірінен БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті бюросы қаулысымен Қазақ атқару комитетінен, Қазақстандағы БКП(б) біріккен партия архиві бөлімшесі және Маркс – Энгельс – Ленин - Сталин Қазақ институты болып қайта құрылды. 1939 ж. 2 желтоқсанда БКП(б) ОК қаулысымен партия архиві құрамынан шығарылып Қазақстан КП(б) ОК тапсырылған Маркс-Энгельс-Ленин институты Қазақ филиалына айналды [3, Б.272].

Сақтаған Бәйішұлы 1937 ж. партия тарихы институтының директоры болып тағайындалды [38, 37-п.]. Өзіне сеніп тасырылған осындай білікті оқу орнының басшылығы өзінен жоғары біліктілікті талап ететін қызмет екенін жақсы түсінген жас маман мекеменің алдында тұрған келелі міндеттерді іске асыруға баса көңіл бөлген.

С. Бәйішевтің партия институтының директорлығында және газет редакторы болған жылдар тарихтың каралы оқиғалары өткен кезең екендігі мәлім. Сондықтан ол 20-30 жылдардағы трагедияны көзімен көріп, басынан өткерген адам. Бірақ, халқының басындағы аласапыран нәубет туралы түсінігі мен тұжырымы мол болса да, шешіліп ештеңе айтпаған, ішінен тынған.

Институттан кейінгі кезде С. Бәйішев газет басқару ісінде өзінің жан-жақты, көпшілікпен тіл табыса білетіндігін, ұйымдастырушылық шеберлігін тағы бір көрсетеді. Бұл туралы КП(б)К ОК хатшысы Скворцовтың берген мінездемесінен көруге болады. Оның «Теориялық тұрғыдан жеткілікті дайындығы бар, партия ұйымының өміріне белсене араласады, партиялық тапсырмаларды адал орындайды. Бәйішев жолдас «Социалистік Қазақстан газетінің редакциясына жетекшілік ете алады» [38, 22-п] дегені осының айғағы еді.

1946 ж. 23 сәуірінде С. Бәйішев КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы көркемөнер басқару қызметінен босатылып, енді Қазақстан КП(б) ОК жанындағы Тимофеев басқаратын партия тарихы институтының жоғары ғылыми қызметкерлігіне Маркс, Ленин шығармаларын аудару жұмысына мүше етіп жұмысқа алынған [38, 38-39-пп.].

Ол Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институты филиалының жоғары ғылыми қызметкері бола жүріп, өз еңбегіне деген аса қуатты, жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен тереңірек таныла түседі. Ортасымен, жалпы қызметкерлермен араласып, қарым-қатынас жасауы әдепті әрі салмақты да

шыншыл деген пікірлерге ілігеді. Артынша Марксизм-ленинизм институты классиктердің еңбектерін қазақ тіліне аударуда аса қырағылықпен көзге түседі, сөйтіп бөлімінің редакторы болып жұмысқа кіріседі де сол кезеңдегі басты міндеттерді шешудің шеберіне айналады [3, Б.272].

1945 ж. институт директоры Тимофеев денсаулығына байланысты басқа жұмысқа ауыстырылады. 1947 ж. 30 қыркүйекте ҚКП(б) ОК №395 отырысы мәжілісінде Н.Т. Тимофеевті босатып, бұл қызметке С. Бәйішевті жоғары ғылыми қызметкерліктен институт директорлығына тағайындаған [38, 40-п.]. Бұл С. Бәйішевтің осы қызметке екінші рет қайта тағайындалуы болатын.

С. Бәйішев өзіне тапсырылған осындай басқару саласындағы қызметтерінде өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарап, мекемеге білікті де білімді жас мамандар дайындап, оларды ғылыми жұмыстың қыр-сырына үйретті. Олардың институт жоспарын жоғары деңгейде атқаруларына сенімдері артты.

С. Бәйішевтің институт басқарған алғашқы кезінен бастап-ақ елеулі өзгерістер болды. Онда ол терең ізденістерінің барысында көптеген ғылыми-практикалық конференцияларда баяндамалар жазып, ғылыми мақалалар жариялады. Нәтижесінде Қазақстанның социалистік индустриализациясының тарихына аса басымдылықпен ден қойып, онда ғалымның Қазақстандағы халық шарушылығы дамуының жолдарын талдап, болашақтағы индустриализацияның тоқтаусыз даму жолдарын зерттеді. Бұл қайткенде еліміздің жер байлығын өз күшімізбен өндіріп, оны халық игілігіне жұмсау мәселесін көрсетуге тырысқандығы еді.

Ол практикалық және ғылыми жұмыстарды атқара жүріп 1948 ж. 22 маусымда Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнография мен Тіл және әдебиет институтының біріккен кеңесінің шешімімен «Социалистическая индустриализация Казахстана» деген тақырыпта экономика ғылымдарының кандидаттығы дәрежесін алу үшін диссертация [3, Б.274] қорғады.

С. Бәйішевтің Социалистік Қазақстанның индустриализациясына арналған зерттеуге ден қоюы сол кезеңдегі қоғамдағы басты проблемалардың бірі, соғыстан кейінгі хал-ахуалды жақсарту шараларының іске асырылып жатқан кезеңі болатын. Жаппай экономикалық өрлеуді қолға алу, еліміздің даму нышандарының басты міндеттері болатын. Сондықтан да ғалымның кандидаттық диссертациясының тақырыбы өзекті мәселеге арналған, жоғары баға берілген, тиімді зерттеу жұмысы болды.

С. Бәйішевтің зерттеу тақырыбының экономиканың құнды бағыттарын ашуы зерттеу қажеттігінің түйінді шешімі болып табылады. Тақырыбы қоғамда сұранысқа ие болуына байланысты көпшілікке арналған кітап етіп шығарады.

Ғалымның таланты жарқырай көрініп, 40-жылдардың аяқ кезі мен 50-жылдардың бас кезінде бірнеше ғылыми еңбектері, Қазақстанның индустриаландырудың тарихы жөніндегі алғашқы ғылыми зерттеулері -

кітаптары мен мақалалары көптеп басылып шығады.

Еңбектері жоғары бағаланып 1949 ж. 9 сәуірде ғалым Білім министрлігі Жоғары Аттестациялық Комиссиясының шешімімен саяси экономия кафедрасының доценті болып бекітілді [42, 6-п]. С. Бәйішұлы басқа да қызу жұмыстарымен қоса кешенді зерттеу жұмысын жүргізіп, оның нәтижелерін талдай отырып, көптеген еңбектер жариялады. Ғалым өзінің терең ізденістерінің барысында докторлық диссертация қорғап, 1963 ж. 20 ақпанда Жоғарғы Аттестациялық комитеттің шешімімен профессор атағын алады [42, 6-п].

Қазақстанда экономика ғылымының қалыптасып дамуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кезеңде басталды. Соған сай осы салада ғылыми кадрлар даярлауға баса мән берілді. Осы мемлекеттік бағдарламаның басында С. Бәйішев, М. Бутин, Т.Шәукенбаев, С. Нейштад, Ф.Жеребятъев сияқты зиялы азаматтар тұрды. Олар ғылыммен айналыса жүріп, жас экономист мамандарын, әсіресе жергілікті халықтың жастарынан халық шаруашылығы мамандарын көптеп даярлауды өздерінің ел алдындағы парызы деп санады.

Қазақ КСР Ғылым академиясы төралқасы 1958 ж. «Қазақ ССР тарихының» екінші томын дайындауды жоспарлады. Оған қатаң сүзгіден өткен арнайы редакциялық алқа құрамы бекітілген. «Қазақ ССР тарихының» алғашқы басылымы жөнінде өрбіген саяси қуғындаудан кейін осы екінші томның редакциялық алғасына енгендерден саяси-идеологиялық мәселелерде аса мұқият болу талап етілді. Редакторлар қатарына сол кездегі көрнекті академик ғалымдар - әдебиетшілер мен тарихшылар енді. Академик С.Н. Покровский бас редактор болса, М.О. Әуезов, С.Б. Бәйішев, С.Б. Бейсембаев, Г.Ф. Дахшлейгер, С.К. Кеңесбаев, С.М. Мұқанов, А.Н. Нүсіпбеков, А.Е. Тұрсынбаевтар салалық редакторлар болып бекітілді [38, 60 п.].

1958 жылы 19 шілде «Қазақ ССР тарихының» II томының алқалар мүшесі негізгі жұмыстарын аяқтап, Тарих және этнология институтының бөлім отырысында талқыланды. С. Бәйішевтің басшылығымен талқылау қорытындысы бойынша екінші томның маңыздылығы мен міндеттері саралана келе, редакциялық алқасына жүктеледі.

Бұдан басқа да 60-жылдары «Очерки истории Компартии Казахстана» деген кітап әзірленеді. С. Бәйішевтің Ғылым академиясының вице-президенті ретінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің очерктерін шығаруға арнайы құрылған редколлегия мүшесі болды. Нұрымбек Жандилдин Орталық Комитеттің хатшысы. Редколлегияда ол екеуінен басқа Серікбай Бейсембаев болды. М.Қ. Қозыбаев редколлегияға хатшы еді. Бұл ұжым айына екі рет жиналып, жазылып жатқан «Очерки истории Компартии Казахстана» кітабының тарауларын талдайды. С. Бәйішев сол редколлегияның ең негізгі күші болған соң, әрбір бетке түзету енгізіп, тұщымды пікір айтады. Мұндай жұмыстарда С. Бәйішевтің ғажап жері, әрбір сөзді хаттап, жазба түрде тапсырады. Келесі жиынға келгенде өткен жолғы ескертпелерін сұрап, өзі алып кетеді. Сөйтіп қолжазбаларын еңбек етіп

шығып, елден бағасын алғанша сақтайтын болған [3, Б.275] екен. Бұл – С. Бәйішевтің жұмыс стилі ғана емес, партиялық қызметтен қанына сіңген жауапкершілік еді.

Қазақстанда экономика ғылымы дамуының шыңы ХХ ғасырдың 60-шы жылдары басталады десек, ол ақиқатқа саяды. Бүгінде сан-салалы экономика ғылымының кадрларын дайындау кезінде үлкен үлес қосқан академик Сақтаған Бәйішевтің басшылығымен 1968 жылдан 1976 жылдарда Қазақ ССР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде экономикалық ғылымдар бойынша диссертациялық ғылыми Кеңес жұмыс істеп, онда 21 докторлық және 156 кандидаттық диссертациялар қорғалды. Міне, осы кезде республикада экономика ғылымының даму негізі қаланған деу артықтық емес. Сонымен қатар С. Бәйішұлы құрған ғылыми кеңесте Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан республикаларының өкілдері де талай докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғаған еді. Бұл үлкен ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық ерлікке саятын, көп қуатты, күш-жігерді қажет ететін жұмыс екені даусыз.

С. Бәйішев артынан тек еңбектер ғана емес, білікті де білімді әр қайсысы шынар биіктен көрінетін шәкірттер тәрбиелей білді. Оның жетекшілігімен 7 докторлық, 30 кандидаттық диссертациялар қорғалды [79, С.19].

Академик Бәйішевтің айтулы әрі арнайы, яғни өзіне тән ғылыми және ұстаздық мектебі болды. Ол Қазақстанның сол кездегі әлеуметтік-экономикалық өмірі мен тарихының аса маңызды проблемаларын анықтап, оларды терең зерттеуге қамқорлық жасады. Оның алдынан өткен 150 шәкіртінің 30-ы ғылым докторы болды [3, Б.276]. Атап айтсақ, М.Қ. Қозыбаев, А. Қошанов, Я. Әубәкірұлы, У. Баймұратов, С. Сатыбалдин, М.Ғ. Елеусізов, Д.К. Қабдиев, Ө. Шеденов, К. Қажымұрат, А. Ризаходжаев, Р.Р. Кенжегузина, О. Смағұлов, Қ. Сапарғалиев сынды тағы басқа докторлар шыққан, олар Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академиктері болды. Демек, тек осы еңбегімен ғана ғалым артына өшпес із қалдырды. Оның ізбасарлары мен шәкірттерінің көп болатын себебі Сақтаған Бәйішұлы тынымсыз ғылыми ізденіс пен белсенді педагогикалық қызметті шебер ұштастыра білгендігінде болса керек. Сондықтан да ол шыдаммен өзінің тікелей қызметтерімен бірге отыз жыл бойы білімнің қара шаңырағы - Қазақ мемлекеттік университетінде және Алматы халық шаруашылығы институтында оқытушылық қызметті де атқара білді.

1955 ж. академик С. Бәйішев Алматыдағы «Қазақстанның халық шаруашылығы» журналы редакциясына алқа мүшесі болып бекітіледі [38, 59 п.]. Бұл қосалқы қызмет академиктің экономика ғылымы саласындағы мойындалған жетекшілік мәртебесін танытатын еді.

1955 ж. С. Бәйішев Ш. Қарсыбаевтың орнына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып сайланады [38, 63 п.]. Осы қызметінде ол өкіме төрағасы ретінде Қазақстанның жетінші бесжылдық жоспарларын іске асыруға қатысты құқықтың-заңнамалық жұмыстарды үйлестірді.

1960 ж. Қазақ ССР қоғамында саяси және ғылыми білімділікті тарату ісінің төрағасы етіп тағайындайды. Бұл істерде С. Бәйішев Қазақстанның ғылыми-зерттеу жұмыстарына 40 жыл толуына арналған мәселелерді қозғайды. Сондай-ақ, ғылымға келген жас ғалымдардың жұмыстарын тереңдетіп, жалпы қоғамдық аумақта ғылыми жұмысты өрбіту туралы мәселелермен айналысады.

1961 ж. вице-президенттікте жүріп С. Бәйішев «Победа социализма в Казахстане» деген тақырып бойынша докторлық диссертациясын қорғайды. Докторлық диссертациясының негізгі Қазақстандағы экономикалық деңгейді көтеру, ғылыми жұмыстар мен халықшаруашылығы тиімділігінің экономикалық зерттеулердегі басты рол атқаратындығын дәлелдейді. Қазақстанның бесжылдық кезеңдеріндегі атқарылған экономикалық жоспарларының іске асуы барысындағы көптеген өзгеріске түсетін жүйелердің тиімділігі негізге алынады. Партиялық ұйымдастыру жұмыстарының барысында социалистік жеңіс ретінде көптеген қажетті іс-шаралар атқарылып, материалдық жағдайдың өсе беруіне, халықтық белсенділіктің артуынан экономикалық жетістіктердің тиімді жолдарын ұсынады.

Сөйтіп, 1963 ж. 22 қазан қаулысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының бекітілген құрамында Қазақ Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаев, академик, ҚҒА вице-президенті Полосухин А.С., академик, ҚҒА вице-президенті Бәйішев С.Б., академик, ҚҒА вице-президенті Такибаев Ж.С., академик, ҚҒА хатшысы Байқоңыров О.А., ҒА академигі, физика-математика ғылыми зерттеу бөлімінің хатшысы Неменов Л.М., ҚҒА академигі Борукаев Р.А., ҚҒА академигі, химиялық-технология зерттеу бөлімінің меңгерушісі Козловский М.Т., ҚҒА корреспондент мүшесі, физика-математика зерттеу бөлімінің хатшысы Жанғалиев А.Д., ҚҒА академигі қоғамдық ғылымдар бөлімінің хатшысы Сильченко М.С., ҚҒА академигі Чокін Ш.Ч. және ҚҒА академигі Кузьмин В.П. сынды ірі тұлғалы ғалымдар тобының белсенді мүшелерінің бірі болып қала береді [38, 74-п.].

С. Бәйішев өз уақытының беделді азаматы ретінде Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті кезіндегі ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстармен тікелей айналысты.

1955 ж. 5 шілдеде Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті Қ.И. Сәтпаевтың басшылығымен өткізілген жалпы мәжілісте С. Бәйішев вице-президент болып сайланған жиында Қаныш Имантайұлы, Мұхтар Әуезовтер Сақтаған Бәйішұлын өз қатарларына зор құрметпен қуана қабылдады. Бұл туралы мұрағат құжаттарында 1956 ж. 15-16 маусымда Қазақ ССР Ғылым Академиясының С. Бәйішевті академиктікке және сол жиналыста Академияның вице-президенттігіне сайлауы туралы хаттаманы оқығаннан байқауға болады. Академия президенті Қ. Сәтпаев ғылым кандидаты болса да С. Бәйішевті вице-президенттікке ұсынады. Оны М. Әуезов, Т. Тәжібаев, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев бірауыздан қуаттайды. Сақтаған Бәйішұлы

туралы тарихи жиналыста ол туралы жалпы қызметі жайлы ешбір сын ескертпе айтылмапты. Өйткені С. Бәйішев өзінің ғылыми еңбегімен, қоғамдық-саяси қызметімен академик болуға да, вице-президент болуға да әбден лайық еді [38, 54-п.].

Мәжілісте сөйлеген сөзінде М. Әуезов: «Мен де өз тарапымнан бүгін айтқанымдай, біздің Қазақ КСР Ғылым академиясының академиктері қатарына шын мәнінде жоғарылатудың орындылығы мен қажеттілігіне толық сенімділікпен С. Бәйішевтің кандидатурасын қолдаймын..

Оның ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметінің барлық түрлерінің ішінен біз қорытындылай келе, С. Бәйішевтің тұлғасын көптеген себептерге байланысты толығымен лайықты кандидат ретінде бағалаймыз. Оның ішкі әділдігі зор, нағыз ғалымға қажетті қасиет – инабаттылық, оның бойында болмыс белгісі, дәйекті қайсарлық бар. Осының барлығы ғылым академиясына пайдалы болады, бұл бүгінгі таңда аса қажет. Ғылым академиясы оған кіру үшін лайықты академикті қабылдауы керек. С.Бәйішевтің тұлғасында ол лайықты кандидатпен толығады деп ойлаймын» [111, 25-29 пп.].

15-16 маусымда өткен Қазақ ССР Ғылым Академиясының жалпы мәжілісі мынандай қорытындыға келеді «Филиалдың жалпы жиналысы, - деді ҚазКСР Ғылым академиясының академигі С.Н. Покровский, - бұл мәселені жасырын дауыс беру арқылы талқылап, бірауыздан ҚазКСР Ғылым академиясының кандидатурасын ұсынады. ҚазКСР Ғылым академиясы КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институты Қазақ филиалының директоры – Қазақстан КОКП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты, экономика ғылымдарының кандидаты Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев.

Бәйішевтің кандидатурасын сараптау комиссиясының төрағасы, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі С.К. Кеңесбаев, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі Д.А. Зыков және т.б. қолдады.

Сөйтіп жасырын дауысқа салу қорытындысы бойынша С. Бәйішев барлығы 24 дауыстың 22-сіне ие болып, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі болып сайланды [111, 2-3 пп.].

1955 ж. Қостанай қаласында СССР Ғылым Академиясының Солтүстік Қазақстан өндіргіш күштерін өркендетудің мәселелеріне арналып, Қ.И. Сәтпаевтың дайындауымен бірігіп жүргізілген көшпелі сессиясы өтеді. Бұл сессияны басқаруды С. Бәйішевке тапсырады. Онда негізінен Солтүстік Қазақстан жеріндегі қазба байлықтары темір рудасы, боксит, көмір т.б., толық және тиімді пайдалану, металлургиялық өндірісті өркендету, бұл өндірістерді сумен қамтамасыз ету, өндірістің барлық түрлерін экономика жағынан ұтымды етіп ұйымдастыру мәселелері қозғалды.

1959 ж. Қаныш Имантайұлына 60 жыл толуына байланысты Академияның вице-президенті А.П. Полосухин, С.Б. Бәйішев және Ч.Чокин бұл мерейтойды қалай атап өту туралы пікір алысады. Бұл ойлары туралы Д. Қонаевқа айтқанда, ешқандай деңгейде, бұл мерейтойдың аталып өтілмеуі

керектігін ескертеді. Онда: «Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ халқының біртуар перзенті Қ.Сәтбаевтың 60 жылдық мерейтойына қатысты үнсіз қалып, ешқандай реакция көрсетпеуі осымен түсіндіріледі. Сөйтіп, «Лениншіл жас» газеті Қазақстан партиясының Орталық Комитетінің нұсқауымен Медеу Сәрсекеевке тапсырыс берген Қ. Имантайұлының 60 жылдық мерейтойы туралы мақаланы жария ете алмай қалды» [112, Б.12-13]. Бұл жағдай сол кезеңдегі биліктің жоғары эшелонында қызмет істеген ұлт қайраткерлерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастардың уақыт пен заманның ықпалымен тым күрделі болғандығының бір мысалы.

Бұл Д. Қонаевтың Қ.И. Сәтпаевты сыртқы аңдыған көздің қарасынан сақтау мақсатында оның мерейтойына көңіл бөлінбесін деген ойы болар бәлкім? Міне осындай халқымыздың біртуар дана, өз елінің қамын ойлаған шыншыл қорғаушы ағалар буыны, замандастар болып етене араласқан ел ағалардың жақсылық лебін өбіп жүрген С. Бәйішұлының да әрбір істері ұлы қасиеттерге толы және оның вице-президенттік өмірі Қ.И. Сәтпаевпен тығыз тығыз қарым-қатынас орныққан еді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті қызметінде қоғамдық ғылымдардың әртүрлі өкілдерімен тығыз байланыста болады.

1933–1937 жж. Алматы қаласында марксизм-ленинизм институтында тыңдаушы болып білімін жетілдірген С. Бәйішев 1937–1938 жж. Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтының директоры болып қызмет істеді. 1938 жылдан «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы, кейінгі соғыс жылдарындағы саяси-әскери қызметте болған ғалым ғылым жолына 1946 ж ғана қайта оралуға мүмкіндік алды. 1947 ж. 4 қыркүйекте ҚК(б)П тарихы – БК(б)П ОК МЭПИ филиалының директорлығына тағайындалды [3, Б.275].

«Қазақ КСР тарихының» екі томдығын дайындау және оны баспадан шығаруды тікелей өз құзырына алған С. Бәйішев 1958 ж. 19 шілдеде ҚКП ОК хатшысы Н.Д. Жандилдинге жазған қызметтік хатында екінші том негізінен аяқталды дей келіп, осы томның редакциялық алқасын М. Әуезов, С. Бәйішев, Г.Ф. Дахшлейгер, С. Кеңесбаев, С. Мұқанов, А. Нүсіпбеков, С.Н. Покровский құрамында бекітуді сұрайды [4, Б.276].

С. Бәйішевтің еліміздегі тарих ғылымының сын кезеңдегі жағдайы туралы пікірлері мен көзқарастарына талдау жасау көп мәселеге айқындық береді. Партия тарихы институтын бірнеше жыл басқарып, 2 томдық «Қазақ ССР тарихы» академиялық жинағының редколлегиясын басқарған академиктің отандық тарих ғылымының дамуы мен қалыптасуы туралы айтары аз емес еді. Сол кезеңде қалыптасқан идеялогиялық дәстүрге сай «Некоторые вопросы исторической науки» [111, 1-33-п.] деп аталатын баяндамасында республиканың тарих ғылымы елеулі жетістіктерге жеткендігін және алдағы дамуда дұрыс бағытпен келе жатқандығын атап көрсетеді. Әсіресе, тарихи кадрлардың құрамына талдау жасағанда көптеген «большевиктік теориялық дайындықтан өткен» қоғамдық ғылымдардың оқытушылары, бұрынғы партия-кеңес қызметкерлері өздерінің біліктілігін

көтере отырып өз халқының тарихындағы өзекті проблемаларды зерттеуді қолға алған. Әсіресе, алдыңғы қатарда партиялық интелгенция тарих ғылымында батыл ізденістер жасауда екендігін атап көрсетеді. Академиктің бұл тұжырымдары кеңестік қоғамда тарих ғылымының саяси идеялогиялық қызметіне баса мән берілгендігін және тарих ғылымының бүкіл құрылымы, соның ішінде кадр дайындау істері де осы бағытқа жұмылдырылғандығын тағы да бір айқындай түседі.

«Менің пікірімше, қазіргі тарих ғылымының дамуында шешіп алмаса болмайтын бірқатар мәселелер бар» [111, 5-п.] деген бас тарихшының *(иеленген лауазымының құзіреті С.Бәйішевті республиканың барлық тарихшыларының атынан сөз сөйлеуге саяси және моральдық құқық берген деп ойлаймыз - Б.М.)* тұжырымын әрі қарай таратып көрейік. Ол қандай шешімін күткен мәселелер болды екен?

Академиктің талдауында соңғы 3-4 жылда қазіргі заманғы тақырыптарды жан-жақты және терең зерттеу жөнінде ғылыми ортада пікірталас өрбігендігін, бұл мәселеге ҚК(б)П ОК идеология мәселесіне қатысты қабылданған шешімдерде бірнеше рет назар аударғандығына тоқталады. «Өкінішке орай, большевиктік тұрғыда мойындауымыз керек, бұл салада мүлдем аз жұмыстар атқарылды. Тарихымыздың өткен кезеңі әлі де болса біздің тарихшыларымыздың көп уақытын зая кетіріп келеді» [111, 6-п.] дей отырып, соғыс жылдары, одан кейінгі кезеңде Қазақстан тарихшыларының арасында қызу пікірталас өрбігендігіне тоқталады. «Тарихшылардың көп уақытын зая кетірген пікірталастар өткен тарих мәселесіне, соның ішінде әлдебір ханның немесе ақынның тұлғасына, ескі көшпелі қазақ қоғамының қосалқы мәндегі экономикасы мен мәдениеті, қазақтардың рулық құрылысының құқықтық және тұрмыстық мәселелерінің төңірегінде, Қазақстанның өткен кезеңдегі феодалдық-патриархалдық қатынастары және т.б. төңірегінде өрбіді» [111, 6-7-п.] деген тұжырымы кеңінен талдауды қажет етеді. Дегенде, бұл пікірталаста орын алған мәселелердің қатарына Кеңесары ханға қатысты Е. Бекмахановтың зерттеуі және М. Әуезовтың зар-заман ақындарына қатысты зерттеулері екендігін аңғарамыз. Бұл тұжырымнан жасайтын пайымымыз - кеңестік тарихнамада тарихи тұлғатанудың өлшемдерінің таптық-партиялық ұстанымдар талабмен қалыптасқандығы болмақ. Демек, кеңестік қоғамдағы партияның идеологиялық талаптарына сай тұлғалар ғана ұлықталуы керек те, дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалар таптық тұрғыда қарастырғанда зерттеуге лайық емес болып шығады.

Коммунистік идеологияның қорғаушысы болып танылған С. Бәйішев «біз қашанға дейін өткен заманның қайраткерлері жайлы, алғашқы қауымдық құрылыс, қазақтардың рулық құрылымы туралы дауласамыз» [111, 7-п.] дей келіп, Қазақстанның тарих ғылымында халыққа ежелгі тарихтан қазіргі тарихи дамудың мәселелері бәрінен маңызды екендігіне назар аударады.

Осы мәселелерді айта келіп, өткен кезеңнің қайраткерлерімен қош айтысуымыз керек, «Олардың дәурені өтті, олар өз істерін атқарды, олардың

адресіне мақтау мен мадақтау айтылып бітті, өздерінің құдайларымен тыныш жатсын» [111, 8-п.] деп атеистік тұжырымын алға тартады.

С. Бәйішевтің осы баяндамасынан Отан тарихының кеңестік методологиясын нықтай түскен тұжырымдар көрініс береді. «Біздің тарихшылар алдағы уақытта да қазақ тарихының өткен кезеңімен айналысады» дей келіп, зерттеу бағыттарын «Қазақстанның өткен кезеңінің өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары, тарихта орын алған демократиялық қозғалыстардың тарихы» [111, 8-п.] екендігіне назар аударады. Сонымен, Қазақстан тарихындағы басты тақырып - партия тарихы екендігіне назар аудара отырып, «біздің ғылымдағы жастар тарихи-партиялық тақырыптармен жұмыс істегісі келмейді» [111, 13-п.] дей келіп, Ғылым академиясындағы 16 тарихшы аспиранттың, ҚазМУ-дегі 6 тарихшы-аспиранттың бірде біреуі тарихи-партиялық тақырыппен жұмыс істемейтіндігін сынға алады.

С. Бәйішевтің тарихшы кадрлар дайындауға қатысты айтқан сындарының бірі – Ғылым академиясында болсын, жоғары оқу орындарында болсын партия тарихы кадрларын дайындауға құлықсыз екендігі туралы сын. «Әрбір аспирантқа мынадай таңдау беріледі: азаматтық тарих тақырыбында жұмыс істеп, үш жылдан соң ғалым болып шығасың немесе орынды босатасың, өйткені біз тарихи-партиялық тақырып бойынша саған көмек көрсете алмаймыз» [111, 13-п.] деген желеумен Қазақстанда партия тарихы өз деңгейінде зерттелмей келгендігін алға тартады. Бұл жерде осы идеологиялық ұстанымның өміршең болғандығын атап айтамыз. Партия тарихынан кадрлар дайындауға ғылыми ортаның ықпалсыздығы оларды дайындайтын мамандардың тапшылығымен түсіндіріледі. Бірақ мәселе одан да тереңде екендігі таратылып айтылмайды.

Осындай партиялық ұстаным бүкіл Кеңес Одағы сияқты Қазақстанда да тарихшы кадрлар дайындауды бірыңғай партиялық бағытқа бұрып жібергендігі аңғарылады. Өткен ғасырдың 60-70 жылдары қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялардың тақырыбы әлде қандай завод, фабрика, шахтаның дамуы мен қалыптасуындағы коммунистік партияның, кәсіподақтардың, комсомол ұйымдарының рөлі, бесжылдықтар тарихы сияқты тақырыптарды шиырлап жатты. Оның есесіне Қазақстан тарихының ежелгі, ортағасырлар және жаңа заман тарихына қатысты зерттеулер барынша шектеліп қалды. Бұл жағдай отандық тарих ғылымының тақырыптық, деректік, тарихнамалық тұрғыда ғана емес, теориялық-методологиялық жағынан да біржақты қалыптасуына ықпал еткен факторға айналады.

С. Бәйішев осы мәселеге қатысты «барлық қоғамдық ғылымдар, алғашқы кезекте Қазақстанның тарих ғылымы еліміздегі ұлы социалистік қайта құруларды жинақтайтын тарихи-экономикалық еңбектер беруі тиіс» [111, 25-26-п.] деген идеологиялық мақсатпен көмкерілген методологиялық тұжырым ұсынды.

Академик осы баяндамасында кеңестік тарихнаманың зерттеу әдістері жөнінде де нұсқау сипатындағы тұжырымдар жасаған. Айталық, статистикалық цифрларды дереккөз ретінде қолданудың ұстанымдарына қатысты «біз ересек адамдар барлық цифрларды жариялай беруге болмайтындығын түсінеміз. Біз әзірге капиталистік қоршауда екендігімізді жақсы түсінеміз. Бұл жерде сөз социалистік құрылыста қол жеткізген даусыз жетістіктерімізді насихаттайтын цифрлар туралы болып орыр» [111, 30-п.] деген тұжырым жасайды. Қазақстанның «бас тарихшысының» бұл сөздерінен отандық тарих ғылымы саласындағы зерттеулердің методологиялық өзегі туралы партиялық ұстанымның сұлбасы аңғарылады. Тарих ғылымының дамуына үлкен үміт арта отырып ҚК(б)П ОК Ғылым Академиясының атынан осындай идеялық нұсқаулар берді. Өз кезегінде тақырыпты тек қана «социалистік құрылыстың ұлы қайта құрулары» төңірегінен ауытқымауды талап етті. Осы идеологиялық ұстаным 80 жылдардың ортасына дейін Отан тарихында ғылыми ізденістер жүргізуге болмайтын «жабық тақырыптардың» орын алуына, соған сай тарих мазмұнында «ақтаңдақтардың» сақталып қалуына негіз қалады. 20-30 жылдары Қазақстанда жүргізілген кәмпеске, отырықшыландыру, ұжымдастыру сияқты күштеу тәсілімен жүргізілген реформалар барысында орын алған ашаршылық пен босқыншылық және 1937-1938 жж «Үлкен террорға» алып келген саяси қуғын-сүргін себептері мен салдары туралы ешқандай да зерттеулер жүргізілмеуі осыған дәлелі болса керек.

С. Бәйішев баяндамасында қазақстандық тарихшылардың арасында қалыптасқан моральдік-психологиялық ахуалға да талдау жасайды. «Бұның мәнісі неде? Оның мәнісі біздің кейбір жекелеген тарихшылардың қызғаныштың құрығынан құтыла алмағындағы, өткен кезеңнің қалдықтарынан қол үзе алмауында» дей келіп, осы жағдай жекелеген тарихшылардың тарапынан Е. Бекмахановқа қатысты төзуге болмайтын көңіл күй қалыптастырып отырғандығын айтады. «Бекмаханов өзінің шығармашылық жұмыстарында елеулі кемшіліктерге жол бергендігі рас. Менің пікірімше оның себебі тәжірибесіздігі мен жастығында болар. Бірақ бұл Бекмахановты айыптауға, оның әрбір қадамынан есеп алып, түрлі айдарлармен айыптауға құқық бермейді» деген тұжырым жасайды, С. Бәйішев сонымен бірге жас, қабілетті, «біздің көз алдымызда өскен», кеңестік тәрбие көрген ғалымды айыптайтын партиялыққа жат бұндай тәсілдің қайдан шыққандығы жөнінде «бұндай әдіс пен тәсіл большевиктердің арсеналында, кеңестік құрылыстың арсеналында болған емес» [111, 33-п.] деген тұжырымды алға тартады.

Отандық тарих ғылымының дамуы мен қалыптасуының жекелеген желілері қарастырыла бастады. Алдағы уақытта осы бағытта жүргізілетін іргелі зерттеулердеөзінің шығармашылық және лауазымдық қызметі бойынша Отан тарихының күрделі мәселелерінің шешім табуына белгілі дәрежеде ықпал жасай алған тұлға ретінде С. Бәйішевтің атқарған қызметіне және тарих ғылымының дамуындағы рөліне баға беріліп, талдау жасалатын

болады. Біз осы зерттеуімізде қайраткер-ғалымның Отан тарихының даму мен қалыптасуына елеулі ықпал жасаған ғалым-ұйымдастырушы және ғалым-қайраткер болғандығына көз жеткіздік.

2.3. Отан тарихындағы академик С. Бәйішев тұлғасы: саяси ұстанымдары, ғылыми көзқарастары және азаматтық позициясы

Сақтаған Бәйішевтің қазақ қоғамындағы тұлғалық өнегесін айқындау үшін оның мемлекеттік, қоғамдық қызметтегі саяси ұстанымы, қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар саласындағы ғылыми көзқарастары және тұлғааралық қатынастардағы азаматтық позициясын арнайы желі етіп қарастыруымыз қажет. Осыған байланысты оның қызметі мен шығармашылығында қомақты орын алған Ғылым Академиясындағы қызметі кезеңіне талдау жасаймыз.

1955 ж. Қ. Сәтпаев Ғылым академиясына қайта президент болды. Сайланған кейінгі алғашқы аптаның бірінде ол академик Ш. Шөкіұлын, қоғамдық ғылымдар жөніндегі вице-президент жөнінде ақылдасуға шақырып алады. Ол көптеген кандидаттарды саралады. Кенесары жөніндегі дүрбелеңді есіне алып, сол кезде Қанекең жоғарыдан да, төменнен де таяқ жегенбіз. «Білесіз бе, Шәке», - деді Сәтбаев, - «партия тарихы институтының директоры Сақтаған Бәйішев сонда мені қуғындауға қатыспаған аз кісілердің бірі». С. Бәйішевті Президент ол тұста сыртынан білетін. Қаныш Имантайұлы дәл байқаған екен, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған Сәкен, «ұлтшылдарға» соққы беруге міндетті түрде қатысуы керек еді, бірақ Бәйішев сол бір жаппай есуастық толқынында бұрынғыдан бетер шырқап көтерілу мүмкіндігіне елікпей, кісілік биігінде қалды. Біраз уақыптан кейін Сәкен вице-президент болып сайланды. Кейін Қаныш Имантайұлы Бәйішевті таңдағанда дұрыс жасағанына көзі жетті де, Сақтаған Бәйішұлын жақсы көріп кетті. Ол кісімен мен де дос болдым. Академиктің қоғамтанушы ғалымдар арасындағы беделі тым жоғары еді. Оны жаратылыстанушылар да, технарлар да қатты құрметтейтін. Оның ағымдағы ұсақ саясаттан тәуелсіз, турашыл да әділ адам екеніне талай рет көзі жеткендігін жасырмайды. Бұл туралы Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтан кейінгі Ғылым академиясының президенті, академик Ш. Шөкіұлы жазады [111, Б.32].

С. Бәйішұлының ақыл парасаттылығы, таңғажайыптылығы, асқан адамгершілігі алдында өзі ғұмыр бойы бас иіп өткен жас геолог Қаныш Имантайұлы Сәтпаевпен алғашқы кездесуі осы комсомолдық жастық шағы жылдарында еді. Осы кезден бастап ұзақ жылдар бойы онымен бірге вице-президент қызметін қоян қолтық атқарып, оның көңіл ықыласының молдығы мен аса білімдарлығына тәнті болып, асқан сүйіспеншілікке толы мақалалар жазды. Бұларда тұңғыш президенттің ғылымды дамытудағы, республика Ғылым академиясын қалыптастырудағы, ғылыми кадрларды даярлаудағы орасан зор рөлін атап көрсетеді. Кейіннен Сақтаған Бәйішұлы Қаныш Имантайұлының ең жақын да сенімді серіктерінің бірі бола білді.

1966 жылы ОК Бюросында ҚазССР Ғылым Академиясы Президентінің жұмысы талқыланды. Президент ретіндегі менің қызметім жөнінде академик Д.В. Сокольский біраз сын айтты. Баяғы тарих. Ол ОК басшылығының менің мүлт кетуімді аңдып жүргенін жақсы білетін. Одан Сақтаған Бәйішұлы да хабардар болатын. ОК-тегі талқылаудан кейін төралқа мәжілісінде Бәйішев Сокольскийге тікелей тиісті. Мені босатар алдында өзінің де қызметтен кететінін ашып айтты. Мен оның райдан қайтуын сұрадым. Қанша айтқанмен, ол Сәтпаев командасынан болатын. Содан да шығар, мені орнымнан жұлып тастағаннан кейін, оны да вице-президенттік пен институт директорлығы қызметінен бірдей босатты [39, Б.140-150] дейді Қ. Сәтпаев. С. Бәйішев өзінің де отставкаға кететіндегін мәлімдегені досқа адалдықпен бірге әділетсіздікке төзе алмауы екендігін танымыз.

С.Бәйішевтің азаматтық өнегесі туралы онымен ұзақ уақыт қызметтес болған А.Нүсіпбеков: «С.Бәйішевті білетіндердің барлығы оның көздеген мақсатына жетудегі ғажайып тиімділігі мен табандылығына таң қалады. Оның қарапайымдылығы, іскерлігі, адамгершілігі ерекше. Осы құнды қасиеттерімен ол республиканың ғылыми ортасы тарапынан үлкен құрметке ие болды деп жазады (Нусупбеков А. Академик АН КазССР. Казахстанская правда. 1979, 24 октября)

Сақтаған Бәйішевтің көпшіліктің алдында сөйлеуінің ерекшелігі туралы көзкөргендерінің бірі: «Бәйішев пафоссыз, баяу, түсінікті, жан-жақты сөйледі. Оның сөйлегенін талай рет естіп, сөйлеген сөзіне қайран қалатынбыз. Ол мінберден сөйлей ме, әлде бір топ жауынгерге сөйлей ме, әйтеуір оның сөзіңгімелесу сияқты тартымды болатын. Әрі оның сөзі әрбір жауынгермен жекпе-жеке әңгімелескендей болып шығатын. Тыныш, сабырлы үнмен ол талай рет тыңдалған сөздерді айтқанымен, оның сөздері тыңдаушылардың жан дүниесін баурап алатын» [113, Б.356] дейді. Бұл дерек Сақтағанның лекторлық шеберлігінен хабар береді.

С. Бәйішев жауынгерлердің жан-дүниесін тап басып танитын көреген саяси қайраткер бола алды. Оған бір мысал ретінде соғыстың ортасында жүрген журналист Ж. Жантөриннің хатына жасаған талдауын айтуға болады. «Ұрысқа араласқанымызға бірталай уақыт болды. Екі жақ та мықтап егесуде. Мен минометшілер батареясындамын. Оқтын-оқтын минаны бұрқыратып төгіп саламыз. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деуші еді біздің қазекең. Неше қилы қантөгіс қырғын ұрыстарды бастан өткізіп, әзірге аман келе жатырмыз. Қандай қиын-қыстау кезеңдерінде мыңқ етпейтін, әбден төселген, төзімді қайыспас кара нарыңыз біз болдық-ау деймін» деген хатын жариялай отырып, «Бұл - шынында да ұрыс өртінің ішінде сан рет болған, соғыс ауыртпалығын өз иығымен көтеріп жүрген нағыз солдаттың сөзі еді» - [114] деп еске алады. Бұл дерек қайраткер-ғалымның адамдармен тіл табысуда терең психологиялық біліктілігін танытады.

Соғыстан кейін қоғамды жалпы қайта қалпына келтіру барысында 1946 ж. С. Бәйішев партияның қалауымен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Өнер істері жөніндегі басқарманың бастығы болып

тағайындалады. Осы қызметке ұсынылған С. Бәйішевке «Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Өнер істері жөніндегі басқарма бастығының бекітуіне ұсынылған С. Бәйішев ҚК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде Қызыл Армия қатарында саяси жұмыс атқара жүріп, өзін жақсы адам ретінде көрсетті. Жұмыста белсенді, мәдениет пен өнер мәселелерін жетік меңгерген. Ол әрқашан мәселеге мұқият және байыпты қарайды. Бәйішев жолдастың осалдығы – шектен шыққан мақтаншақтық. Бәйішев жолдас Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Өнер бөлімінің меңгерушісі жұмысын атқара алады деп сенеміз» [38, 36-п.] деген сенім білдірілген.

Бірақ, ғылымға құштар қайраткер бұл қызметтен бас тартып соғыстан алған жарақатын, денсаулығын сылтау етіп Ж. Шаяхметовке хат жолдайды. Ол хатында «Денсаулығымның тым әлсіреген, ұзақ және білікті емделуді қажет ететіндігіне байланысты мен партиялық-әдеби және ғылыми-педагогикалық қызметке көшуді жөн көрдім» [38, 33-п.] деп осыған байланысты бас тартуының төрт дәлелін алға тартады. Сол дәлелдерінің арасында «өнер саласында қызмет етуге құлқым жоқ» дей отырып, партиялық-әдеби және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында қызмет еткісі келетіндігін алға салады. Бұл хатты 1945 ж. 2 қаңтарында жазған екен.

Бірақ, бұл жұмысқа тағайындалуына қарсылығына карамастан ОК кадрлар бөлімі өнер орталығына тағайындалғандығын хабарлағаны, осыған байланысты өнер орталығын басқару жүйесімен таныс емес екендігін, өнер ауқымында жұмыс істегісі келмейтіндігін және негізі ғылыми-педагогика жолында еңбек еткісі келетіндігі турасында ашып айтқан айқайы іске аспай, бір жыл көлемінде жұмыс істеп шығуына тура келді.

Бұл мәселені жоғарыда қарастыра отырып былай хат жолданады: «6 марта из ЦК ВКП (б) из отдела Искусства звонил т. Назаров и просил передать, что у него в ЦК ВКП(б)и у товарища Храпченко был из А-Ата из Комитета Искусств товарищ Баишев который заявил, что работать в Искусстве не хочет.

ЦК ВКП(б) считает нецелесообразным дальнейшее оставление его на работе. Нужно подобрать другую кандидатуру» [32, 35-п.]- деген жауап келеді.

Бұл туралы С. Бәйішев Қ.И. Сәтпаевқа Мәскеуден жазған хатында былай баяндайды: «Жақында Москваға келіп, бұл жағдайларды, искусство ісін жаным сүймейтінін толық етіп айттым. Бұлар бұл жағдайларға түсінгендей болып, менің өтінішімді қабылдайтын болды.

Сонымен, Алматыға барысымен садақаға қасқа беріп, искусстводан құтыламын. Басқа ешқандай жұмысқа басымды кесіп алам десе де бармаймын. Ендігі қалған азын-аулақ өмірімді ғылым ісіне арнағым келеді. Осыған байланысты анадағы Рушановпен келісу бойынша сіздерге экономика секторының бір жеріне ғылыми қызметкер болып кіргім келеді. Егер бұған қарсы болмасаңыз, Алма-Атыдағы орынбасарыңызға немесе Рушановқа мен туралы арнап программа беруіңізді сұраймын. Өйткені,

біріншіден, олар сізсіз мен туралы мәселені шеше қоймас, екіншіден, сессиядан кейін сіз мұнда бірсыпыра уақыт болатын боларсыз. Сөйтіп мәселе созылып кетуі мүмкін. Басқа жағдайларды Алма-Атыда өзіңізге кіріп, ауыз-екі айтармын. Сәлеммен Сақтаған. 08.03.1946. Москва»[40, Б.126] - деп дереу ғылыми жұмысқа кірісу ісінің тоқ етерін айтып, оның көп созылмауын қамтамасыз етіп, көп ұзамай ғылыми жолға да түседі.

Уақытын тек оқу-білімге арнаған Сақтаған Бәйішевтің еңбекқорлығы жастарға үлгі өнеге болды. Өз ісімен, құнды еңбектерімен мойындалған ұстаз ғалым көптеген қазақ жастарының да ғылым жолында қол ұшын созып, көмегін аяған жоқ. Қоғам қайраткері үлкен тұлғаға айналған С. Бәйішұлы өзінің ғылым жолында, зерттеу жұмыстарының барысында тарих тарланы атанған Манаш Қабашұлының да сыйлы да үлгілі ұстазы болды. Кейінен қос ғалым бірінен екіншісі алған тәлім-тәрбие, көрген жақсы істерін жалғастырып, қасиеттерін сыйласып өткен кемеңгер Ұлы тұлғаларға айналды. Манаш Қабашұлы С. Бәйішевтей ұстазының өз ісіне берік, уақытты бос жібергенге жаны қарсы, еңбекқор жан екендігі туралы былай дейді: «Ұстазымды жыл сайын бір рет қонаққа шақыруды парызым деп санадым. Бірақ, бірден ол кісі қонаққа жүрмей тіпті сол қонақта болуға көп уақыт кететінін айтып ренжіді. Бірде мен байқаусыз сенбі, жексенбіде қонақта болғанымды айтып едім ұстазым тұрып: «Ол қалай, екі күн бірдей қонақта болуға жарамайды, жұмысты кім істейді?» [40, Б.21] - деп бетіне қарап, ұялтқандығын айтады.

Тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйе өзіндік идеология иелерін, барлық сала мен сананы, соның ішінде ғылымды да өз уысында ұстағаны мәлім. Міне осы кезеңде жалпы ғылыми шығармашылық еңбектер кеңестік, социалистік идеологияның қадағалауынан асып кете алмағаны анық.

Бұл кезеңнің олқылықтары С. Бәйішевті көп ойландырған мәселелер болды. Бұл туралы жазған кезде Ф. Голощекин дәуіріне тіл батыра алмайтын еді, өйткені Москвада оған деген көзқарас жеке басқа табынудың құрбаны есебінде қарайтын кез. Редколлегия мәжілісінде осы бір дәрменсіздікке ғалым қынжылып қиналады. «Серікбай Бейсембаев ағамыздың Голощекинге арнап жазған мақаласына «Апырмай, Секең осыны бекер жазды-ау» - деп естігенім бар. Партократия шала бүлініп, Л. Брежневтен кейін Қазақстанда кландық бір жеңнен қол шығарып, партия басшылығы ауыз жаласа бастаған сәтте Саханның талай күйзелгенін көргенім бар. Ол оның жаны таза екендігін көрсетеді әрі басқалардың басының бәледен ада болғанында қалайды. Барынша шымыр, құрыштан құйған қажымас, ғылымның пірі болған қайран ұстазымыз Сақтаған Бәйішев әрқашанда біздің жадымызда» [115, 18-п.] - деп шәкірті М.Қ. Қозыбаев толғанды.

«Жинақы да ұқыптылығын ғалымның тұрған пәтерінің үлкен залы ірі кітапханаларда сирек кездесетін әдебиеттерге толы екендігін, кітаптардың әрқайсысында әкесінің еңбек еткен ізі көрінетіндігін айтады ұлы Қайрат Сақтағанұлы. Жазба столында, ғылыми лабораториясында қажет ұшталған түрлі-түсті қарындаштар, қаламдар, қапталған ақ қағаздар, Басқа да қажетті

есептік-техникалық құралдар болатын» - дейді әкесі туралы Қайрат Сақтағанұлымен әңгімелескенде.

С. Бәйішевтің талапты да таланттылығы сияқты қасиеттерін, еңбекқорлығын баласы Қайраттың сөзінен тағы да тереңірек байқауға болады. Қайрат Сақтағанұлымен кездесіп әкесі және шыққан руы туралы сұрағанымызда «руы қазақ» - деп сәл ғана жымып, ал әкесі туралы жазылған естеліктері мен кітаптардың көптігі және де Қайрат Сақтағанұлы бүгіндері әкесінің қасиеттерін, бала күнінде көрген еңбектерін, жұмыс үстелінің рет-ретімен орналасқан жазу қағаздары мен қаламдарының көрінісінің өзінде бір ұқыптылық пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен салмақтылықтың басым екендігін бүгіндері әлі де бала кезіндегідей көз алдында тұратындығын тебірене баяндаған. С. Бәйішұлын, оның қызметінсіз елестету мүмкін емес. Ол өте ерекше таңқаларлық еңбексүйгіш еді, тек ғылыммен өмір сүрді, ғылым ғана оның өміріне мән мен мағына беріп тұрды. Ол қандай уақыт болмасын тек кезекті қолжазбалар оқумен, оларды өңдеу жұмыстарымен ғана тапжылмай отыра беретіндігін баласы таңқалыспен айтады.

С. Бәйішев өмірде өте салмақты да қаталдау адам болғандығы естеліктерде көптеп айтылған. Бұл қаталдық ғалымның өзіне тән тек еңбек үшін жан беріп, уақытын текке кетірмейтін және де басқалардан соны талап ететін қасиеттерінің бірі.

Десек те ол көптеген ғылым жолына түскен жас ғалымдарға қол ұшын беріп, қорғау кездерінде оларға жылы қабақ танытып қолдау көрсетіп, дем беріп отырған. Қорғауға дейін жас ғалымдардың еңбектерін сапа жағынан ақыл- кеңестерін беріп, пікірлерін білдіріп алға сүйреп отырды.

С. Бәйішевтің тағы бір қасиеттерінің бірі, өзгелердің ойларына, пікірлеріне сыйластықпен қарайтын. Оларды міндетті түрде аса ыждахаттықпен тыңдай білді. Сырласушылар ғалыммен жасқанбай ой бөлісіп, өз пікірлерін жеткізіп отыратын. Ғалымның еңбекке қандай қатал болғанымен жалпы адамдармен қарым-қатынасы жеңіл болды.

Қоғам қайраткері өмірде өзазаматтық ұстанымы қалыптасқан, өз көзқарасы бар ерекше жан болғандығын академик Д.В. Сокольскийдің (1910-1987) «Тяжело сейчас в Академии. С. Байшевич был нашей совестью» - деп бір ауыз сөзбен-ақ білдірген екен.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді. Ол шығармалардың бәрінде де сол заманның сарыны мен талабы байқалады. Солай болды деп барша аға зиялыларға мін тағу орынсыз деп ойлаймыз.

С. Бәйішұлының турашыл да шыншыл адам болды. Ол әр істің дұрыстығына, сапалылығына көп көңіл бөлетін еді. Жұмыс барысын мұқият саралап шешуді қадағалып отыратын. Шәкірттері күні бүгінге дейін ұстазының қадір-қасиеттерін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатын еңбекқорлығы мен қамқорлықтарын ұмытқан емес.

Сондай шәкірттерінің бірі академик А.К. Қошанов ұстазы туралы туралы былай дейді: «1979 ж. 16 желтоқсанда Институттың Ғылыми кеңесіндегі докторлық диссертация қорғадым. Ол уақытта ұжымдағы ішкі қайшылықтардың салдарынан Сәкең көңілі болмай, толғаныста жүрген сәттері еді. Қорғаудың алдында мені шақырып алып, кабинетінде ақыл беріп отырып: «Мен осы кеңестің отырысына соңғы рет қатысамын. Сенің жұмысың болған соң ғана. Қолға алған жұмысымды аяғына дейін жеткізу, онымен қатар бүгін өз тағдырымдағы бір шешуші кезең ғой, ал менің ғылым алдындағы борышым іспетті» [78].

С. Бәйішев осыдан кейін Ғылыми кеңестің жұмысына қатыспады. Өзінің азаматтық ұстамына беріктігін, бір сөзділігін, шыншылдыққа әрдайым тәу етерін Сәкең тағы да айқын танытты. Бұл ұстаз академиктің бізге қалдырған тағы да бір ұлағатты өнеге-мирасы іспетті еді.

«Әлі есімде, Сәкең соңғы айықпас кеселімен Орталық ауруханада жатты. Көңілін сұрай барғанымызда, жүзі сынық, саналық күреске, іс-әрекетке толы мағыналы өмірін ой-елегінен өткізіп, бір пайымды тұжырымға келіп отырған адам секілді көрінді. «Тағдырға ризамын. Сонау жиырмасыншы жылдары Ақтөбенің бір түкпіріндегі бұрыш әжептәуір сауда орталығы болған шағын Темір қаласынан түйе керуені қомына жабысып, комсомол жолдамасымен балаң жігіт шағымда Қарсақпайға жеткенімде де ұлы арман жетелеп еді. Елім, халқым үшін қызмет етсем деген жүрегіме ұялаған, заман ағысынан ұшқындаған бір сезім-мақсат еді. Сол жолмен жүріп өткен секілдімін. Қуаныш, қиындық, өкініш те болды ғой. Бірақ қай жерде болмасын қоғам алдында азаматтық парызымды атқарған секілдімін. Ұлы дүбір, төңкерісте «әттеген-ай» кеткеніміз де болған шығар. Ал тіпті «Социалистік Қазақстанда» редактор болып жүргеннің өзінде талай қыспаққа түскенімде мен ешкімнің үстінен домалақ қағаз жазбаған адаммын. Арым таза» [78] - деп отырғандығын айтады.

Академик Сақтаған Бәйішевтің өмірбаяны оқырман қауымға жақсы таныс. Өткен ғасырдың 30-70 жылдары аралығында еліміздің тағдырын бөлісіп, саяси-идеологиялық, ғылым мен мәдениет саласында биік лауазымдарда қызмет істеп, өз заманына лайық бола алған қайраткердің тұлғасына қазіргізаманғы тарихи танымдағы өзгерістерге және қалыптасқан жаңа ұстанымдарға сай баға берілуі керек. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына бойынша бұндай баға беру жалғыз С. Бәйішевке ғана емес, онымен замандас партиялық-мемлекеттік номенклатураның жоғары эшелонында қызмет еткен қайраткерлеріміздің бәріне де қатысты деп білеміз.

С. Бәйішевтің қазіргі кезде мемлекеттік бағдарламаға айналып, жаппай зерттеу нысанына айналып отырған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау тақырыбына қатысты әрекеттеріне тоқталайын.

1947 ж. 4 қыркүйекте ҚК(б)П тарихы – БК(б)П ОК МЭПИ филиалының директорлығына тағайындалған С. Бәйішев «Қазақ ССР тарихының» I–II томдарын жарыққа шығаруда редколлегия мүшесі болып қатысқандығын еске алар болсақ (1949–1950 жж.) [38, 41-42-п.] онда қайраткердің ел басынан

өткен қиын да күрделі кезеңнің куәгері, қатысушысы ғана емес, сонымен бірге осы тарих оқиғаларды ой елегінен өткізіп, ғылыми тұжырымдаған тұлға ретінде танимыз.

«Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Сақтағанның республикадағы «Үлкен террордың» тұсындағы саяси-идеологиялық үгіт-насихаттың тұтқасын қолына ұстаған тұлға болғандығын айғақтайды. Өз қызмет бабына сай Сақтаған Бәйішов сияқты партиялық-мемлекеттік қайраткерлер өздері қаласа да, қаламаса да тоталитарлық биліктің сойылын соғуға мәжбүр болды немесе ол қызметті өз көзқарастары, саяси ұстанымдарына сай қолдап қуаттады. Осы әрекеттері үшін оларды бүгінгі көзқараспен айыптауға болады ма? Міне, мәселенің түйіні осы!

С. Бәйішевтің жеке ісінде оның институт директоры болып тағайындалғанда партиялық билік алдында арнайы үлгіде толтырылған міндеттемеге қол қойған құжат кездесті. Онда «осы қызметтегі кезімде, босаған кезімде де маған белгілі болған мемлекеттік құпияларды жария етпеймін, ештеңе айтпаймын, маған КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 9 маусым 1947 жылғы Указы таныс» [3, Б.273] деп қол қойған екен. Бұндай мазмұндағы құжатқа партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілдерінің барлығы да қол қойып, партия мен үкіметтің алдында міндеттеме алған. Олардың саяси еркі мен көзқарасын осы міндеттеме барынша шектегені белгілі. Қазіргі кездегі мемлекеттік қызметкерлердің кодексі сияқты тоталитарлық биліктің жеке тұлғаларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаудың тетігіне айналған бұндай тәсіл барынша тиімді болғандығына көз жеткіземіз.

Тоталитарлық биліктің «ойын ережесін» қабылдағандар биік лауазымдарға тағайындалып, қызметін жалғастырды. Ал жүйеге сәл ғана қарсылық жасағандар саяси қуғын-сүргінге ұшырап жатты.

Соғыстың өртінен аман шығып, елге оралған С.Бәйішев биліктің «өз адамы» ретінде қабылданды. Содан да 1946 ж. 3 қаңтарда ҚКП(б) ОК шешімімен ККСР ХКК жанындағы Өнер жөніндегі басқарманың бастығы болып тағайындалды. Оны бұл қызметке ХКК төрағасы Н. Оңдасынов пен ОК хатшысы С. Яковлевтер ұсынған [3, Б.275] екен.

С. Бәйішев өзінің осындай соқтықпалы қызмет баспалдақтары барысында идеологиялық жұмыстарға белсене араласа алды. Осы бағытта ол ресми биліктің сөзін сөйлеп, ұлттық құндылықтарға деген партиялық ұстанымын ашық білдіріп отырады. Айталық, «Профессор М.Ауезов в плену своих прежних идеологических ошибок» («Социалистік Қазақстан» 14 наурыз 1947 ж.), «Новый алфавит казахского языка» («Казахстанская правда» 19 ноября 1940 г.), «О неотложенных задачах казахской литературы и литературоведы» («Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда». 15 март 1947 г.), «Некоторые вопросы терминологии современного казахского языка» («Әдебиет және искусство». № 1. 1954.), «Некоторые вопросы социально-экономической терминологии казахского языка (вступительная статья к сборнику «Казахский терминологический словарь» (Изд. АН КССР.

1948. Алма-Ата) [3, Б.275] атты мақалаларының мазмұны осы сөзімізді айғақтайды. Қазіргі ұлттық ұстанымдармен баға берер болсақ бұл мақалалардың көтерген мәселелері сын көтермейді.

1981 жылдың 12 қазанында ҚКП ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың атына С. Бәйішевпен бірге партия-кеңес ардагерлері Михаил Николаевич Дамме, Жұмағали Ізбасаров, Қадыр Жардемалиев, Анна Ивановна Ворожеева, Ермекғали Нигметов, Бөлебай Исабековтер көрнекті мемлекет қайраткері Сейітқали Меңдешовтың 100 жылдығын лайықты атап өту жөнінде ұсыныс-хат жазады. Хат жазушылар қайраткердің партиялық және мемлекеттік қызметін баяндай келіп, оның Коммунистік партия мен Кеңес мемлекетіне сіңірген еңбегін ескеріп, оның туғанының 100 жылдығын атап өтудің мүмкіндіктерін қарастыруды сұрайды. Осыған байланысты мынадай нақты ұсыныстар айтады: «1982 жылдың маусымында Алматы, Орал қалалары мен туған жері Жанғали ауданында С. Меңдешовтың 100 жылдығын атап өтуге арналған көпшілік жиындар өткізу; Алматыда ескерткіш орнату; Гурьев педагогикалық институтына оның есімін беру; Орал облысының бір шаруашылығына (кеңшарға) атын беру; Жанғалин ауданында С.Меңдешовтың музей-үйін ашу; С. Меңдешовтың өмірі мен қызметіне арналған кітапша дайындап, баспадан шығару; 1982 жылдың маусымында «Известия» газетінде С. Меңдешовтың 100 жылдығына арналған мақала жариялау (мақала С.А. Имашевтың немесе Б.А. Ашимовтың атынан жазылса)» [116, 2-5-п.]. Бұл ұсыныс уақытынан ерте көтерілген ұсыныс болды. Өйткені, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар қатарында С. Меңдешов те құқықтық тұрғыда ақталғанымен, олардың саяси ақталуына тоталитарлық идеологияның қасаң қағидалары жол бере қоймаған кез еді. Уақытында оның атына таңылған «меңдешевщина - меңдешовшілік» деген саяси айдардың әшкереленбей тұрған кезінде бұндай батыл ұсыныстар жасау партиялық-мемлекеттік номенклатура өкілі үшін үлкен ерлікке пара-пар әрекет болатын. Кеңестік билікке алдыңғы кезекте коммунистік идеяға шексіз берілген, қалтқысыз қызмет істеген тұлғалар ғана қажет еді, тек солардың ғана саяси, шығармашылық өнегесі оқу-тәрбиенің идеалына айнала алатын. Содан да республикалық басшылық тарапынан аталған ұсыныстар жауапсыз қалды.

С. Бәйішевтың осындай әрекетіне қатысты ғылыми баға беруге болады. Рас, С. Бәйішев тоталитарлық биліктің сойылын соққан еді. Өзімен қатар қызмет еткен небір қайраткерлер саяси қуғын-сүргіннің адамгершілік сезімнен ада жазалау диірменінің ұңғысына түсіп кетіп жатқанда оларды арашалауға, жай ғана қол ұшын беруге мұршасы келмеген тұлғаның осындай әрекетін берісі өз қатарластарының алдында арылу деп бағаласақ, әрісі тоталитарлық биліктің тоңы жібімей тұрған тұста жасаған азаматтық және саяси ерлік деп бағауға болады. Өйткені, кеңес адамдарының ой түгілі түсіне кірмеген жаңаруға һәм еркіндікке жол ашқан қайта құруға дейін үш жарым жылдай уақыт бар еді.

Қарапайым адамдар тарихы мен тарихи дамуға азды-көпті ықпал жасай алған тұлғалардың өмірбаянында елеулі айырмашылықтар болатындығы белгілі. Қарапайым адамдардың өмір жолын айғақтайтын құжаттық деректер тым тапшы болса, тарихи тұлғаларда олардың қарасы аса мол болуы мүмкін. Сол деректердің арасынан тұлғаның қызметін, іс-әрекетін айғақтайтын құнды мәліметтерді елеп-екшеп алудың өзі кәсіби тарихшыдан біліктілікті талап етеді. Өткен тарихына деген самарқау көзқарасқа қарамастан адамдардың санасынан тыс түрде өз туыстарының тарихын сақтап қалуға деген ұмтылыс болады.

Содан да әр адамның жеке тарихы – тарих ғылымындағы жеке, нақты адамның тарихын қалыптастыру арқылы оның тарихи жадтан орын алуын қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми бағыт екендігін ескерер болсақ, онда ел басына қасірет болып төнген саяси қуғын-сүргіннің тарихын зерттеп, зерделеу арқылы тұлғаларымызды танып білудегі зерттеулеріміз барынша тиянақты бола түседі. Сақтаған Бәйішев сияқты саяси көзқарасы барынша карама-қайшылықты тұлғаның өмірі мен қызметіндегі әрбір деталь оны тануға жақындата түседі.

Қайраткер-ғалымның еліміздің қоғамдық ғылымдардың күрделі мәселелері бойынша жарық көрген мынадай мақалаларын атап айтуға болады:

1. Профессор М.Ауезов в плену своих прежних идеологических ошибок. «Социалистік Қазақстан» 14 наурыз 1947 г.

2. Новый алфавит казахского языка. «Қазақстанская правда» 19 ноября 1940 г.

3. О неотложенных задачах казахской литературы и литературоведы. «Социалистік Қазақстан», «Қазақстанская правда». 15 март 1947 г.

4. Некоторые вопросы терминологии современного казахского языка. «Әдебиет және искусство». № 1. 1954.

5. Некоторые вопросы социально-экономической терминологии казахского языка (вступительная статья к сборнику «Қазақстанның терминологиялық сөздігі»). Изд. АН КСРО. 1948. Алма-Ата [3, Б.275].

Ғалымның экономикаға қатысты негізгі еңбектеріне тоқталмай-ақ қоғамдық ғылымдар саласындағы осы еңбектерінің өзі оның ғылыми қызығушылығының әралуандығын танытады деп білеміз.

Институтта соғыстан кейінгі жылдары материалдық-техникалық жабдықтаудың жеткіліксіздігі оқытушылардың ізденістеріне бірқатар кедергілер келтірді. Сондықтан да оқу орнын басқаруда үлкен жетістіктерге қол жеткізу мәселесі алға қойылды. Бұған С. Бәйішев үлкен жауапкершілікпен қарап, идеялық сеніммен атқарған. Оған «Жұмыста жігерлі, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Өзгелермен қарым-қатынаста әдепті де қарапайым, шыншыл және Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің мүшесі» [38, 41-42-пп.] деп берілген партиялық мінездеме айғақ болады.

Соғыс кезіндегі С. Бәйішұлының атқарған қызметі мен өнегесі туралы

«Өте бір сыпайы, зиялы адам, даурықпа айқай-шуды ұнатпайды, әрқашан да жаймен, сабырмен түсінікті етіп сөйлейді. Ең бастысы, тыңдаған кезде, жан-тәніңмен келісесің. Ол не десе, бәрін орындағың келеді де тұрады. ол табиғатынан туа біткен комиссар сияқты көрінеді. Адамдарды иландыра біледі, оған бәрі сенеді»[42, Б.60]– деп замандастары тарапынан жоғары баға берілген.

Десекте С. Бәйішев соғыстың ауыртпалығын басынан өткізе жүріп, штаб жұмысымен ғана шектеліп қалмаған. Ол жауынгерлермен бірге қан майданның ортасында соғысты, қаншама шайқастарға қатысты. Ол туралы А. Халимулдина (Прокопенко), А.К. Халимулдин «Мәншүктің жұлдызды сағаты» атты кітабында «Бригада комиссары Сақтаған Бәйішев бақылау және командалық пункттерде көп отырып қалмайды, оның шайқасқа дегентаңқаларлықтай сезімталдығы болды. Бұл сезім оған шайқастың ең маңызды аймақтарында өзінің қатысуын тез анықтауға мүмкіндік берді. Оның жеке батылдығы, табысқа деген сенімділігі, тауып айтатын сөзі мен мейірімді күлкісі сарбаздар мен командирлерге көмектесетін» [45, Б.56]деп жазады.

Сақтағанның елде қалған ұлдарына жазған хаттарынан алыста жүрсе әкелік тәрбие беріп отырғандығы байқалады. Мысалы, 7 қазан 1942 жылы ұлы Қайратқа жазған хатында «Қайраш, есей, үлгілі бала бол, тезірек жазуды, оқуды үйрен. Сонда сен жақсы бала боласың» [45, Б.64] деп әкелік мейірімін төгеді.

Комиссар С. Бәйішев майданда жүрсе де қаламын тастаған емес. Баспасөздерді жібермей оқып, өз пікірін жазып тұрған. Ол туралы Мәлік Ғабдуллинге жазған хатынан аңғарамыз. Хатта: Сенің қасыңда шығатын «Алға, жауға қарсы» (қазақша болғаныңа болайын) газетін біз оқып тұрамыз. Мұның түрі де, тілі де мазмұны да бізге ұнамайды, Бұл газет әсіресе соңғы кездері былықтырып жүр. Мұнда «Бір аттаныста» деген әңгіме, «Майданбек» деген поэма шығып жүр. Мен әдебиетте талай былықты көріп едім, бірақ мұндай халтураны, мұндай надандықты көргенім жоқ. Сірә, Дихан бұрын да оңған сиырдың боғы емес еді, енді мүлдем алжыған болар. Болмаса, әскери істен азын-аулақ хабары бар адам мұнан сорақыны жазбас болар.

Дихан, әрине қолынан келгенін жазған болар, ал Машақовтың мұндай халтурасын басуына не жорық. Бұл жөнінде сенің пікірің қалай екенін білмеймін, меніңше бұл - сақалын бояған бояушының кәсібі, әдеби шығармалардың қыртысын айналдырушылық. Егер қолың тисе, бұл жөнінде пікіріңді жазарсың, Машақовқа айтып мұндайды қойдыру керек [117].

Ұлттық санамыздың оянуы өткен жолдарымызды бұрмаламай, тарихи процестерді қаз қалпында көрсетуді талап етеді. Ал кеңестік кезеңде ел тарихындағы жеке тұлғаның атқарған қызметі мен ол өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық саяси ахуал зиялыларымыздың бағасын әркезде біле бермеді. Олардың қажымай еткен еңбектері кей-кездері бұрмаланып та жататыны өткен тарихымыздың ақтаңдақ беттерінен баршаға аян.

Қазақстанда қудалаудың үшінші кезеңі интеллигенция өкілдеріне тиді.

Олардың өткір ойлары қоғамдағы болымсыз олқылықтарды сынай алатын еді. Сондықтан да бұндай ойларын жасыра алмайтын батыл топ мүшелеріне де қуғын-сүргін ұйымдастырылып, олардың ойларын жөргегінде тұншықтыруға тырысты. Соның бір ұшы С. Бәйішевке де тиеді. Кеңес өкіметінің қудалау саясаты, ерекше дара шыққан қазақ зиялыларының бірі Қ.И. Сәтпаевтың басына іс түскен кезінде орын алды. Қаныш Имантайұлы Сәтпаев «Буржуазиялық ұлтшылдармен» күресте Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметінен босатылды. Ал, С. Бәйішев Қ. Сәтпаевқа қолдау көрсетіп батыл қадам жасады. Бұл қолдауды идеологиялық өрескел қателіктерге балап Қазақ Ғылым академиясы президумының мүшелігінен алды, өзі құрған экономика институтының басшылығынан да босатылады. 1967 ж. 1 карашадағы қаулымен институт директорлығынан С. Бәйішев босатып оның орнына Р.М. Петухов тағайындалды [38, 75-п.].

Бірақ ол бұл қызметтен босатылғанына еш қиналмайды, керісінше Қ. Имантайұлының орынсыз алған соққысына қынжылып, үнемі жақтайтындығын айтып, пікірінен бас тартпайтындығын білдіреді.

С. Бәйішұлын басқа да қызметтерінен толықтай босату бірінен соң бірі орын алады. ҚКП ОК бюросының 22 тамыз 1962 ж. қаулысымен ҚазКСР «Білім» қоғамының төрағалығынан босатылып, оның орнына Ә.Б. Тұрсынбаев тағайындалған [42, 84-п.]. Бұл қызметтің аса бір үлкен жауапкершілігі бола қоймағанымен тұлғаның ел алдында жүруінің бір көрінісі еді. Тоталитарлық билік осы бір республикалық деңгейдегі елеусіз қызметтің өзін С. Бәйішевке қимағандығы аңғарылады.

1968 ж. 18 сәуірдегі қаулы бойынша Қазақ КСР ҒА президиумының ұсынысымен С. Бәйішев Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті қызметінен босатылып, оның орнына А. Нүсіпбеков бекітілді [118, 99-п.]. Бұл құжаттың дерегі қайраткер-ғалым өміріндегі ең бір сындарлы сәттерден хабар береді.

Қоғамдағы тоталитарлық биліктің С. Бәйішевке қатысты саяси қысымы күн санап өсіп отырды. Тырнақ астынан кір іздеген заманның ауыртпалықтары жанды түйрей өтетін уақыты Сақтаған Бәйішұлын да шарпығанын шәкірті М. Қозыбаев «Саханды вице-президенттіктен қалай түсіргенін ел біледі. Қалай болғанда да обал жасады, өзі құрған экономика институтын да бермеді. Ұстазым қатты қиналып жүргенде 60-та келіп қалды» [5, Б.371] - деп С.Бәйішевтің де басынан қара бұлттың үйірілген кезінің көрінісін еске алады.

Бұл сындарлы кезең бірнеше жылдарға созылады. Десек те саяси және моральдық қысымға қарамастан С. Бәйішев өзінің ғылым жолындағы еңбегін жалғастыра берді. Соғыстан көп зардап шеккен қиын экономикалық жағдайдың шешуін зерттеуден жалыққан жоқ.

Ғалым ғылым саласында үлкен істер атқарып, қоғамдық ірі мәселелерді қозғады. Өзі құрған экономика институтының жұмысы да асқақтап, ірі зерттеу орталықтарына айналады. Бұл Орталық құрылғанынан бастап С. Бәйішевтің қосқан үлесі зор екендігі мәлім. Кейіннен ғалымның өзі

себепші болған ғылыми қызметтік істерін қайтадан қолына алу тапсырылды.

1974 ж. 28 қаңтарда Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті Ш. Есенов те С.Б. Бәйішев туралы өз ойын былай білдіреді: «ҚазКСР Ғылым Академиясының Президиумы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінен Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімінің Экономика ғылымдары бойынша ғылыми дәрежелер беру жөніндегі кеңесінің төрағасына ҚазКСР ҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор С.Б. Бәйішекті бекітуді сұрайды» деп, оны саяси экономия, өндіргіш күштерді орналастыру экономикасы саласындағы ірі маман. С.Б. Бәйішев экономикалық ғылымдар бойынша осындай өкілді және беделді кеңеске жоғары білікті басшылықты жүзеге асыра алады [38, 82-п.] деп сенім білдіреді.

1956 ж 15-16 маусымында ҚазКСР Ғылым Академиясының сессиясында С. Бәйішевтың мүшелікке және вице–президенттікке сайлануына байланысты мәселе бойынша бірнеше ғалымдар сөз сөйлеген. Сол ғалымдардың сөздеріне талдау жасап көрейік. ВАСХНИЛ Қазақ филиалының президиумы төрағасы С. Зыков Бәйішевтың өмір жолы мен қызметіне тоқтала келіп «оның бойында ғалымға тән өте жақсы екі нәрсе бар. Бұл оның қарапайымдылығы және ерекше еңбекқорлығы» [119, 30-п.] деп баға берген.

Осы сессияда академик Т. Тәжібаевтың сөйлеген сөзінен С. Бәйішевтың қандай шығармашылық және ғылыми қызметі үшін Ғылым Академиясының мүшелігіне және вице-президенттікке ұсынылғандығының шынайы себебін аңғарамыз. Т. Тәжібаев «Марксизм-ленинизм классиктерінің, данышпан Лениннің ұлы шығармаларының, Маркс-Энгельс-Сталин шығармаларының қазақ тіліне аударылуы Қазақстанның ғылымы мен мәдениетін дамытудағы ең үлкен жетістігі болып табылады. Бұл біздің республикамызда болған өте үлкен мәдени революцияның ең жарқын көрсеткіштерінің бірі. Біздің үміткер Бәйішев осы ұлы істі ұйымдастырушылардың бірі және марксизм-ленинизм классиктерін қазақ тіліне аударудың ұйымдастырушысы ғана емес, тікелей қатысушысы болды» [119, 31-п.].

С. Бәйішев туралы академик Сауранбаевтың сөзінде де оның осы қызметке қандай жетістіктермен ұсынылғандығына нақтылық берілген. Сауранбаев былай дейді: «Бәйішев бұған дейін өзін ғалым ретінде танытқан. Айтайын дегенім, марксизм-ленинизм классиктерін қазақ тіліне аудару ісіндегі аудармашы, ұйымдастырушы, жетекші ретіндегі қызметі оның тек насихатшы әрі аудармашы ғана емес, марксизм-ленинизм ілімінің терең білгірі екенін аңғартады және бұл гуманитарлық секцияны басқаратын адам үшін маңызды» деп атап көрсетіп, оның көп жылдар бойы идеология мен мәдениеттің барлық мәселелерімен айналысқандығын, тіл білімі, тарих, экономика салаларындағы ірі мәселелерді жақсы білетіндігіне тоқталады [119, 40-п.].

Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар саласы бойынша вице-президентіне партия тарихын, марксизм-ленинизм теориясын терең білумен бірге ғылымның жекелеген салаларын да жақсы білу, мекемені басқара білу

талап етілген. Осы орайда С. Бәйішев барынша лайықты кандидат деп танылған.

С. Бәйішевтың кандидатурасын талқылауға арналған пікірталастың соңғы қорытынды сөзін академик Ишанбай Қарақұлов айтты. Ол өз сөзінде «С.Б. Бәйішев тамаша жолдан өтті, оның тұлғасынан біз Кеңестік Қазақстанның мәдени құрылысының аса көрнекті өкілдерінің бірін, үлгілі партия қызметкерін, тарих, тіл білімі, экономика саласындағы ірі зерттеуші ғалымды көреміз. Ленинизмді насихаттауда көп еңбек сіңірген ерекше табанды маман, оның редакторлығымен ұлы Ильичтің өлмес шығармалары қазақ халқының қалың бұқарасының игілігіне айналды» [119, 43 п.] деп оның Отан соғысы жылдарында даңқты Кеңес Армиясының жауынгері, саяси қайраткері, қазақ жауынгерлерінің толық мағынасында үлгісі болғандығын атап айтады.

Академик А.П. Полосухин «Біздің Академиямызда екінші вице-президенті лауазымы қазіргі уақытта бос, шешім қабылдаушылармен ақылдаса келе, біз Академия академигі кандидатурасын ұсыну туралы шешім қабылдадық. Бәйішев республика ғылымы мен мәдениетінің ірі қайраткері. С.Б. Бәйішев – баспа ісі мәселелерінде тәжірибелі қызметкер. Біздің академияның екінші вице-президенті осы саланы, атап айтқанда, баспа ісін басқаратыны баршаңызға белгілі» [119, 16-п].

Кешегі қызметтестерінің халық жауы, ұлтшыл болып айыпталып, жазаға тартылуы туралы газет бетінде әшкерелеуші, айыптаушы материалдардың жариялануы оның редакторы үшін моральдық-психологиялық тұрғыда аса ауыр болғаны рас. Осы кезеңдегі қызметінде С. Бәйішекті елде орын алған жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қызметтестерін арашалауға жарамады деп айыптауға болады ма? Қалай дегенмен де ол 20-30 жылдардағы халықтың қасіретін көзімен көріп, басынан өткерген адам. Бірақ, халық басына төнген аласапыран нәубеттің тікелей куәгері болса да шешіліп ештеңе айтпаған. С.Бәйішев те өз дәуірінің ащы шындығын қуғын-сүргіннен аман қалған өзге қатарластары сияқты айта алмады. Олардың көпшілігінің ащы шындық айтылар сәтке ғұмырлары жетпеді [3, Б.273]. С. Бәйішев институт директоры болып тағайындалғанда «осы қызметтегі кезімде, босаған кезімде де маған белгілі болған мемлекеттік құпияларды жария етпеймін, ештеңе айтпаймын, маған КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 9 маусым 1947 жылғы Указы таныс» [42, 44-п] деп міндеттеме алған. Осы міндеттеме партиялық-мемлекеттік номенклатураның жоғары эшелонындағы қайраткерлердің бәрінің «ішкі редакторына» айналғандығы ақиқат. Осы жағдай оларды ел басына төнген қасірет жайлы «айта алмады», «жаза алмады» деген айыптауға негіз болып келеді [3, Б.273-274].

Академик С.Б. Бәйішектің Қазақстанның гуманитарлық ғылымының дамуына қосқан үлесі мен атқарған рөлі туралы С.Ф. Мажитов «Қазақстанның тарих ғылымы С.Б. Бәйішекті оның қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық тарихы бойынша жазған еңбектері республика

тарихшыларының арасында ғана емес, сонымен бірге оның аумағынан да тыс жерлерде қызығушылық тудыруымен оны өздерінің мақтанышы санайды» [39, Б.25] деген баға береді. Өйткені қазіргі жаңа уақытта, қазіргі тарихидамудың жаңа жағдайында С.Бәйішевтің мұрасы өзіне назар аударып, қайта бағалауды керек етеді.

С. Бәйішев 30-жылдардағы қазақ кеңестік интеллигенциясының алғашқы буынының өкілі болды. Бұл буынның ерекшелігі туған халқының тарихи жады мен көптеген дәстүрлерін сақтап қалуымен ерекшеленетін. Осы буын өкілдеріне қатысты Б.А. Төлепбаев пен И.В. Якунин қызықты әлеуметтік-психологиялық феномен туралы тұжырым ұсынады. Оның мәнісі, қоғамдық ғылымдарда қазақ ғалымдарының қазақ тарихы туралы патриархалдық, фольклорлық ұғымдардан арылу кезеңі болғандығы екен [120]. Бұл феноменнің басты белгісі «ескі экономикалық уклад пен тұрмысқа деген ностальгия» еді. С. Бәйішев «қызыл профессура» өнегесімен бұл психологиялық кедергілерден тез арылып, бірыңғай маркстік-лениндік методологияның қалың ортасынан орын алды. Саяси бітімі осы бағыттағы ұстанымдарын қалыптастырса, атқарған қызметтері ол ұстанымдарды тәжірибе жүзінде орнықтырды. Ғылымдағы бұндай ұстанымдар ғалымның шығармашылығының әдіс-тәсілдеріне негіз қалап, жұмыс дағдыларын ұштай түсті.

С.Б. Бәйішевтің Ғылым Академиясындағы қызметі туралы академик Салық Зиманов «Сәкең өмірінде Академияның қақ төріне қағылған шындықтың алтын қазығы еді» [45, Б.68] деп жоғары баға беруі қайраткер-ғалымның биік азаматтық ұстанымының негізгі лейтмотиві деп білеміз.

Академик Исмағұл Кеңесбаев С. Бәйішевтің шығармашылық мұрасында басты орын алатын еңбектерінің бірі «Маркс, Энгельс, Ленин еңбектерін қазақ еңбекшілерінің игілігіне айналдырушылардың бірі емес, бірегейі» [45, Б.238] деп баға берумен бірге оның азаматтық өнегесіне қатысты да құнды пікір білдіреді. «Зер қадірін зергер біледі» дегендей академик өз замандасы туралы «Сақтағанның мінез-құлқында аса бір әдептілік, кішіпейілдік бар еді. Кішкене де болса жақсы табысына ризашылық білдіруші еді, оған балаша қуанар еді. Ойсыраған кемістікке қабырғасы қайыса ренжір еді. Өз ойын ортаға салудан тартынбайтын. Сын, мін айтудан именбейтін. Бірақ, ешкімнен өш алу, кек сақтаудан аулақ болатын. Айтар ойын ашық айта отырып, көпшіліктің төрелігіне жүгіну – оның салты еді» [45, Б.238] дейді.

Әзілхан Нұршайықов халқымыздың кемел жігітті «сегіз қырлы – бір сырлы» деп бағалайтындығын айта келіп С. Бәйішевтің халық білетін қадір-қасиеттерінің мынадай сегіз қырын атап айтады:

Бірінші – өз заманына лайық журналист-публицист болды.

Екінші – ержүрек командир болды.

Үшінші – ұлағатты ұстаз болды.

Төртінші – атакты аудармашы болды.

Бесінші – ғұлама тарихшы болды.

Алтыншы – ел қамын жеген экономист болды.

Жетінші – ардақты академик болды.

Сегізінші – мемлекет және қоғам қайраткері.

Сақаңның қыры мен сыры осындай еді. Ол өз дәуірінің перзенті болды, оған адал қызмет етті [Күрескер ғалым. Б.152-153].

Тақырыпқа қатысты қорытынды ретінде айтарымыз, тарихи тұлғаның өмірбаянын ғылыми қалпына келтіруде оның саяси ұстанымдары, ғылыми көзқарастары мен азаматтық позициясына талдау жасаудың маңызы зор. Осы тұрғыда қарастырғанымызда С.Б. Бәйішевтің шығармашылығы мен қоғамдық-саяси қызметіне өзек болған саяси ұстанымдары кеңестік тоталитарлық биліктің ықпалымен қалыптасқанымен ғалым-қайраткердің азаматтық позициясында оның шынайы болмысын танытатын жеке басының қасиеттері де көп болғандығына көз жеткіздік. Демек, қайраткер-ғалымның тұлғасын зерттеуде алдағы уақытта баса назар аударылуы тиіс мәселелердің бірі осы деп ойлаймыз.

ІІІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КУРСТАРЫНДА ТАРИХИ ТҮЛҒАТАНУДЫ ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

3.1. Тарихи тұлғатануды оқытудың қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері

Қазақстанның тарих ғылымы тәуелсіздік кезеңінде теориялық-методологиялық дағдарыс жағдайынан шығып, әлемдік деңгейдегі гуманитарлық құндылықтарды бағдарға алып дамып келеді. Тақырыпты зерттеудің басты мақсаты – тарихи тұлғатану бағытында зерттеудің биографиялық тәсілін қолдана отырып, тарихи тұлғаларды таным нысанына алып, оның педагогикалық әлеуетін айқындау және оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру болып белгіленді.

Қазіргі кездегі тарихи тұлғаларға қатысты зерттеулерде тың тұжырымдар жасалып, тарихи танымға өзек болатын әдебиеттер кешені қалыптасты. Әйтсе де тұлғалар биографиясының мысалында тарихи таным қалыптастырудың әдіс-тәсілдері орныға қоймағандығы, қалыптасқан әдістердің өзі жетілдіруді қажет ететіндігі анықталды. Тарих курстарында қоғамдық құбылыстар мен тарихи оқиғаларды жекелеген тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі арқылы тұлғаландыру қажеттілігі үнемі сезіліп тұрады. Осы мақсатта отандық тарихта елеулі рөл атқарған тұлғалардың азаматтық, саяси өнегесін патриоттық тәрбие мақсаттарына қолданудың әдістерін жаңарту бағытында педагогикалық зерттеулер жүргізілді.

Қазақстан тарихының мазмұнын жаңалауда тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметін қайта бағалауға баса мән беріліп келеді. Осы бағытта қалыптасқан тұжырымдарға тарихнамалық талдау жасалатындықтан зерттеуіміз тұлғатанулық сипат алады. Тарихи тұлғатану бағыты – қазіргі кезде Отан тарихындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлы байланыстарын ажыратып, қоғамдағы және адам санасындағы өзгерістер мен ауытқушылықтардың саяси-әлеуметтік негіздерін танып-білудің барынша мол деректерін жинақтаған сала болғандықтан да оны оқу-тәрбие процесінде қолданудың мүмкіндіктері аса үлкен деп бағаланады. Осыған байланысты зерттеудің келесі бағыты тарих сабақтарында тарихи тұлғатану материалдарын оқытудың әдіс-тәсілдерін іздестіретін педагогикалық мақсатты көздейді. М. Қозыбаев тәуелсіз тарихи сана қалыптастырудағы тұлғатану бағыты бойынша алдан шығатын танымдық тұрғыдағы сын-қатер ретінде қарастырып [121, Б.101] тұлғатанудың методологиялық ұстанымдарының орнықтағандығына назар аударған еді. Демек, тарихи тұлғатанудың теориялық-методологиялық мәселелері де оқыту мазмұнында баса орын алуы керек.

Зерттеуімізде отандық ғылымдағы тарихи тұлғатанудың теориялық-методологиялық мәселелерімен бірге оның негізгі бағыттары, тұлғатануға қатысты жекелеген ғылыми тұжырымдар, тұлға және қоғам, тұлға және билік, тұлға және ұлттық құндылықтар арақатынасы ашылады.

Зерттеудің басты мақсаты тарихи тұлғатанудың негіздерін Қазақстан тарихы курстарында оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жүйелеу болғандықтан тұлғатанудың ғылыми тұжырымдарына талдау жасау, осы бағыттың тарихи сана қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін айқындап, тарихи сана мен танымды игеру мен қолданудың дағдыларын меңгертудің әдістерін жетілдіру болып белгіленді. Тарихи тұлға ретінде академик Сақтаған Бәйішевтің тұлғасын биографиялық тәсілмен талдау барысында қол жеткен нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуге тұлғатануды оқыту бойынша таңдалған әдіс-тәсілдер бойынша ұсыныстар жасалды.

Тарихи зерттеулерде жеке тұлғалардың тарихын зерттеуге көп мән беріледі. Ол зерттеулерді ұлы тарихи тұлғалар және қарапайым адамдар тарихы деп бөлу орныққан. Зерттеу мақсатына сай біз тарихи тұлғалардың өмірбаянын оқытудың мазмұнын қалыптастыру және оның әдіс-тәсілдеріне кеңнен тоқталатын боламыз.

Содан да тарихи сананы жаңғыртудың алғашқы кезектегі міндеті отандық тарихтың мазмұнын кеңестік ұстанымдардан ажырату (десоветизация) болды. Бұл міндет тарихтың методологиялық негіздерін қайта қарау, жаңа ғылыми ұстанымдарды қолдануды қамтитын еді. Соған сай тарих ғылымының идеологиялық функциясының саяси-әлеуметтік бағдарларын да ауыстыру қажеттігі туындады. Міне, осы аталған мәселелер тарихи тұлғатану бағытының педагогикалық әлеуетін тарихи сана мен таным қалыптастыруға қолдану міндетін алға тартады.

Қазірге дейін отандық тарих ғылымында тарихи тұлғатану пәні міндетті компонент ретінде оқу реестріне енгізілген жоқ. Білім беру бағдарламаларында тарихи тұлғатану ғылыми бағыт болғандықтан да оны Қазақстан тарихы курстарында жекелеген тақырыптарға қатысты және жекелеген тұлғалардың тарихы бойынша эпизодтық сипатта қарастыру дәстүрі орныққан.

Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігі философиялық және мәдени дәстүрлерімен, мақсаттары мен міндеттерінің деңгейімен, сапалық жағдайымен айтарлықтай ерекшеленетін әртүрлі тұрпаттағы және деңгейдегі ұлттық білім беру жүйелерін ықпалдастырады. Сондықтан, әлемдік тенденциялар да, әртүрлілікті сақтау кезінде қалыптасып келе жатқан біртұтас организм ретінде қазіргі білім беру кеңістігіне кірігуімен байланыстыруымыз керек [122].

Университеттің білім беру жүйесін жаңғырту - бұл университет түлектерін бастамашылдық, ұтқырлық, сындарлылық сияқты қасиеттерді талап ететін уақыт талабына қайтарылған жауап. Болашақ маман жоғары оқу орнында оқыған жылдарында оның өмір бойы өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлығы, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті, практикалық іс-әрекетінде жаңа технологияларды пайдалану қажеттілігін түсінуі қажет [123].

Адам ресурстары білімнің, біліктіліктің және әлеуметтік көзқарастардың жиынтығы ретінде әлеуметтік-экономикалық өсудің принциптері маңызды көзі болғандықтан тұлғаның дамуы мен әл-ауқатының мәні тұлғаларға өз

кабілеттеріне сәйкес таңдағысы келетін өмірлік бағдарын игеру мүмкіндігі және олардың осындай таңдау жасауына құралдар мен мүмкіндіктер беру [124] деп айқындалады.

Тұлғаның мағынасы адамның келбеті мен мінез-құлқының сыртқы көрінісі. Басқа адамдардың одан талап ететін және күтетін бейнесін, «сыртқы келбетін» білдіретін ұғым. Бұндай алдамшы «келбет» бір жағынан, оның ниетіне сәйкес келетінін және екінші жағынан, ол үшін маңызды болып табылатын қоршаған ортаның талаптары мен пікірлеріне сәйкес келуін бағдарлайтын «бетперде». Осылайша «Тұлға», «персона» сөзі «персонология» терминінің қазіргі түсіндірмесі бойынша танымның ұзақ кезеңіне шашыраңқы мағыналардың синтезін білдіре алады. «Тұлғаның» семантикалық өзегі адамның өзінің өмірлік мұраттарының орындалуында, сондай-ақ дүниеге, басқаларға, өзіне берілетін жеке тәндік-психикалық рухани-белсенді болмысы болады [125]

Осы мәселеге айқындық беруіміз үшін тарихи білімнің мазмұнына тоқталайық. Жалпы тарихи білімінің бірін-бірі толықтыратын бірнеше құрауыштары бар. Олар:

1. тарихи түсінік (нақты образдар арқылы оқиға, хронологияның танылуы);

2. тарихи ұғым. Тарихи фактілер туралы образдар қалыптасқаннан кейін барып студент оның мәнін, олардың арасындағы байланысты анықтап, тануға көмектеседі;

3. тарихи процестің заңдылық ұғымы тарихи фактілерді, тарихи процесті ұғым, заңдылық жүйесі арқылы беру [126].

Отандық әдіскер ғалым Т.Т. Тұрлығұлдың тұжырымдауына нәтижелілік сабақтың түпкі мақсаты, тарихты сапалы оқытуда сабақтастық пен пәнаралық байланыс, курсаралық байланыстардың маңызы ерекше [127] болып саналады.

Бүгінгі таңда тарихи тұлғаларды зерттеудің көптеген әдістемелік әдістері белгілі. Әдіскерлер Н. Ольхина мен И. Рыбак оларды қорытындылауға тырысып, бұл жұмысты ұйымдастырудың он бір нұсқасын анықтады. Сонымен қатар, авторлар берілген әдістер тізімі толық емес екенін, оны дәстүрлі оқыту әдістерімен де толықтыруға болатынын айта келіп мынандай түрлерді ұсынады атап өтеді: алгоритмдік, биографиялық бағалаушылық, салыстырмалы, бағалау экстремальдық, бөліктей бағалау, болжанатын, зерттеушілік, жинақтау, көркем публистикалық, сызбалық, ойындық.

Қазіргі кезде Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Тарих педагогтарын дайындау білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша ТТТР7302 «Тарихи тұлғатану: теориясы және практикасы» атты элективті курс оқытылуда. Ендігі кезекте осы пәннің мазмұнына талдау жасап көрейік.

«Тарихи тұлғатану: теориясы мен практикасы» пәні – тұлғалардың, мемлекетшілдігін таныту, ұлттық тарихи тұлғаларға баға беру өлшемдерін айқындау, тұлғатану әдіснамасы мен теориясына байланысты қазіргі

көзқарастарды жүйелеу. Тарихи тұлғалардың тарихтағы орнын көрсету; Сонымен бірге, тұлғалар тарихына қатысты мұрағаттық деректер мен дәстүрлі деректерге мәтіндік тұрғыда ғылыми түсініктеме беру болып белгіленген.

Осы мақсатқа сай пәннің мынадай міндеттері айқындалған:

- Ұлттық тарихи тұлғаларды дүниежүзі тарихының контекстінде талдау;
- Тарихи тұлғалар туралы тарихнама мен деректерді қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастыру;
- Тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін саралау және бағалау;
- Тұлғалардың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін ашып көрсету;

-Тарихи тұлғалардың отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларының ерекшеліктерін ашып көрсету,

- Мемлекеттіліктің іргесін нығайтуға үлес қосқан тұлғалардың қоғамдық қызметін жаңаша әдістемемен зерттеу;

- Мемлекетшілдік ізденістерге, қайраткерлік еңбекке құрметпен қарайтын және ұлттық құндылықтарын жете түсінетін қабілетті дамыту.

8D01604 – Тарих білім беру бағдарламасына 5 кредит (150 сағат) көлемінде ендірілген «Тарихи тұлғатану: теориясы мен практикасы» пәнінің сипаттамасы мынадай болып қалыптасты: Пән мазмұнында тарихи тұлғатанудың теориялық негіздері қарастырылады. Сонымен бірге теориялық білімдерді қолдану тәсілдері меңгертіліп, біліктілігі қалыптастырылады. Докторанттар тарихи тұлғатанудың теориялық және методологиялық мәселелерімен танысып, кәсіптік дағдыларды меңгереді. Тарихи таным үрдісінің басты мәселесі тарихи факт болып табылады. Аталмыш мәселе теориялық-танымдық қырынан және олардың интенсивті өңделуіне қызығушылық туғызды. Тарихи факт – тарихи білімнің іргелі санаты. Тарих ғылымының табиғаты мен барлық ғылыми теориялардың негізін фактілер құрайды. Тарихнаманың танымдық мүмкіндіктерін тек қана тарихи факт аша алады. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері мен мазмұндық тақырыптары кестеге сәйкес әзірленген (кесте 1).

Кесте 1. «Тарихи тұлғатану: теориясы мен практикасы» пәніноқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес оқу курсы келесі құзыреттердің дамуына бағытталған

Құзыреттер (Қ)	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (ББ ОН):
ОН1. Ғылыми-танымдық Д1.1 Ғылыми	-әдіснама, тарих, педагогика және психология ғылым саласындағы білімдерін бағалайды және тексереді, ғылыми саласындағы ізденістерді диагностикалауды, талдау және жинақтау негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыруды жоғары деңгейде көрсетеді, халықаралық баспа беттерінде ғылыми жарияланымдар жасайды, рефлексияға қабілетті, қалыптасқан зерттеу мәдениетін және

	ғылыми этика нормаларын көрсетеді, тарих ғылымы мен зерттеулерде ғылыми әдіснамалық аппаратты көрсетеді және қолданады (ОН1);
Б2. Біртұтас ғылыми жүйелік көзқарасқа негізделген әртүрлі жағдайларды бағалау қабілеті	ОН4-дүние жүзі тарихы өркениетінің мәселелері туралы теориялық білімі бар (ежелгі әлем тарихы, Орта ғасырлар, жаңа және қазіргі заман тарихы); тарихи құбылыстар мен оқиғалардың әлемдік тарихи дамудың жалпы парадигмасымен байланысын анықтауға қабілетті. ОН5 - Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері, сондай-ақ түркі мемлекеттерінің әлеуметтік және саяси тарихы туралы іргелі білімді көрсете алады.

Тарихты оқыту барысында білім мазмұнын байытуда педагогика мен психология ғылымындағы бағыттарды басшылыққа алу маңызды. Тарих пәнін оқытуды ұйымдастырудың заманауи әдістерін меңгеру болашақ мамандар үшін оны практикалық сабақ пен педагогикалық іс-тәжірибеден өту барысында іске асыру олардың кәсіби даярлығына оң ықпал етеді [128].

Оқушылардың тарихи тұлға туралы айшықты ой тудыратын негізгі әдіс-тәсілдері көбінесе: оқытушының жанды сөзі, оның әр түрлі нақтылау әдістерімен бекітілген жарқын, бояулы, қызықты әңгімесі; көрнекі және мазмұнды визуализация құралдары; көркем әдебиетті пайдалану. Тарихи тұлғаны зерттеудің нұсқалары кеңінен қолданылады.

1. Тұлғаны өмір кезеңдері бойынша зерттеу, өмір кезеңдерін бөліп көрсету, негізгі еңбегін сипаттау. Бұл тапсырманы білім алушыларға жеке жұмыс үшін де, топтық жұмыс үшін де беруге болады, бұған дейін әдебиеттер мен ақпарат көздерінің тізімін, соның ішінде тарихи тұлғаның жеке басы туралы мәліметтері бар тексерілген сайттарға сілтемелерді оқуға ұсынуға болады. Тапсырма адамның өмірбаянын жазу, оның өмірінің негізгі кезеңдерін көрсету болуы мүмкін немесе әр топқа тарихи тұлғаның белгілі бір өмір кезеңі туралы ақпарат табу және топтың өмірін көпшілікке таныстыру арқылы әңгіме дайындау тапсырмасы беріледі. Тиісті ғылыми жобаны қалыптастыру және оның сабақта орындалуын тексеру арқылы бұл нұсқаны қолданған жөн.

2. Тарихи тұлға туралы замандастары мен тарихшылардың берген бағасын зерделеу және зерттеген материал негізінде - білім алушылардың өз көзқарасы бойынша шешім қабылдауына және оны дәлелдей білуге көмектесетін пікірталастар мен сайыстар өткізу. Айта кетерлігі, тарихи тұлғаның қызметін өзі өмір сүрген кезеңнің ерекшеліктерін, адамгершілік таңдауын, іс-әрекетінің саяси, мәдени және рухани бағдарын ескере отырып бағалауға болады. Белгілі бір адамның іс-әрекетінде оң және теріс жақтарын таба отырып, бағалау көп мәнді болуы мүмкін екеніне дайын болуыңыз керек. Мұндағы оқытушының міндеті - тарихи тұлғаны сынаушылардың

дәлелдерін болжауға және талқылауды патриоттық және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес бағытта түзету болмақ.

3. Оқытушы білім алушыларды тұлғаны бейнелейтін суреттерді, деректерді талдауға және олардың мінез-құлықтарының ерекшеліктерін жіктеуге, оның тұлғасын сипаттауға бағыттайды.

4. Көркем фильмдерді көргеннен кейін рефлексия арқылы қалыптасатын мінездемелер мен болжамды тұлғалық қасиеттерге салыстырмалы талдау жасау. Алайда, бұл әдетте білім алушыларға фильмді алдын ала қарау қажеттіліктерін болжайды, бұл кеңейтілген үй тапсырмасы немесе сыныптағы «төңкерілген» әдіс ретінде қарастырылуы мүмкін.

5. Жұмыс нәтижелеріне негізделген жеке бағалау. Мысалы, ішкі саясат, сыртқы саясат, келеңсіз салдар, оң салдар сияқты өлшемдер бойынша оқушыларға салыстырмалы және жалпылау кестесін толтыруды тапсыруға болады, кесте соңында барлығы қорытынды жасап, тарихи тұлғаға баға береді.

Тарихи тұлғатанудағы аса үлкен пікірталасқа өзек болған тақырыптардың бірі тарих ғылымындағы мифотворчестволық тенденцияның орын алуы деп айтуға болады. Бұл бағыттың өкілдері өз зерттеулерін қазақ халқының этногенезін дәріптеумен шектемей тарихи тұлғалардың биографиясына қатысты да қолданып келеді. Зерттеуімізге өзек болған екінші мәселе, отандық тарихнамадағы этноцентризм тенденциясы. Ж. Абылхожин ұлттық партиялық-мемлекеттік әкімшілік элитаның этноцентризмнің метафоралық сөздігінің қалыптасуына өзіндік ықпалы бар екендігін ескертеді [129, Б.253]. Осы бағытта жүргізілген зерттеулерде отандық ғылымдағы тарихи тұлғатанудың теориялық-методологиялық мәселелерімен бірге оның негізгі бағыттары, тұлғатануға қатысты жекелеген ғылыми тұжырымдар, тұлға және қоғам, тұлға және билік, тұлға және ұлттық құндылықтар арақатынасы ашылатын болады.

Зерттеудің басты мақсаты тарихи тұлғатанудың негіздерін Қазақстан тарихы курстарында оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін жүйелеу болғандықтан тұлғатанудың ғылыми тұжырымдарына талдау жасау, осы бағыттың педагогикалық әлеуетін айқындап, тарихи сана мен танымды игеру мен қолданудың дағдыларын меңгертудің әдістерін жетілдіру болып белгіленді. Тарихи тұлға ретінде академик Сақтаған Бәйішевтің тұлғасын биографиялық тәсілмен талдау барысында қол жеткен нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуге тұлғатануды оқыту бойынша таңдалған әдіс-тәсілдер бойынша ұсыныстар жасалды.

Тарихи тұлғатану бағыты тарих ғылымының құрамдас бөлігі болғандықтан және тарихты оқытудың әдістемесіне арналғандықтан зерттеуіміз тарихи және педагогикалық ғылымдар тоғысында орындалып, методологиялық тұрғыда пәнаралық сипат алады. Тұлғаның қоғамдық-саяси қызметін бағалауда биографиялық тәсілдің танымдық мүмкіндігі мол. Содан да бұл тәсіл ғылыми зерттеулерде қолдану танымдық тұрғыда тиімділікке қол жеткізеді.

Биографиялық тәсілден жеке тұлғалардың өмірбаяны түріндегі дербес жанр ретінде қарастырудан тартынса да, таным құралы ретінде тарих ғылымы оның мүмкіндіктерін кеңінен қолданады. Өйткені тарихтағы адам факторының жеке немесе топтық (индивидуальный или групповой) сипатын анықтауда биографиялық тәсілдің мүмкіндігі мол. Ең бастысы, бұл тәсілді қолдану тұлға мен бұқараның тарихтағы орны мен рөлін анықтауға қатысты методологиялық мәселені шешу үшін керек болады [3, Б.270] екен.

Осы сияқты адамзаттың материалдық игілігі миллиондаған адамдардың еңбегімен жасалса, рухани шығармашылық қызмет – индивидуалды болып келеді. Міне, осы жағдайда жеке тұлғаның қызметі көптеген адамдардың қызметінен маңызды болып шығады. Мәселенің түйіні әлдебір әрекеттің іске асуында адами фактордың (бұл жерде жеке тұлға, гений немесе бұқара халық мағынасындағы факторлар аталып отыр) қайсысы шешуші маңызға ие болады деген сауалдың жауабымен шешілмейді. Бұл сауалдардың жауабы ұлы тұлғалардың тарих сахнаға шығу себебін, олардың қоғамдық-саяси әрекетіне деген қоғамның сұранысын түсіндіріп бере алмайды. Дәстүрлі танымда ұлы тұлғалар деп ғылымның, өнердің, т.б. қайраткерлері емес, көбіне қоғамдық-саяси сипаттағы [3, Б.271] қызметтерімен танылған мемлекет қайраткерлері танылады.

Ресей тарихшыларының тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеулерінің нәтижелері әртүрлі болғанымен, олардың барлығының алдан шыққан методологиялық проблемалары ортақ болып келеді. Ол проблема тұлғалық тарихтың геройын таңдаудан туындайды. Соңғы зерттеулерде тарихшылардың назары типтік тұлғадан нақты адамға ауа бастады. Тұлғалық тарихтың зерттеу нысанын таңдауға қатысты ресейлік тарихшылардың пікірлеріне тоқталайық [3, Б.272].

Тарихи тұлғатануда өнімді еңбек етіп келе жатқан ресейлік тарихшылардың бірі Д.М. Володихин «дереккөздер оның ішкі әлеміне терең үңілуге мүмкіндік берсе кез келген индивидтің өмірбаяны қолайлы» [34, Б.27-32.] десе, Ю.Л. Бессмертный «...іздеудің алдыңғы қатарында белгілі бір адам, оның жеке мінез-құлқы, өз таңдауы бар... ол бізді өз бетінше қызықтырады...» [35, Б.23] деген тұжырым ұсынады. Бұндай ізденістер отандық тарихта жалғасын табады.

Осыған байланысты «...тұлға тарихы барынша тар мамандарға емес, білімді адамдардың үлкен аудиториясына ұсынуға тұрарлық» [36, Б.260] деген тұжырым бар. Осы тұжырымға байланысты тұлғалық тарих пен кең ауқымды тұлғатанудың аражігін ажыратып алуымыз керек. Көбіне тұлғатанулық зерттеуге лайықты негізгі тұлға танымал тарихи тұлғалар арасынан таңдалады. Әлемдік зерттеулерде тұлғалық тарих кең мағынада қолданылады. Олар таңдаулы тарихи тұлғалар және кез келген қарапайым адамдардың тарихы деп бөлінеді.

Таңқаларлық жағдай мынадай: ұлы көшбасшының пайда болуы үшін соғыс керек болады. Ұлы тұлғаның тарих сахнасына шығаратын қолайлы ахуал, қоғамдық өзгеріс пісіп, жетілгенде ғана тарихи процесс іске асады.

Осы өзгеріс тұлғаны алға шығарады. Сол өзгеріс барысында оған ықпал жасайтын тұлға ұлыға айналады, өзгерістің қажеттігін түсінген тұлға миллиондардың ұмтылысын іске асырады. Тұлғатанудың осындай ғылыми ұстанымдары осы пәнде оқытудың мазмұнынан көрініс табуы керек болады.

Зерттеулерде жеке тұлғалар тарихы кең мағынада қолданылады. Олардың таңдаулы тарихи тұлғалардың және қарапайым адамдардың тарихы деп бөлінетіндігін білеміз. Зерттеу мақсатына сай біз кәдуілгі және ұлы тарихи тұлғалардың өмірбаянын бірлікте оқытудың әдіс-тәсілдеріне тоқталатын боламыз.

Қазақстан тарихын зерттеуде жиі қолданылатын тәсілдердің бірі – биографиялық тұғыр. Тарихи процестің мәні мен мазмұны жеке тұлғалардың әрекеті арқылы толығындықтан да зерттеушілер бұл тәсілді айналып өте алмайды. Педагогикалық зерттеу барысында біз құрастырған таңдау пәнінің мазмұны мен жоспарын алдағы бөлімде ұсынатын боламыз.

Білім алушылардың тарихи тұлға туралы айшықты ой тудыратын негізгі әдіс-тәсілдері көбінесе: оқытушының жанды сөзі, оның әр түрлі нақтылау әдістерімен бекітілген жарқын, бояулы, қызықты әңгімесі; көрнекі және мазмұнды визуализация құралдары; көркем әдебиетті пайдалану. Тарихи тұлғаны зерттеудің келесі нұсқалары кеңінен қолданылады.

1. Тұлғаны өмір кезеңдері бойынша зерттеу, өмір кезеңдерін бөліп көрсету, негізгі еңбегін сипаттау. Бұл тапсырманы білім алушыларға жеке жұмыс үшін де, топтық жұмыс үшін де беруге болады, бұған дейін әдебиеттер мен ақпарат көздерінің тізімін, соның ішінде тарихи тұлғаның жеке басы туралы мәліметтері бар тексерілген сайттарға сілтемелерді оқуға ұсынуға болады. Тапсырма адамның өмірбаянын жазу, оның өмірінің негізгі кезеңдерін көрсету болуы мүмкін немесе әр топқа тарихи тұлғаның белгілі бір өмір кезеңі туралы ақпарат табу және топтың өмірін көпшілікке таныстыру арқылы әңгіме дайындау тапсырмасы беріледі. Тиісті ғылыми жобаны қалыптастыру және оның сабақта орындалуын тексеру арқылы бұл нұсқаны қолданған жөн.

2. Тарихи тұлға туралы замандастары мен тарихшылардың берген бағасын зерделеу және зерттелген материал негізінде – мектеп оқушыларының өз көзқарасы бойынша шешім қабылдауына және оны дәлелдей білуге көмектесетін пікірталастар мен сайыстар өткізу. Айта кетерлігі, тарихи тұлғаның қызметін оның өзі өмір сүрген кезеңнің ерекшеліктерін, адамгершілік таңдауын, іс-әрекетінің саяси, мәдени және рухани бағдарын ескере отырып бағалауға болады. Белгілі бір адамның іс-әрекетінде оң және теріс жақтарын таба отырып, бағалау көп мәнді болуы мүмкін екеніне дайын болуыңыз керек. Мұндағы оқытушының міндеті – тарихи тұлғаны сынаушылардың дәлелдерін болжауға және талқылауды патриоттық және рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес бағытта түзету болмақ.

3. оқытушы білім алушылардың зейінін тұлғаны бейнелейтін суреттерді, деректерді талдауға және мінез-құлық ерекшеліктерін жіктеуге, оның тұлғасын сипаттауға бағыттайды.

4. Көркем немесе деректі фильмдерді көргеннен кейін рефлексия арқылы қалыптасатын мінездемелер мен болжамды тұлғалық қасиеттерге салыстырмалы талдау жасау. Алайда, бұл әдетте білім алушыларға фильмді алдын ала қарау қажеттілігін болжайды, бұл кеңейтілген үй тапсырмасы немесе топтағы «төңкерілген» әдіс ретінде қарастырылуы мүмкін.

5. Жұмыс нәтижелеріне негізделген жеке бағалау. Мысалы, ішкі саясат, сыртқы саясат, келеңсіз салдар, оң салдар сияқты өлшемдер бойынша білім алушыларға салыстырмалы және жалпылау кестесін толтыруды тапсыруға болады, кесте соңында барлығы қорытынды жасап, тарихи тұлғаға баға береді.

Жеке тұлғаның өмірі мен іс-әрекетін зерделеу үшін қызықты тапсырмалар ретінде тәжірибеде әртүрлі ойын әдістері қолданылады: мәтіннен қатені табу, «менің кім екенімді тап», рөлдік ойындар, кроссвордтар, квесттер, викториналар және т.б.

Тарихи тұлғатану бағытындағы білімдерді игеру арқылы тарихи таныммен бірге болашақ педагог мамандардың отаншылдық сенімі мен көзқарастарын қалыптастырудың әдіс-тәсілдері үнемі жетілдіріліп отыруы қажет екендігіне көз жеткіздік. Оқыту әдістемесі мұқият теориялық дамуды, содан кейін практикалық іске асыруды қамтиды, ол оқытушыдан теориялық, әдіснамалық және технологиялық мәдениетті дамытудың жоғары деңгейін талап етеді.

Сонымен қатар, болашақ тарих оқытушыларына «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» таңдау пәні аясында тарихи тұлғатануға қатысты архивтік деректерді іздеп табу, оны археографиялық өңдеу мен талдау, зерттеу арқылы орындалатын логикалық тапсырмаларды ұсыну орынды. Аталған оқыту әдістері мен түрлі мазмұндағы тапсырмалар мысалдары біздің зерттеу жұмысымыздың 3.2 бөлімінде мазмұндалған.

Қорыта айтқанда, отандық тарих курстарының мазмұнында тұлғатануға қатысты жинақталған зерттеу нәтижелерін тарихи танымды өзектілендіру үшін оқу үдерісіне енгізудің жетімсіздігі және оған деген сұраныстың бар екендігі анықталды. Отаншылдық сезімдерді қалыптастыруда тұлғатанулық материалдарды оқу бағдарламаларына және пән контекстіне енгізудің қажеттілігі айқындалды. Әсіресе, тарихи тұлғатану бағытындағы қалыптасқан зерттеу нәтижелерін жүйелеп, тарихи сана қалыптастырып, оны тарихи танымға айналдыру арқылы тәжірибеге енгізудің қажеттілігі айқын білінеді.

3.2. Тарихи тұлғатану пәнінің құрылымы мен мазмұны

Бүгінгі күні білім беру саласының алдында тұрған басты міндет – ертеңгі күннің күтпеген қиыншылықтарына төтеп беруге дайын, мүдделі тұлғаларды қалыптастыру. Білім берудің табыстылығы белгілі бір білім көлемін меңгеруден емес, осы білімді кеңейтуден және оларды жаңа жағдайларда қолдану дағдыларын алудан тұрады. Өйткені бүгінгі білім берудің мәні креативтілікті, сыни ойлауды, қарым-қатынас жасай білу мен ынтымақтасуды дамыту болып табылады.

Осы орайда болашақ тарих оқытушылары жоғары білім беру саласында жаңартылған білім беру бағдарламаларын іске асыруға даяр болулары тиіс екендігі белгілі.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында білімнің жаңартылған мазмұнына көшу бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру туралы келесідей міндет қойды: «Орта білім беруде жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталады. Бұл мүлдем жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар мен кадрлар. Педагогтарды оқыту мен олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін қайта қарау қажет» [130]. Жоғары білімнің бастапқы негіздері орта мектепте қалыптасатындығын ескерер болсақ, онда бұл бағдарламаның жоғары білім мазмұнын жаңартуға жасайтын ықпалы зор екендігін ескеруіміз керек.

Кез келген процесс жүйесі жаңартылғаннан кейін, оны «қайта іске қосу» қажет. Біздің республикамыздағы жоғары білім мазмұнын жаңартуға байланысты, мұндай қайта жүктеу педагогтар үшін жоғары білім беру мекемелерінде білім беру мақсаттарын, оқыту әдістемесін және білім алушылардың оқу жетістіктерін жаңаша бағалауды қажет.

Жоғары білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұн жеке өзін-өзі дамытуда, білім алуда дербестікті қамтамасыз ететін нәтижелерге бағдарланған. Ең алдымен, «жоғары білім мазмұнын жаңарту» түсінігінің мәні жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұнынан құралады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының айрықша ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- спиральдік қағидасы, яғни тақырыптан тақырыпқа дейінгі білім мен іскерлікті біртіндеп өсіру;
- білім алушылардың қарапайым (білім, түсіну, қолдану) деңгейден жоғары деңгейге дейінгі ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделген оқыту мақсатына назар аудару (талдау, синтез, бағалау);
- қазіргі уақытта өте маңызды үштілді бағдарламаны толыққанды енгізуге негіз болатын пәнаралық байланыстарды барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін «толассыз тақырыптардың» болуы.

Қазіргі кезде жоғары оқу орнында болашақ тарих оқытушысын даярлаудағы жалпы білім берудің мақсаттары міндеттері үнемі жаңалануда.

Соған сәйкес білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелері де көп өзгеріске түскен. Таңдау пәнінің әдістемесін жетілдіруде осы өзгерістер үнемі назарда болды.

Жаңартылған білім бағдарламасын іске асыруға даярлауда болашақ тарих оқытушыларына тұлғалық тарих мазмұны арқылы отансүйгіштік сезімдер қалыптастыруға бағытталған *6B02231-Тарих – Тарих білім беру бағдарламасына 5 кредит (150 сағат) көлемінде ендірілген* «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәнінің сипаттамасы мынадай болып белгіленді: Пән мазмұнында тарихи тұлғатанудың теориялық негіздері қарастырылады. Сонымен бірге теориялық білімдерді қолдану тәсілдері меңгертіліп, біліктілігі қалыптастырылады. Бакалаврлар тарихи тұлғатанудың теориялық және методологиялық мәселелерімен танысып, кәсіптік дағдыларды меңгереді

Пәннің мақсаты: «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәнінің мақсаты – тұлғалар тарихын толыққанды зерттеу, олардың өмірлік тәлім-тәрбиесін, тәжірибесін алу, жүріп өткен жолдарындағы еліне деген патриоттық сүйіспеншілігін сезіну, ұлттық тұлғалар тарихын тану, тұлғатануға байланысты қазіргі көзқарастарды жүйелеу. Тарихи жеке тұлғалардың тарихтағы орнын көрсету; Сонымен бірге, тұлғалар тарихына қатысты мұрағаттық деректер мен ауыз әдебиеті мұраларын жинастырып, оларға тиісінше, ғылыми тұрғыдан түсініктеме беруді ұлттық мүддемен ұштастыру.

Пәннің міндеттері:

- Тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін саралау;
- Тұлғалардың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін ашып көрсету;
- Тарихи тұлғалардың отандық ғылым мен білімнің бастауындағы мұраларының ерекшеліктерін ашып көрсету;
- Мемлекеттіліктің іргесін нығайтуға үлес қосқан тұлғалардың қоғамдық қызметін жаңаша әдістемемен зерттеу;
- Мемлекетшілдік ізденістерге, қайраткерлік еңбекке құрметпен қарайтын және елдік дәстүр құндылықтарын жете түсінетін қабілетті дамыту;

Құзыреттер және пәнді меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптар

Д1. Білімін қолдану

Д1.3 Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану

Д2.2 Өзін-өзі ұйымдастыру

Д3.1 Қоғам және кәсіби ортада коммуникативті дағдыларды қолдану

Д.4.2 Ғылыми-педагогикалық зерттеулер

Пәнді оқығаннан кейін білім алушының меңгеретін:

Білімі: Тарихи тұлғалардың әлемдік өркениет дамуы жолындағы рөлі мен орнын түйсіне білуі керек;

Жеке деректік ақпараттарды таңдауда, аксиологиялық (құнды) түйінді мәселелерді дербес нақты анықтамалар көмегімен жағдайға қарай бағалай білуі керек;

Білігі: Жеке тұлғалық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдениеттанымдық негізін саралай білуі тиіс;

-Тарихи дамудың принциптері мен заңдылықтарын игере білуі тиіс;

- Тарихи дереккөздерді сыни талдай алулары тиіс;

-Тарихи архивтік құжаттармен археографиялық жұмыстар жүргізе алуы керек.

Дағдылары: тарихи эволюция заңдарын түсіндіру, тарихилық принцип негізінде тарихи өткенімізді талдай білуге дағдылану;

Тарихи деректерді жіктеп, талдай білу;

Тарихи білімнің теоретикалық, қолданбалы және бағалылық аспектілерін көрсете білу, оларды күнделікті және кәсіби өмірде практикалық шешімдерді негіздеуде қолдана білу.

Құзыреттері: Курс бойынша алған білімді қолдана білуге үйрету;

Қазіргі жаңа технологиялар негізінде ақпаратты жүйелеу, өңдей білу, сақтау және тарата білу;

Түрлі деректерден жан-жақты ақпарат жинап, оны тиімді қолдану.

Пререквизиттер: Қазақстанның орта ғасырлар тарихы, шет елдердің орта ғасырлар тарихы, мәдениеттану, этнология, философия, саясаттану.

Постреквизиттер: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, шет елдердің қазіргі заман тарихы, Қазақстанның деректану және тарихнама пәндері (жаңа және қазіргі кезең).

Қысқартылған сөздер: Б – білімі; Д – білігі; Қ – құндылық құраушылары; СӨЖ – студенттің орындайтын өзіндік жұмысы; ОБСӨЖ – оқытушы басшылығымен орындалатын студенттің өзіндік жұмысы.

Диссертациялық зерттеуіміздің барысында тұлғатануға қатысты қол жеткен нәтижелер мен жасаған қорытындыларымызды оқу үдерісіне енгізу мақсатында жүргізген педагогикалық зерттеулер бойынша таңдау пәнінің мазмұны жасалды. Ол жоспар төмендегі кестеде көрініс тапты.

Кесте 2 «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің мазмұны және жоспары

№	Лекция тақырыптары	Практикалық (семинар) сабақ тақырыптары	Лекция	Практик	ОБӨЖ	БӨЖ	Пәннің оқыту нәтижелері
<i>Модуль 1. Модуль 1. Қазақстан тарихи тұлғалары дүниежүзі тарихының контекстінде</i>							
1	Отан тарихындағы тарихи тұлғалар туралы деректер	Тарихи тұлғалар жайлы зерттеулер	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 5

	мен әдебиеттер						
2	Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесі	Тарихи тұлғатанудағы зерттеу әдістері	1	2	3	3	ПОН 3, ПОН 2, ПОН 6
3	Тарихи тұлғатанудың теориялық және әдіснамалық мәселесі	Тарихи тұлғалардың қызметін бағалаудың өлшемдері	1	2	3	3	ПОН 4, ПОН 7, ПОН 2
4	Тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы саяси және әлеуметтік факторлар	Тарих, тұлға және қоғам арақатынасы	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 6
5	Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалар	Хан-сұлтандар, билер мен батырлар және ақын-жыраулар институты	1	2	3	3	ПОН 4, ПОН 7, ПОН 2
<i>Модуль 2. XX ғасыр басында ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру жолындағы тұлғалар</i>							
6	Әлихан Бөкейханов – ұлт-азаттық қозғалысының көсемі.	Көшбасшылық өлшемдері	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 5
7	Алаш зиялылары.	Алаштық идеялардың ұлттық сипаты					
8	Қазақ халқының ұлттық бірлігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалар	Күрескерлік психологиясы	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 6
9	Партиялық-мемлекеттік номенклатура және ұлт қайраткерлері	Саяси элита мен партиялық-мемлекеттік номенклатураның арақатынасы	1	2	3	3	ПОН 4, ПОН 7, ПОН 2
10	Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық элита	Тарихи тұлғатану және қазіргі кезеңдегі ұлттық элита					Тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық элита

<i>Модуль 3. Сақтаған Бәйішев – мемлекет қайраткері, академик, Ұлы Отан соғысының ардагері</i>							
11	Сақтаған Бәйішевтің өскен ортасы	XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық-саяси ахуал	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 5
12	С. Бәйішев Ұлы Отан соғысы жылдарында	Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі	1	2	3	3	ПОН 3, ПОН 2, ПОН 6
13	С. Бәйішев - көсемсөзші	С. Бәйішевтің көсемсөздік шығармашылығының бағыттары	1	2	3	3	ПОН 1, ПОН 2, ПОН 6
14	С. Бәйішевтің Қазақ КСР Ғылым Академиясындағы қызметі	С. Бәйішев – Ғылым академиясының вице-президенті					ПОН 1, ПОН 2, ПОН 5
15	Академик С. Бәйішевтің қоғамды-саяси және азаматтық позициясы	Іштен тынып өткен қайраткер					ПОН 1, ПОН 2, ПОН 6
Барлығы 150			15	30	45	45	

Тарихи және педагогикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша біздің ұсынып отырған «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» деп аталатын таңдау пәнінің мазмұны мен құрылымы 5 кредит көлемінде құрастырылып, оның құрылымы 15 сағат дәрісті, 30 сағат семинар-практикалық сабақты, 45 сағат БӨЖ бен 60 сағат ОББӨЖ - барлығы 150 сағатты қамтиды. Осы құрылымға лайықталған және пәннің мазмұнын қамтитын мынадай оқу бағдарламасы түзілді:

**«Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» таңдау пәнінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
*1-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТҰЛҒАЛАРЫ ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫНЫҢ
КОНТЕКСІНДЕ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН
ӘДЕБИЕТТЕР*

Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Отан тарихының тұлғалары туралы деректер мен әдебиеттер. Отан тарихындағы тарихи тұлғатану бағытының тарихнамасы. Тарихи тұлғатанудың басты ұғымдары мен терминдері. Тұлғаның қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметі мен

азаматтық өнегесін бағалаудың басты өлшемдері. Тұлғатану ғылыми бағытының отандық ғылыми мектептері.

Тұлғатану бағытының шетелдік ғылыми мектептерінің ерекшеліктері мен ортақ белгілері.

ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тарихтағы тұлға туралы жалпы түсінік. Қазақстандағы тұлғатанудың теориялық-методологиялық негіздеріне байланысты қалыптасқан қазіргі заманғы тұжырымдар мен көзқарастар. С. Бәйішев, М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, М. Асылбеков, М. Қойгелдиев, Б. Қойшыбаев және т.б. ғалымдардың тұжырымдары. ЖОО мекемелерінде Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғаларды оқытудың методикасы.

ТАРИХИ ТҰЛҒАТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Тұлғаның қалыптасуына және дамуына әсер ететін саяси және әлеуметтік факторлар, олардың арақатынасы. Саяси, әлеуметтік фактор ұғымдары. Олардың тұлғаға ықпалы. Қоғамдағы элиталық жіктелістің тетіктері. Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалардың тұрпаты. Елдің саяси құрылымындағы және отарлық кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалысқа басшылық жасаған тұлғалардың тарихи даму процесіне ықпал-әсері. Тұлғаны зерттеуде қолданылатын биографиялық тәсілдің мүмкіндіктері.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР

Тарихи тұлғалардың тарихтағы орны мен атқарған рөлін деректік негізде ғылыми қалпына келтірудің тәсілдері. Тарихи тұлғаларды зерттеуде кешенді және пәнаралық тәсілдері қолдану. Маркстік методология және таптық-партиялық ұстанымдағы тарихи тұлғатану мәселелері. Кеңестік кезеңнің тарихи тұлғаларына қазіргі, тәуелсіз көзқараспен баға беру. Таптық-партиялық және ұлттық мүдде тартысындағы тарихи тұлғалардың қызметін бағалау. Тәуелсіз тарихи танымдағы тұлғаларға деген көзқарас.

ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

І. Алтынсариннің ағартушылық қызметінің маңызы. А. Құнанбаевтың қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи орны. Ш. Уәлихановтың ғылыми ағартушылық қызметі. Қазақтың алғашқы ағартушыларының көзқарастарына тәуелсіз тарихи таным өлшемдерімен талдау жасау. Ағартушылардың отарлық билікке мойынұсынушылық және дәстүрлі қоғамды модернизациялау арасындағы тартысы. «Зар-заман» ақындарының (Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы және т.б.) жырларындағы азаттық идеялары. Мәделіқожа, Майлықожа жырларының тарихилығы, олардың жырларындағы тарихи тұлғалардың бейнеленуі. Дәстүрлі этнозитаның саяси-әлеуметтік құрылымы.

2-МОДУЛЬ. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ – ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨСЕМІ

Ә. Бөкейхановтың саяси қайраткер ретінде қалыптасуының қайнар көздері. Ресей Мемлекеттік думасының депутаты. «Қазақ» газетін шығаруы. Алаш либералдық-буржуазиялық партиясы және Алаш Орда үкіметін құрудағы Әлиханнның саяси көшбасшылығы. Ә. Бөкейханнның кеңес билігі кезеңіндегі қайраткерлігі мен шығармашылығы. Оның ұлттық мемлекеттілік және тәуелсіздік туралы идеялары. М. Дулатұлының білім мен ғылым хақындағы пікір-пайымдары. М. Жұмабаев символизміндегі ұлттық және түрікшілдік сарындар. Мағжанның «Алыстағы бауырыма», «Түркістан», «Орал тауы» өлеңдеріндегі түркілік идеялар.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Бірлік» - Омбы қаласында құрылған тұңғыш ұлттық жастар ұйымы. Ташкенттегі қазақ зиялыларының «Бірлік туы» ұйымы. Ташкенттегі «Талап» қоғамы және оның ұлттық ғылым мен білімді дамытудағы қызметі. ХХ ғасыр басындағы алаштық идеялардың тәуелсіздік жылдары трансформациялануы.

Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметі. Қазақ білімпаздарының 1924 жылғы съезі. Н. Төреқұлов – латын емлесіне негізделген түркі әліпбиін жасау комиссиясының төрағасы. Әліпби, терминология, аты-жөн, оқу бағдарламасы, ауыз әдебиеті, т.б. мәселелер төңірегіндегі пікірталастар. Кеңестік биліктің Қазақстандағы іске асырған ағартушылық реформалары.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САЯСИ БОСТАНДЫҒЫ МЕН ДЕРБЕСТІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР

Ғ. Қараштың қоғамдық-саяси және мәдени қызметі («Қазақстан» газеті). Тарихи тұлға, алаш қайраткері Сейдалин Жаншаның (Жиһанша) қызметі. Қазақтың тұңғыш заңгері, қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаевтың ел тарихындағы орны.

Барлыбек Сырттанов - Қазақ мемлекетінің алғашқы Ата Заңының авторы. М. Шоқай - Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы, түркілік бірлік идеясының ту ұстаушысы. Шоқай және «Бірлік туы» газеті. Шоқай және Түркістан Мұхтарияты мен Алаш Орда үкіметі. Шоқай – шетелдегі түркілік советологияның негіздеушісі. «Национал-коммунистер». Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі. Нәзір Төреқұлов – Түркістан және Алаш қозғалыстарының қайраткері. Т. Рысқұловтың түркілік бірлік идеясы. Смағұл Сәдуақасұлы - ұлт қайраткері. Кеңестік билік жағына шыққан ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі.

ПАРТИЯЛЫҚ-МЕМЛЕКЕТТІК НОМЕНКЛАТУРА ЖӘНЕ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Партиялық-мемлекеттік номенклатура тұжырымына анықтама. Кеңестік биліктің элитақалыптастырушылық саясатының генезисі. Партия-кеңес кадрларын дайындау тетіктері. Кадрларға қойылатын саяси-идеологиялық талаптар. Кеңестік партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты

өкілдері: Е. Ерназаров, О. Жандосов, О. Исаев, С. Сапарбеков, Ж. Шаяхметов, Ж. Тәшенов, Қ. Сатпаев, С. Бәйішев, І. Омаров, Д. Қонаев, Н. Жандилдин, З. Камалидинов, Ө. Жәнібеков және т.б. Кеңестік қоғамдағы шығармашылық элита өкілдері - М. Әуезов, С. Мұқанов, І. Есенберлин, О. Сүлейменов және т.б.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЭЛИТА

Тәуелсіздік – жаңа ұлттық элита қалыптастырушы фактор. Ұлттық мемлекеттілікті нығайту саясаты. Партиялық-мемлекеттік номенклатурадан мемлекеттік қызметкерлер категориясына өту тетіктері. Н. Назарбаевтың тарихи тұлға ретіндегі орны мен рөлі. Парламенттік корпус және атқарушы биліктің тұлғалары. Мемлекеттік қызметкер мен ұлттық элитаның ұлттық мүддеге қызмет етудегі танымдық және саяси айырмашылықтары. Саяси және атқарушы элита өкілдері. Қазіргі кездегі элитаның тұрпаттары: саяси, атқарушы, құқықтық, шығармашылық, оппозициялық, бизнес, қылмыстық элита.

3-МОДУЛЬ. САҚТАҒАН БӘЙІШЕВ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, АКАДЕМИК, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ САҚТАҒАН БӘЙІШЕВТИҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ

Сақтаған Бәйішевтің өмірбаянын ғылыми қалпына келтіруде қолданылатын деректер кешені мен әдіс-тәсілдер. Қайраткердің өмірбаяны мен қоғамдық-саяси қызметіне және шығармашылығына қатысты деректер мен зерттеулер. Биографиялық тәсілдің ғылыми және танымдық мүмкіндіктері. Академиктік балалық, жастық шағы. Саяси қызметтегі алғашқы тәжірибелері. Саяси қызметкер болып қалыптасуына жасаған ықпал-әсерлер.

С.БӘЙІШЕВ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысы кезіндегі С. Бәйішевтің саяси қызметін идеология майданының қайраткері ретінде бағалау. Саяси қызметінде патриоттық тәрбие мәселесіне мән беруі. Жауынгерлерді жеңіске жігерлендірудегі шешендігі. Жауынгерлермен жеке қарым-қатынастарының ерекшеліктері. Соғыс кезіндегі С. Бәйішевтің саяси және азаматтық қасиеттері, шығармашылығы. Майдандас жолдастарының естеліктері. Ұлы Отан соғысының тарихы С. Бәйішевтің естеліктерінде.

С.БӘЙІШЕВ – КӨСЕМСӨЗШІ

С. Бәйішевтің саяси және мемлекеттік қызметтердегі тәжірибелері мен көзқарастарын насихаттаудағы көсемсөз жанрын қолдануы. Соғысқа дейінгі, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі кезеңдегі баспасөз құралдарында жарық көрген қоғамдық-саяси мақалаларын талдау. Шығармашылық тақырыптарының жіктелуі: әскери-патриоттық, саяси-идеологиялық, ғылыми, танымдық, жолсапар жазбалары. Академиктің көсемсөздерінің деректік маңызы. С. Бәйішев - «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы. Қайраткердің қоғамдық-саяси қызметтік баспалдақтарында атқарған еңбегіне талдау жасау.

С.БӘЙІШЕВТИҢ ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

С. Бәйішевтің Қазақ КСР Ғылым Академиясына мүшелікке және вице-президенттікке сайлануы. ҒА еліміздің ғылыми әлеуетінің дамындағы қызметі. Ғылымды дамытудағы саяси-идеологиялық ұстанымдар. С. Бәйішевтің қоғамдық ғылымдар бойынша вице-президент қызметіндегі ғылыми және ұйымдастырушылық қызметіне берілетін баға. С.Бәйішев – Қазақ КСР тарихы көптомдығының редакторы. Марксизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударудағы еңбегі. Ғылыми қызметіндегі тұлғааралық байланыстары. С. Бәйішев – тарихшы ғалым және тұлғатанушы ретінде.

АКАДЕМИК С.БӘЙІШЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ

С. Бәйішевтің саяси-идеологиялық және ғылыми шығармашылық қызметіндегі саяси және азаматтық позициясына талдау жасау. Ғылыми ойды дамытудағы ұлттық мүдде мен саяси-идеологиялық көзқарастарының арақатынасы. Қазақ тілі, тарих және экономика ғылымдарының даму бағдарларын айқындауы. Ұлттық ғылым тіліндегі терминологияның қалыптасуына жасаған ықпалы. Қайраткердің тұлғааралық байланыстары: Қ.Сәтпаев, М. Әуезов және т.б. Саяси қуғын-сүргінге қатысты ұстанған позициясы. С. Бәйішевтің ғылыми мектебі және оның өкілдері.

Білім алушылардың осы білім контентін игеруіне өздігімен орындайтын тапсырмаларының да маңызы үлкен екендігін ескеріп төмендегі мазмұнда ОБСӨЖ тақырыптары құрастырылды..

ОҚЫТУШЫ БАСШЫЛЫҒЫМЕН СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1. Тарихи танымдағы тұлғаларды оқыту жолдары
2. Тарихи тұлғалардың Отан тарихындағы рөлі мен орны
3. Тарихи тұлғатану ғылыми бағытының методологиясы
4. Дәстүрлі қоғамның тарихи тұлғалары: құрылымы, тұрпаттары, өкілдері
5. Шығармашылық тұлғалардың ұлттық мүдде жолындағы идеялары
6. Н.Ә. Назарбаев тұлғасы: саяси, ғылыми бағалар
7. Партиялық-мемлекеттік номенклатура: құрылымы, жасақталу тетіктері
8. Тарихи тұлғалардың атқарған қызметі мен тарихтағы алатын орнын бағалаудың өлшемдері
9. С. Бәйішевтің саяси-патриоттық ой-пікірлері мен шығармалары
10. С. Бәйішев – академик, Ғылым Академиясының вице-президенті

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

1. Тұлғатанудағы биографиялық тәсілдің ғылыми және танымдық мүмкіндіктері
2. Отандық тұлғатану бағытының тарихнамасы
3. Тұлғатану бағытының өкілдері және бағыттары
4. Алаш қайраткерлерінің ғылыми және ағартушылық қызметтерінің бірлігі мен тұтастығы
5. Ә. Бөкейханның тұлға ретінде қалыптасуының қайнаркөздері.

6. Дәстүрлі қоғамның тарихи тұлғалары

7. Алаштық тұлғалардың ұлттық мемлекет құру жолындағы қайраткерлігі

8. С. Бәйішевтің қоғамдық ғылымдардың қалыптасуы мен дамуына ықпалы

9. С. Бәйішевтің қоғамдық, саяси, азаматтық позициялары

10. С. Бәйішевтің Отан тарихындағы орны мен рөлі

11. С. Бәйішев – тарихшы-қоғамтанушы

12. С. Бәйішевтің экономика саласында қалыптастырған ғылыми мектебі

Біздің диссертациялық жұмысымызда «*Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)*» атты таңдау пәнінің болашақ тарих оқытушыларын ЖОО-да кәсіби даярлау мақсатына сәйкес болуы, іргелілігі, мазмұндылығы, жүйелілігі, басымдыққа ие болуы тұрғысынан зерттеп, оларды пайдалану жолдары мен ұстанымдарына талдау жасалды. Білім алушылардың таңдау пәнінің саяси және мәдени байланыстарының тарихы мен қазіргі дамуы туралы тарихи білімдерін қалыптастыру оқытуда маңызды болып табылатын мынадай дидактикалық ұстанымдарға негізделеді. Ол ұстанымдар көрнекілік, ғылымилық, теорияның практикамен байланысы, саналылық және белсенділік, жүйелілік және бірізділік ұстанымдары болып жіктеледі. Аталған дидактикалық ұстанымдардың маңыздылығы таңдау пәнінің мазмұнын қалыптастыруда қолдану мәселесімен байланысты айқындалды. Осы ұстанымдарға сәйкес пәнді оқыту барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді саралап көрейік.

1. *Көрнекілік ұстанымы.* Таңдау пәнін оқытуда іске асырылатын көрнекілік ұстанымы негізінде дәстүрлі оқыту тәсілдерімен бірге, қазақ-түрік саяси және мәдени байланыстарының тарихын айшықтайтын көрнекі сызбалар, сұлбалар мен тарихи видеороликтер арқылы көрсетіледі. Тарихи тұлға тану туралы тарихи деректерді білімгерлерге ұсынуда көрнекі құралдарды (сызбалар, фотобейнелер, тарихи карталар, бейнероликтер және т.б.) жүйелі пайдалану іске асырылуы тиіс. Бұл бағытта академиктің әр жылдары түскен фотоларынан коллаждар мен презентациялар жасау ұсынылады.

2. *Ғылымилық ұстанымы.* Оқу/оқыту материалын игеруде тарихи тұлғатану бағытының теориялық және методологиялық ұстанымдарын меңгеру талап етіледі. Отандық тарихи тұлғатану бағытының дамуы туралы тарихнамалық талдау жасау, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды сауатты мазмұндауды, білім алушыларды ауызша және жазба деректермен жұмыс жасау әдіс-тәсілдерімен таныстыруды қамтамасыз етеді.

Ұсынылған таңдау пәнінің ұсынылатын жүйелі білім беруге мақсатталған оқу материалы тарихи білім берудің құрылымы мен заңдылықтарын қалыптасқан түсініктерге сәйкестендірумен негізделеді. Бұл бағытта ғалымның архив қорларындағы құжаттарымен деректік жұмыс жасап үйренуі олардың архивтерде жұмыс істеу дағдыларын ұштауға негіз қалайды. С. Бәйішевтің шығармаларына талдау жасау практикалық

сабақтарда, СӨЖ, ОБСӨЖ түрінде нақты тақырыптар түрінде тапсырма етіп беріледі және оның орындалуын бақылау барысында оқытушы тарапынан түзетулер мен толықтырулар жасап қою жеткіліксіз. Осы тәсілде білім алушыларға өзара тыңдау жасау арқылы өз қателіктерін өздері анықтап, өздері толықтыруға немесе түзетуге мотивация жасалуы керек. Бұл ситуациялық жағдай білім алушылардың өздігінше білімді игеруіне ықпал ететін болады.

3. *Саналылық және белсенділік ұстанымы.* Тарихи тұлғатану бағытының саяси және мәдени байланыстарының тарихы мен дамуы туралы білімді білімгерлердің саналы меңгеруі білімгерлердің білімге деген ынтасының, білімгерлердің танымдық белсенділігінің, оқытушының білім беру үрдісінде пайдаланатын тиімді оқыту әдістері мен құралдарының, оқу үдерісінің оңтайлы ұйымдастырылуының іске асырылу шарттарымен анықталады.

Болашақ тарих оқытушыларының таңдау пәнінің мазмұнын меңгеру аясындағы саналылығы мен белсенділігін арттыруда өткізілетін сабақтардың формасы да ерекше маңызға ие. Білімгерлердің саналылығы мен белсенділігінің маңызды шарты өзін-өзі бақылау бағытындағы педагогикалық жағдайларды туындату болып табылады. Бұл оқу процессінде бақылау материалдарын пайдалануды іске асырады. Соның негізінде білімгер өзінің білім деңгейін бағалай алады. Өзін-өзі бақылау мақсатында білім алушылар үшін қызығушылық тудыратын тарихи тұлғатануға қатысты деректер мен зерттеулерден алынған мағлұматтар бойынша құрастырылған тест сұрақтарын оқытудың бастапқы кезеңінде, ағымдық және қорытынды кезеңдерінде бақылау формасы ретінде пайдалану тиімді болады. Олардың шығармашылықпен жұмыс жасауын жетілдіру үшін тұлғатану бағытында жекелеген тұлғаларға қатысты өз ойлары мен пікірлерін жазып беруге тапсырыс беріледі. Мысалы «Дәстүрлі қоғамның тарихи тұлғалары» тақырыбы бойынша дәрісте қамтылмаған тұлғалар туралы тапсырмалар білім алушылардың интеллектуалдық дайындығының қаншалықты екендігін анықтайтын болады.

4. *Теорияның практикамен байланысы ұстанымы.* «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» таңдау пәнінің мазмұнындағы теорияның практикамен байланысы тарихи тұлғатанудың саяси және мәдени байланыстары туралы зерттеулерден алынған тарихи білімнің тарихнамалық, эпистолярлық деректермен сәйкестендіріле іске асырылуында. Болашақ тарих оқытушысының тәжірибелік іс-әрекетке кәсіби даярлығы жоғары білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Тарихи тұлғатану бағытының теориялық ұстанымдары мен қағидаларын отандық тұлғалардың қоғамдық-саяси және қайраткерлік қызметіне баға беруде қолдануға берілген тапсырмалар пәнді оқыту барысында теорияның практикамен байланысы ұстанымын іске асыруда барынша қолайлы болады. Бұл тәсілді басқа тақырыптарға да қатысты қолдануға болады.

5. *Жүйелілік және бірізділік ұстанымы.* болашақ тарих оқытушыларының тарихи тұлғатану бағыты бойынша оқу материалдарын жүйелеу және жалпылау бойынша СӨЖ, ОБСӨЖ тапсырмаларын іске асыруға арналған. Бұл ұстаным аясында саяси және мәдени байланыстардың тарихы мен дамуы жағдайы туралы білімдерді өз бетінше жүйелеу, жалпылай алу қабілетінің қалыптасуымен анықталады. Дегенмен, таңдау пәнінің мазмұнын меңгеруде теорияның практикамен байланыс ұстанымының міндеттерімен бірге жүйелілік және бірізділік ұстанымының да міндеттерін шешетін болады. Пәннің ұсынған білімдерін практикада қолдануын мақсат ететін және осы мақсатты іске асыруға бағытталған сабақ түрлері де маңызды болып табылады. Білім алушылардың қайраткерлердің тұлғааралық байланыстарының тарихы мен дамуы туралы білімдері нақты өмірмен тығыз байланыста баяндалып, тәжірибелік тұрғыдан талданса, білімгерлердің тарихи білімдердің кең аясын меңгеруге қызығушылықтарын арттырады. Пән мазмұны аясында тарихи деректерді талдау, зерттеу арқылы орындалатын логикалық тапсырмаларды ұсыну орынды.

Болашақ тарих оқытушылары тарихи тұлғатану бағытының мәселелерін оқытуда оқыту әдістерін тиімді іріктеп алуы да маңызды құрауыштардың бірі болып табылады.

Оқыту әдістерінің негізгі міндеті – білім беру мақсатына жету екендігін ескере отырып, кәсіби маңызды да қалыптастыруға қатысты оқыту әдістерінің тиімділік дәрежесін анықтау маңызды. Содан да оқыту барысында жаттығулар мен практикалық әдістер, білімді іс жүзінде жүйелеу және қолдана алу дағдыларын қалыптастыру кезінде жоғары тиімділік дәрежесімен сипатталады [131].

Қорыта айтқанда, болашақ тарихшы мамандардың біліктілігін арттырып, құзыреттіліктерін қалыптастыруда «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» таңдау пәнінің мазмұны мен құрылымы білім алушылардың бойында тарихи сана қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік міндеттерін шешуге бағытталуымен ерекшеленеді. Зерттеу мен эксперимент барысында пәнде оқып, үйренудің педагогикалық мүмкіндіктері мол екендігіне көз жеткіздік. Аталған пәнде оқыту әдістері мен түрлі мазмұндағы тапсырмалар мысалдары біздің зерттеу жұмысымыздың 3.3 бөлімінде мазмұндалған.

3.3. Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстар

Жоғары мектеп педагогикасы ЖОО жағдайында кәсіпқой мамандарды дайындау және қалыптастырудың заңдылықтары және соның негізінде осы үдерістің теориясы, методикасы, ұйымдастыру және басқару технологиясын талдап жасайтын ғылым [132, С.7] екендігін негізге алғандықтан тарихи зерттеудің нәтижелерін тарихи танымға айналдыру үшін арнайы пәннің оқу-

әдістемелік кешенін қрастырып, оны оқытудың методикасына баса көңіл бөлдік.

Педагогикалық зерттеу және эксперимент барысында болашақ тарих оқытушыларына «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәні туралы білімдердің, оның функцияларының құндылық мақсатын, мазмұн тұтастығын, мақсаттары мен мағынасын анықтау үшін тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Шымкент университетінің базаларында өтті. Педагогикалық экспериментке тарих мамандығының білім алушылары мен оқытушылар қатыстырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты: зерттеудің алдына қойған ғылыми болжамның дұрыстығын, болашақ тарих оқытушыларына таңдау пәнінің оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтау.

Анықтау, қалыптастыру және бақылау кезеңдері бойынша *тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізу үшін келесі тларптарды ұстандық:*

- зерттеу мәселесі бойынша тарихи және педагогикалық тұғырларды алдын-ала талдау;
- зерттеу болжамын анықтау;
- зерттеу мәселесінің қазіргі кездегі педагогикадағы теориялық және практикалық жағдайларын талдау;
- зерттеудің міндеттерін нақтылау;
- тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін бағалау критерийлерін таңдау;
- тәжірибелік-эксперимент барысы және педагогикалық үдеріске өзгертулер ендіру арқылы «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәні бойынша жүйелі білім контентін қалыптастыру.

Тәжірибелік-эксперименттің алғашқы кезеңі – айқындаушы эксперименті 2021-2022 жылдары, қорытындылаушы кезеңі 2022-2023 жылдары іске асырылды.

Айқындаушы эксперименттің міндеті келесідей анықталды: тарихты оқыту әдістемесін жетілдіру, «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәнінің мазмұнында шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық және методологиялық тұжырымдарын зерделеу; тарихты оқытуда болашақ тарих оқытушыларына тарихи тұлғатану бағытының мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау; шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін қарастыру; тарихи деректермен жұмыс жасаудың тиімділігі туралы білімгерлердің көзқарастарын анықтау және өзіндік білімін арттыруда тарихи тұлғатану бағытының деректерін қолдана алу дәрежелерін анықтау;

білімгерлердің өзіндік жұмыстарды орындау тұрғысындағы білім дағдылары мен ойлау қабілеттерінің қалыптасуы барысын анықтау.

Айқындау кезеңінде оқытушылармен, болашақ тарих оқытушыдерімен әңгімелесу, сауалнама, бағдарламалық құжаттарды зерделеу әдістері пайдаланылды. Сондай-ақ, болашақ тарих оқытушыдерін даярлауға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен қосымша нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша талдау жұмыстары жүргізілді. Таңдау пәні бойынша болашақ тарих оқытушыларына тарихи тұлғатануға байланысты мәселелер мен осы пәні бойынша қолданыстағы оқу бағдарламалары мен оқу стандарттары; болашақ тарих оқытушыларына тарихи тұлғатану байланыстарын оқытуды іске асырудың әдіс-тәсілдері, жаңа оқыту технологиялары бойынша қазақстандық және шетелдік тәжірибелер қарастырылды. Айқындау кезеңінде, іске асырылған зерттеулер нәтижесінде зерттеудің бастапқы параметрлері, оның нысаны, пәні, болжамы, әдістемесі, түсініктік-санаттық құрамы негізделді.

Болашақ тарих оқытушыларына «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» таңдау пәнін оқытуды іске асыруға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңіне Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Шымкент университетінде білім алушы 6В011400-Тарих мамандығынан жалпы 85 білім алушы қатысты. Айқындаушы кезеңі сауалнама арқылы жүргізілді. Алдымен болашақ тарих оқытушыларына таңдау пәні туралы тарихи деректерді қолдану мәселелерінің жағдайын зерттеу барысында сауалнама жүргізіліп, білім алушылардың тарихи тұлғатану бағытының байланыстарын оқуға деген пікірлері тұжырымдалды. Болашақ тарих оқытушыларына пәнді оқытуға қатысты мәселелерді оқытудың қазіргі ахуалы талданды. Нәтижесінде бұл пәннің тиімділігі айқын көрінді. Берілген сауалнама сұрақтарының жауаптарын талдағанымызда (Кесте-3) мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

Кесте-3. Сауалнама нәтижелерін көрсететін кесте


Сауалдар	Сауал жауаптарының нұсқалары	Сауал жауаптарының % - ы	
		ЭТ	БТ
Тарихи тұлғатану бағыты ұғымына қатысты сауалдарға жауап бере аласыз ба?	Ия	40%-ы	45%-ы
	Жоқ	50%-ы	40%-ы
	Жауап беруге қиналамын	10%-ы	15%-ы
Отан тарихында тарихи тұлғатану бағытының зерттелуі мен оқытылуы маңызды ма?	Ия	50%-ы	40%-ы
	Жоқ	40%-ы	50%-ы
	Жауап беруге қиналамын	10%-ы	10%-ы
Отандық тарих ғылымындағы ғылыми мектептер туралы білімдер жүйесімен	Ия	30%-ы	35%-ы
	Жоқ	60%-ы	50%-ы

таныссыз ба?	Жауап беруге қиналамын	10%-ы	15%-ы
Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасап, баға бере аласыз ба?	Ия	30%-ы	40%-ы
	Жоқ	55%-ы	45%-ы
	Жауап беруге қиналамын	15%-ы	15%-ы
Ғалым-қайраткер Сақтаған Бәйішевтің өмірі мен шығармашылығы сізге таныс па?	Ия	25%-ы	35%-ы
	Жоқ	65%-ы	50%-ы
	Жауап беруге қиналамын	10%-ы	15%-ы
Тарихи тұлғатанудың зерттеу және оқыту әдіс-тәсілдерін меңгергіңіз келе ме?	Ия	55%-ы	40%-ы
	Жоқ	30%-ы	40%-ы
	Жауап беруге қиналамын	15%-ы	20%-ы
Тарихи тұлғатану бағытында арнайы семинарлар ұйымдастыру қажет пе?	Ия	30%-ы	35%-ы
	Жоқ	50%-ы	40%-ы
	Жауап беруге қиналамын	20%-ы	25%-ы
Сіздің ойыңызша «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәнін оқытудың қажеттілігі бар ма?	Ия	40%-ы	45%-ы
	Жоқ	45%-ы	35%-ы
	Жауап беруге қиналамын	15%-ы	20%-ы


Бұл кестеден көретініміз пәнінің оқыту қажеттілігі байқалды. «Тарихи тұлғатану бағыты ұғымына қатысты сауалдарға жауап бере аласыз ба?» деген сұрақ бойынша эксперименттік және бақылау тобындағы респонденттердің 40%-ы /45%-ы ия деп жауап берсе, ал 50%-ы 40%-ы жоқ деп жауап берді. Сонымен бірге 10%-ы/15%-ы жауап беруге қиналамын көрсеткішін көрсетті. (Диаграмма№1).




Отан тарихында тарихи тұлғатану бағытының зерттелуі мен оқытылуы маңызды ма?




Отандық тарих ғылымындағы ғылыми мектептер туралы білімдер жүйесімен таныссыз ба?




Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасап, баға бере аласыз ба?




Ғалым-қайраткер Сақтаған Бәйішевтің өмірі мен шығармашылығы сізге таныс па?




Тарихи тұлғатанудың зерттеу және оқыту әдіс-тәсілдерін меңгергіңіз келе ме?



Тарихи тұлғатану бағытында арнайы семинарлар ұйымдастыру қажет пе?



Сіздің ойыңызша «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» пәнін оқытудың қажеттілігі бар ма?



Осы сауалнама барысында болашақ тарих оқытушыларына ұсынылып отырған таңдау пәнін оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында оқытудың келесі әдістерін қолдану қажеттілігі айқындалды:

1. Дәріс. Дәрістер тақырыпқа қатысты тарихи білімнің пәндік саласының мазмұны туралы түсініктерді қалыптастырудың негізгі әдісі ретінде пайдаланылады.

Дәріс тиімділігінің он бір құрауыштан тұрасын шарттары методолог ғалымдардың еңбектерінде (Пидкасистый П. И., 1998; Подласый И. П., 2000; Якунин В. А., 1998 және т. б.) жеткілікті тұжырымдалған.

Осы ерекшеліктерді ескере отырып, болашақ тарих оқытушына қазақ-түрік саяси және мәдени байланыстарының тарихын оқыту әдістерінің тиімділік дәрежесін анықтау маңызды.

Таңдау пәнінің мазмұнында 1 кредит көлемінде 3 модульден тұратын 15 сағат дәріс тақырыптары қарастырылған. Әр тақырыптың ерекшеліктеріне сай оларда теориялық және методологиялық мазмұнмен бірге тарихи танымға жаңадан ұсынылған архивтік деректердің мәліметтерінің де мол болуы дәріс мәтінінің күрделілігін айқындайды. Пән эксперимент жағдайында өткендіктен де дәріс материалдарын университеттің білім порталына салуымызға мүмкіндік болмады. Сол үшін де дәріс материалдары студенттерге көмекшә әдәістемелік құрал ретінде жазбаша үлестірілді.

2. Пікірталас. Бұл тәсіл оқу процесінде оқыту әдістерінің оқыту, дамыту, тәрбиелеу және бақылау-түзету функциялары белсенді іске асырылуда (Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю., 1999; Зимняя И.А., 1997; Столяренко Л.Д., 1997 және т.б.).

Пәнді оқыту барысында пікірталас тәсілін қолданудың мүмкіндіктері мол. Тарихи тұлғатану – барынша кірпияз мәселе болғандықтан кез келген тарихи тұлғаның тарихтан алар орны мен атқарған рөліне қатысты өткір пікірталастар ұйымдастыруға болады. Мысалы: Бәйішев – М. Әуезов; Бәйішев – Қ. Сәтпаев және т.б. тұлғааралық байланыстары

3. Кітаппен жұмыс. Бұл әдіс студентке оқу ақпаратын қол жетімді қарқынмен және ыңғайлы уақытта өңдеуге мүмкіндік береді. Осы әдістің маңызды құрауыштары - мәтінді еркін оқу және түсіну қабілеті; зерделенетін ақпаратта бастысы бөліп көрсету қабілеті; жазбаларды жүргізу және құрылымдық, логикалық схемаларды құру қабілеті; зерделенетін мәселе бойынша әдебиетті таңдау қабілеті. Осы бағытта білім алушылардың жұмыс жасауына мынадай кітаптар ұсынылады: Историк меняющемся мире. Тарихшы және оның заманы: Сборник документов и материалов //Сост.: М.К. Козыбаев, Ш.О. Тулеуова. –Алматы: Раритет, 2021. -480 с.; Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 4 томдық. Төрт күлік. 240 б.; Академик С. Бәйішев. -Алматы: Ақыл кітабы. 2000.;Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев. Қазақ ССР Ғылым академиясы. Қазақстан ғылымдарының биобиблиографиясы. - Алматы: Ғылым. 1989. 72 с.; Ұлттық экономика және білім: жаһандану жағдайындағы даму стратегиясы. С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. Конференция материалдары. 01-02.10.2009. -Ақтөбе: Принта, 2009. 337 с. Бұл кітаптармен жұмыс жасауда білім алушылар тың деректерді іріктеп алып, СӨЖ, ОБСӨЖ тапсырмаларын, жоба орындайды,

4. Практикалық әдіс. Бұл әдіс білімгерлердің практикалық қызметінде олардың танымдық белсенділігін ынталандыруға ықпал етеді. Практикалық сабақтарда білімгерлердің танымдық іс-әрекетінен өтетін бес кезең бар екенін атап өту қажет:

1. Оқытушының түсініктемесі. Жұмысты теориялық ұғыну кезеңі.
2. Көрсету. Нұсқаулық кезеңі.
3. Сынама.
4. Жұмысты орындау.
5. Бақылау.

Осы жұмыс шеңберінде практикалық әдістің 1) жаттығулар; 2) практикалық жұмыстар сияқты түрлері тиімді қолданылады.

Оқу әдісі ретінде арнайы жаттығуларға бұрын қолданылған әрекеттер енгізілген жағдайда олар туынды деп аталады. Туынды жаттығулар бұрын қалыптасқан дағдыларды қайталауға және бекітуге көмектеседі.

Жаттығуларды тиімді жүзеге асыру мақсатында білім беру үдерісінде бірқатар талаптар бөлінеді. Оларға мыналар жатады:

1) білімгердің өз оқу іс-әрекетінің сапасын арттыруға саналы бағыттылығы;

- 2) білімгердің іс-әрекеттерді орындау ережелерін білуі;
- 3) іс-әрекет орындалатын жағдайларды саналы есепке алу және бақылау;
- 4) қол жеткізілген нәтижелерді есепке алу;
- 5) іс-әрекеттер мен іс-әрекеттердің қайталануын уақыт бойынша бөлу.

Болашақ тарих оқытушыларына пәнінің оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, тарих оқытушыларын дайындауда жаттығулардың келесі түрлерін пайдалану маңызды:

- жазбаша жаттығуларды қолдану логикалық ойлау мен жазба мәдениетін, жұмыста дербес орындауды дамытады;

- білімгерлер схемалар, кестелер, графиктер, сурет салу және т.б. құрастыру бойынша дағдыларға ие болады; олар жазбаша түрде бір мезгілде орындалады және бірыңғай оқу есептерін шешеді (графикалық жаттығуларды қолдану білім алушыларға оқу ақпаратын жақсы қабылдауға, ұғынуға және есте сақтауға көмектеседі).

Практикалық жұмысты қоғам дамуының бір заңдылығына қатысты белгілі бір тақырыпты зерделегеннен кейін жүргізу қажет.

Білімгерлермен жүргізілетін практикалық жұмыстардың қатарында оларға тарихи тұлғатанудың теориялық методологиялық мәселелерін қарастырған мақалаларымызды талдау, онда көтерілген мәселелерге тарих мазмұнынан салыстырмалы бағалау жасау үшін аналогтар ідеп табы сияқты тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, тарихи тұлғалардың қызметтерін мифтендіруге қатысты ағылшын тілінде «Қазақстан тарихнамасындағы этноцентризм және мифтендіру тенденциялары» деген атпен ағылшын тілінде жарияланған мақаламыз бойынша [133] мынадай тапсырмалар берілді: мақаланы қазақ тіліне аудару, тұлғасы мифтендірілген қайраткерлерге тоқталу, өз ой-пікірлерін тұжырымдау. Бұл тапсырма білім алушылардың өз беттерінше ізденістерін дамытуға септігін тигізді.

Осы сияқты білім алушылардың топтық жұмыс немесе жеке орындайтын жұмыстарына тапсырмалар ретінде ұсынылған мақалаларымызды [134], [135], [136], [137] талдау мен талқылауға ұсындық. Нәтижесінде білімгерлер тақырыпқа қатысты жинақталған білім мазмұнын одан әрі дамытып, өз беттерінше жүргізетін ізденістеріне бағыт-бағдар етіп алды және тапсырманы орындауда жақсы нәтижелер көрсете алды. Бұдан жасайтын қорытындымыз – білімгерлердің өз бетінше жұмыс жасауына бағыт-бағдар беретін дайын шаблондардың ұсынудың да тиімділігі жоғары болатындығына көз жеткіздік.

Таңдау пәнінің теориялық сипатының басымдығына қарамастан, ондай күрделі теориялық-методологиялық контенттің білім мазмұны ретінде тұрақты есте сақталуы үшін осы практикалық әдіс-тәсілдерді жиі қолдануға тура келеді. Атап айтқанда 2 кредит 30 сағат көлемінде уақыт бөлінген практикалық сабақтар барысында білімгерлер теориялық білімдерді практикамен ұластырып, оны нақты жағдайда қолдана алу құзыреттіліктерін игеруі тиіс. Бұл жөнінде практикалық сабақтармен бірге СӨЖ, ОБСӨЖ тапсырмаларында да осы практикалық тәсілдер жиі қолданылуы тиіс.

Бақылау-түзету әдісі. Оқытушының тапсырмасымен білімгерлер жазбаша бақылау жұмыстарын орындау, ауызша бақылау және білім беру процесінің қорытынды бөлімінде практикалық тапсырманы орындау арқылы жүзеге асырылады.

Таңдау пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерінің ең түйіні осы бақылау-түзету әдісі деп білеміз. Қолданған барлық әдіс-тәсілдеріміз білімгерлерге интеллектуалдық дағдыларды игеру, кәсіптік құзыреттіліктерді меңгеру, тіпті ең соңында кездесетін сын-қатерлерге төтеп бере алатын бәсекеге қабілетті маман болып шығуына барынша ықпал ететін осы тәсілді қолдануға баса мән берілуі керек деп ойлаймыз. Таңдау пәнінде тарихи тұлғатанудың теориясы мен методологиясын толық меңгенген маман тарихтың басқа да курстарынан меңгеретін білім негіздерін жете түсінуімен бірге тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жеке тарихи тұлғаларға қатысты бағалай алу; қоғам дамуындағы өзгерістерге жеке тұлғалардың ықпал-әсерін анықтай алу; тарихи тұлғаның қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметіне баға берудің өлшемдерін қолдану алу сияқты таза тарихи маманның құзыреттіліктерін игеретін болады.

Күнтізбелік жоспардағы дәрістер мен семинар сабақтары, білім алушылардың өзіндік жұмыстарға берілген тапсырмалар болашақ тарих пәнінің мұғалімдерін дайындауда кәсіби шығармашылық ізденістерін дамытуға бағытталады.

Таңдау пәнінің бағдарламасын қарай дәріс сабақтарының мазмұнын үлгі ретінде ұсынамыз:

№1-дәріс тақырыбы. Қазақстан тарихи тұлғалары туралы деректер мен әдебиеттер.

Дәріс жоспары:

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері.
2. Отан тарихының тұлғалары туралы деректер мен әдебиеттер.
3. Тарихи тұлғатанудың басты ұғымдары мен терминдері.

Дәрістің мақсаты мен міндеті: Студенттерді тарихи тұлғаларды дүниежүзілік тарихының контекстінде қалыптасу тарихымен таныстыру.

-Қазақстан тарихи тұлғалары туралы тарихи деректер мен әдебиеттерді талдау;

- Отан тарихының тұлғалары туралы деректердің тарихи тәжірибиесін қазіргі кезеңмен салыстыра отырып талдау;

- Тарихи тұлғатанудың ғылыми бағытының өзіндік ерекшеліктерін тадап, тәжірибеде қолдану барысын нақтылау.

Дәрістің мазмұны. Тарихи тұлғалары дүниежүзі тарихының негізгі деректерімен жұмыс жасай отырып, сыни тұрғыдан талдау. Болашақ тарих пәні мамандарының Қазақстан тарихи тұлғалары туралы білімдерін қалыптастыра, дамыта отырып тарихи тұлғалар туралы жан-жақты білім беру.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивтік тақта, проектор. Сабақты өткізу тәртібі:

1. Жеке жұмыс.
2. Қорытындылау.
3. Бағалау.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақстан тарихи тұлғаларының дүниежүзі тарихындағы рөлі.
2. Отандық тарихи тұлғалар туралы деректер оқу-тәрбие процесінде қолдану барысы.
3. Тарихи тұлғатану ұғымдары мен терминдерінің тәжірибеде қолдану ерекшеліктері.

Дәріс тақырыбына байланысты БӨЖ, ОБӨЖ тапсырмалары.

1. Қазақстан тарихи тұлғаларының дүниежүзі тарихындағы алатын орны мен маңызы.
2. Тұлғатанудағы биографиялық тәсілдің ғылыми және танымдық мүмкіндіктері
3. Отандық тұлғатану бағытының тарихнамасы.

№2- дәріс тақырыбы: Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесі

Дәріс жоспары:

1. Тарихтағы тұлға туралы жалпы түсінік.
2. Қазақстандағы тұлғатанудың теориялық-методологиялық негіздеріне байланысты қалыптасқан қазіргі заманғы тұжырымдар мен көзқарастар.
3. ЖОО және жалпы білім беретін орта мектептердегі Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғаларды оқытудың методикасы.

Дәрістің мақсаты мен міндеті: Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесімен болашақ мамандарды дайындау тарихына қатысты зерттеулер және деректермен студенттерді таныстыру. Ғылыми еңбектер мен ғылыми көзқарастарды талдау. Осы мәселеге қатысты теориялық жағынан талдау жасап тәжірибеде қолдану дағдысын қалыптастыру.

Дәрістің мазмұны: Тарихи тұлғатануды оқыту әдістемесіне қатысты зерттеулер мен деректердің мазмұны. Ғылыми зерттеу жұмыстарын, әрбір кезеңдегі мәселеге қатысты зерттеулер мен оны талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: Интерактивті тақта, мерзімді басылымдардағы деректер мен мәліметтер.

Сабақты өткізу тәртібі:

- Топтық жұмыс;
- Кері байланыс;
- Жаңа идеялар мен ұсыныстарды нақтылау, қорытындылау;
- Қорытынды білімді бекіту сұрақтары

1. Қазақстандағы тұлғатанудың теориялық-методологиялық негіздері туралы зерттеулер

2. С.Бәйішевтің тарихи ғылыми еңбектері мен тұжырымдарының ерекшеліктері.

3. Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғаларды оқытудың методикасын талдау.

Дәріс тақырыбына сәйкес БӨЖ, ОБӨЖ тапсырмалары:

1. Тұлғатану бағытының өкілдері және бағыттары.
2. Алаш қайраткерлерінің ғылыми және ағартушылық қызметтерінің бірлігі мен тұастығы.
3. С. Бәйішевтің тарихи зерттеулері мен еңбектерін дереккөз ретінде сабақтарда қолдану.

№3- дәріс тақырыбы: Тарихи тұлғатанудың теориялық және әдіснамалық мәселесі.

Дәріс жоспары:

1. Тұлғаның қалыптасуына және дамуына әсер ететін саяси және әлеуметтік факторлар олардың арақатынасы..
2. Тұлғатану бағытындағы этноцентризм және тұлғалардың қызметін мифтендіру мәселелері
3. Тұлғаны зерттеуде қолданылатын биографиялық тәсілдің мүмкіндіктері.

Дәріс сабағының мақсаты мен міндеті: тарихи тұлғатанудың теориялық және әдіснамалық мәселесі туралы зерттеулермен таныстыру. Саяси, әлеуметтік факторлардың тұлғаға ықпалдары. Тұлғаны зерттеуде қолданылатын тәсілдер жайлы мағлұмат беру.

Дәрістің мазмұны: Елдің саяси құрылымдағы және отарлық кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалысқа басшылық жасған тұлғалардың тарихи даму процесіне ықпал әсерімен танысу және талдау. Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси әрекеті мен қоғамдағы атқарған рөлін мифтендірудің тарихи танымды бұрмалауға әсері.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта.

Дәрісті өткізу тәртібі:

- жеке және топтық жұмыс;
- қорытындылау.
- бағалау.

Бақылау сұрақтары:

1. Тұлғаның қалыптасуына және дамуына саяси факторлардың әсері.
2. Тұлғаның қалыптасуына және дамуына әлеуметтік факторлардың әсері.
3. Дәстүрлі қоғамдағы саяси тұлғалардың тұрпаты.
4. Тұлғаны зерттеуде қолданылатын биографиялық тәсілдердің маңыздылығы.

Дәріс тақырыбына сәйкес БӨЖ, ОБӨЖ тапсырмалары:

1. Тұлғаның қалыптасуына және дамуына әсер ететін факторлардың өзара байланысы.
2. Қоғамдағы элиталық тұлғалардың тұрпаты.
3. Тұлғаны зерттеуде қолданылатын тәсілдердің мақсаты мен маңыздылығы.

№4. Тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы саяси және әлеуметтік факторлар.

Дәріс жоспары:

1. Тарихи тұлғалардың тарихтағы орны мен атқарған рөлін деректік негізде ғылыми қалпына келтірудің тәсілдері.

2. Тарихи тұлғаларды зерттеуде кешенді және пәнаралық тәсілдерді қолдану.

3. Тәуелсіз тарихи танымдағы тұлғаларға деген көзқарас.

Дәрістің мақсаты мен міндеті: тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы саяси және әлеуметтік факторларды түсіндіру. Тәуелсіз тарихи танымдағы тұлғаларға деген көзқарасты талдау.

Дәрістің мазмұны. Тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы саяси және әлеуметтік факторлардың әсерін нақтылау. Таптық-партиялық және ұлттық мүдде тартысындағы тарихи тұлғалардың қызметін бағалау жұмысы туралы талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта.

Сабақты өткізу тәртібі:

- жеке және топтық жұмыс;

- қорытындылау;

- бағалау.

Қорытынды бақылау сұрақтары:

1.Тарихи тұлғалардың қалыптасуындағы саяси және әлеуметтік факторлар.

2. Тарихи тұлғалардың тарихтағы орны мен атқарған рөлін деректік талдау тәсілдері.

3. Тарихи тұлғаларды зерттеуде кешенді және пәнаралық тәсілдерді қолдану.

4. Тәуелсіз тарихи танымдағы тұлғаларға деген көзқарастардың ерекшеліктері.

Дәріс тақырыбына сәйкес БӨЖ, ОБӨЖ тапсырмалары:

1. Тарихи тұлғалардың тарихтағы орнын зерттеу тәсілдері.

2. Тарихи тұлғаларды зерттеудің пәнаралық тәсілдері.

3. Тәуелсіз тарихи танымдағы тұлғаларға деген көзқарастар.

№5 Дәріс тақырыбы: Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалар.

Дәріс жоспары:

1.Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметінің маңызы.

2.А. Құнанбаевтың қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи орны.

3. «Зар-заман» ақындарының жырларындағы азаттық идеялары.

Дәрістің мақсаты мен міндеті: Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалар туралы идеяларды талдап түсіндіру.

Дәрістің мазмұны. Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалардың ағартушылық қызметтер. «Зар-заман» ақындарының жырларындағы азаттық идеяларды талдау.

Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта.

Дәрісті өткізу тәртібі:

-жеке және топтық жұмыс;

-кері байланыс;

-қорытындылау;

-бағалау.

Қорытынды бақылау және бекіту сұрақтары:

1. Дәстүрлі қоғамдағы тарихи тұлғалардың ағартушылық қызметтері.
2. Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметтері.
3. А. Құнанбаевтың қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи орны.
4. «Зар-заман» ақындарының жырларындағы азаттық идеялары.

Дәріс тақырыбына сәйкес БӨЖ, ОБӨЖ тапсырмалары:

1. Ы. Алтынсарин мен А. Құнанбаевтың ағартушылық қызметтеріне презентация жасау.

2. «Зар-заман» ақындарының жырларына эссе жазу.

3. Мәделіқожа, Майлықожа жырларының тарихилығы.

4. Дәстүрлі этноэлитаның саяси-әлеуметтік құрылымын талдау.

Осы аталған тақырып бойынша қорытынды ретінде айтарымыз, Отан тарихының мазмұнындағы тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізумен бірге оны оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру де қажет екендігіне көз жеткіздік. Осы бағытта жүргізген педагогикалық зерттеуіміз пен эксперименттің нәтижелері көрсеткендей тұлғатану мәселелерін оқыту әдіс-тәсілдерін сәтті қолдану жағдайында тарихи сана қалыптастырудың бірқатар міндеттерін шешуге мүмкіндік алуға болады. Ең бастысы болашақ маманның іскерлік дағдылары мен кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды жетілдіруге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуіміздің барысында отандық тарихтың тұлғатану бағытындағы зерттеулерде игерілмеген тақырыптар, жекелеген тарихи тұлғаларға қатысты жасалуы, жаңартылуы тиіс тұжырымдар түріндегі кейбір олқылықтар мен кемшіліктер бар екендігі айқындалды. Соған сәйкес соңғы жылдары жинақталған және ғылыми айналымға ұсынылған орасан зор деректік кешен тарихи тұлғатану бағытындағы ауқымды зерттеулер жүргізуде кең мүмкіндіктерге жол ашып отырған жағдайда осы бағыттағы зерттеулердің методологиялық негізін, зерттеу әдіс-тәсілдерін жаңарту қажеттігі айқын сезіліп отыр.

Мәселені зерттеуде тақырыптың методологиялық ұстанымдарының күрделі мәселелердің түйінін тарқатудағы маңызы зор екендігіне көз жеткіздік. Отандық тарихтағы тұлғатану бағыты методологиялық ұстанымдарының әралуандылығына байланысты елімізде жүргізілген зерттеулерде дүниетанымдық, көзқарастық ерекшеліктер мен айырмашылықтар орын алғандығын айқындайды. Әрине, тарихи тұлғатануда барлық мәселелерге жауап бере алатын әмбебап тәсілдің болуы мүмкін емес. Солай дегенмен де тәуелсіз тарихи таным, тарихи сана қалыптастыруда тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығын бағалаудың ортақ өлшемдері керек екендігі айқындала түсті. Тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеуімізде отандық тарихи тұлғатанудың ғылыми бағыттары жіктеліп, олардың ерекшеліктері анықталды және тұлғалардың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі мен шығармашылығына баға берудің өлшемдері ұсынылды.

Тарих ғылымының басты миссияларының бірі – ақиқатты айту деген ұстаным зерттеушілердің басшылыққа алатын методологиялық қағидаларының ең өзектісі болып саналады. Соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және тағы басқа да тарихи сана қалыптастыруға қатысты жүргізілген жұмыстардың барысында әлемнің түкпір-түкпірінен іздеп табылған орасан зор деректер корпусы Отан тарихының мазмұнын өзектендіруге қызмет етуі тиіс. Архив қорларынан табылған құжаттарды айғақ-дәлел ретінде археографиялық өңдеуден өткізген зерттеушілер тарихи ақиқаттарды ғылыми қалпына келтіруге үлес қосатын болады. Осыған байланысты тарихи тұлға ретінде С. Бәйішевтің қоғамдық-саяси қызметінің зерттелуі мен бағалануы да негізінен жаңа деректердің іздеп табылып, айналымға ұсынылуына байланысты өзгеріске түсуі, жаңалануы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

Сонымен бірге зерттеуіміздің басты нысаны болған С. Бәйішевтің өмірбаянын ғылыми тұрғыда және деректік негізде қалпына келтіре алдық деп ойлаймыз. Сақтаған Бәйішев - ХХ ғасырдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі. Оның есімі қазақтың ғұламалары Қ. Сәтпаев, М. Әуезов, Т. Тәжібаев, Ә. Марғұлан, І. Омаров, Т. Дарханбаев, А. Зәкарин секілді еліміздің шоқтығы биік тұлғаларымен бірге аталады. Сондықтан да артына елеулі ғылыми мұра қалдырған белгілі ғалым, қоғам қайраткері,

академик Сақтаған Бәйішевтің тұлғасы тарихи таным үшін байыпты зерттеулерді қажет етеді. Кеңестік қоғам деп аталатын барынша қайшылықты және күрделі кезеңде ғылым мен саясатты тең ұстаған, биік лауазымдарда қызмет істеген қайраткердің өмір жолын тану арқылы олардың өмір сүрген қоғамы мен заманын тани түсеміз. Демек, тарихи танымды жаңалауда тұлғатану бағытының әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүргізген зерттеулердің нәтижесі ізсіз кетпеуі керек.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары Ғылым Академиясының қоғамдық ғылымдар саласы бойынша вице-президенті, салалық институттардың басшысы қызметтерін атқарған С. Бәйішевтің уақытында отандық тарих ғылымы коммунистік идеологияның саяси ұстанымдарына сай даму жолынан өтті. Отандық тарихтың өзекті тақырыптары, маңызды салалары игерілмей қалды немесе саяси-идеологиялық ұстанымдармен біржақты қарастырылды. Бұл, әрине орны толмас олқылық еді. Бірақ осы кезеңде ұлттық кәсіпқой тарихшы мамандар дайындалып үлгерді. Олар өз кезегінде отандық тарих ғылымының басты тақырыптарын маркстік методологияның теориялық ұстанымдарымен игеруге атсалысты және болашақтағы отандық зерттеулерге негіз қалады. Елімізде тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуына біршама ықпал жасай алды. Осы тұрғыдан қарастырғанымызда С. Бәйішевтің ғылыми-ұйымдастырушылық еңбегі ізсіз кетпеді деп бағалаймыз. Зерттеу барысында Отан тарихындағы академик С. Бәйішев тұлғасы барынша ғылыми тұрғыда тұлғаланды деп ойлаймыз. Оның қайраткер, ғалым ретіндегі саяси ұстанымдары, ғылыми көзқарастары және азаматтық позициясына талдау жасалып, жіктелді.

Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғатану бағытын оқыту және оның әдіс-тәсілдерін жетілдіру өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан тарихы пәнінің типтік оқу жоспарларын талдағанымызда Қазақстан тарихы курстарында тұлғатану бағытындағы зерттеулер нәтижелері қосалқы мәнге ие болып, курс мазмұнынан жеткілікті орын алмағандығына көз жеткіздік. Оқу-әдістемелік және құқықтық-нормативтік құжаттарды талдау барысында тарихи тұлғатану бағытында таңдау пәнін оқу үдерісіне енгізудің қажеттілігі, мақсаты мен міндеттері анықталды. Жүргізілген сауалнама түріндегі педагогикалық зерттеулер барысында оқу-әдістемелік кешеннің құрылымы анықталып, мазмұны құрастырылды. Таңдау пәнінің мазмұнына тарихи тұлғатану бағытына қатысты тарихи зерттеулер барысында қол жеткен нәтижелер мен жасалған қорытындылар енгізілді. Сол сияқты эксперименттік жұмыстардың барысында таңдау пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруге қатысты ұсыныстар сынақтан өтіп, оқу-әдістемелік кешеннің мазмұнынан көрініс тапты.

Тарихи және педагогикалық зерттеулердің барысында қол жеткен нәтижелер мен жасаған қорытындылар негізінде мынадай ұсыныстар жасаймыз:

- жас ұрпақтың бойында қазіргі заманғы жалпыадамзаттыққа негізделген ұлттық тарихи таным қалыптастыру мақсатында отандық тарих

ғылымының мазмұнын өзектілендіру үшін Қазақстан тарихы курстарында тұлғатану бағытының теориялық және методологиялық ұстанымдары орнығуы керек. Бұл ұстаным тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси даму барысында атқарған рөлі мен тарихи танымнан алатын орынын шынайы тұлғаландыруға ықпал ететін болады;

- Кеңестік қоғамда қызмет жасаған көптеген тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасын біржақты идеологиялық жатырқаушылық пен этноцентристік тәсілдермен мифтендіруге жол бермеу үшін тарихи тұлғатану бағытының зерттеу тәсілдері мен бағалау өлшемдері нақтынауы тиіс. Академик С.Б. Бәйішевтің өмірбаянын ғылыми қалпына келтірудегі зерттеулер кеңестік қоғамның қайраткері – партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі ретінде оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығында тарихи танымнан орын алатын өнеге бар екендігіне көз жеткізді.

- Жоғары оқу орындарындағы тарих бакалаврлары, магистрлері, докторанттарының білім беру бағдарламаларына тарихи тұлғатануға қатысты теориялық-методологиялық және әдістемелік контенттер енгізілуі тиіс. Тарихи тұлғатану пәнінің оқу нәтижелері және игеретін интеллектуалдық дағдылары осы бағыттағы зерттеулердің тиімділігін арттырады, сонымен бірге тұлғалардың өнегесі арқылы тарихи таным қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Таңдау пәнін оқу барысында болашақ тарихшы мұғалімдер пән контентінен білімге қатысты интеллектуалдық дағдыларды игеруімен бірге жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыратын маман үшін аса қажетті кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік алады деген қорытынды жасалды.

Зерттеу базаларында тарих мамандығы бакалаврларымен жүргізілген педагогикалық эксперимент барысында «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені жасалып, оқыту әдіс-тәсілдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалып, оқу үдерісіне енгізуге ұсынылды. Тарихи және педагогикалық зерттеу барысында тарихи танымды жаңалауға бағытталған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері толығымен орындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қ.Тоқаев. Атырау қаласында өткен III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі <https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-iii-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya> **Қаралым күні - 30.04.2024** жыл
- 2 Мамбетов Б., Тұрсұн Х. Академик С.Бәйішевтің қызметін зерттеуде биографиялық тәсілді қолдану //Абай атындағы ҚазҰПУ. №3 (74), қараша, 2022. (268-278) бб. <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/1143/563/3080>
- 3 Мамбетов Б. Комиссар Сақтаған Бәйішев. //Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60-жылдығына арналған «Тарих пен қауіпсіздік қазіргі заманда» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар тезистері. М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, 2005 ж.; Мамбетов Б. Академик Сақтаған Бәйішевтің өмір жолы және қоғамдық-саяси қызметі. //Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 15 жыл және университеттің 5 жылдығына арналған «Педагогикалық білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. Шымкент, 2006 жыл, 27-28 қазан; Мамбетов Б. Академик Сақтаған Бәйішев. //«Қазақстан білім беру жүйесіндегі тарих пәндерінің өзекті мәселелері» атты тақырыпта өткен Шымкент педагогикалық институтының 70-жылдығына арналған II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ ШИ. 2008жыл, сәуір; Мамбетов Б.С.Бәйішев Ұлы Отан соғысы жылдарында. //Шымкент университетінде өткен «XXI ғасырдағы жоғары кәсіби білімді мамандар даярлаудың мәселелері: кешегісі, бүгінгі және болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 23-25 сәуір, 2009ж. 4 том. 116-118.б.; Мамбетов Б. Академик С. Бәйішевтің өмірі мен қызметі. //Актуальные проблемы исторической науки Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. 29-30 мая, 2009 г. 291-296 б.б.; Мамбетов Б. Сақтаған Бәйішұлына 100 жыл толды. //Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Хабаршысы тарихи сериясы. Алматы, №2 (57). 2010ж.; Сақтаған Бәйішев туралы. //Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №2 (25), 2010; Мамбетов Б.С. Бәйішевтің Ұлы Отан соғысына қосқан үлесі. //«Отан тарихы» журналы. Алматы. 2010ж.
- 4 Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. –Алматы, 2009. 422 б.
- 5 Историк меняющемся мире. Тарихшы және оның заманы: Сборник документов и материалов //Сост.: М.К.Козыбаев, Ш.О.Тулеева. –Алматы: Раритет, 2021. -480 с.
- 6 Нұрпейіс К. /Бас ред. Б.Аяған. –Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. –376 б.
- 7 Асылбек М.–А.Х. Тұлғалар мен тарих туралы (мақалалар жинағы). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2014. -480 б.

- 8 Қойгелдиев М. Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары. – Алматы, 828 б.
- 9 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. –Алматы: «Рух-БГ» баспасы, 2016. Көптомдық
- 10 Мажитов С.Ф. Жизнь, деятельность и исторические взгляды Е. Б. Бекмаханова. -Алма-Ата, 1992. -172 с.
- 11 Жүгенбаева Г.С. Мұхаметжан Тынышпаевтың өмірі мен қызметі (1979-1938 жж). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 1999. -179 б.
- 12 Батырбеков Г.О. Наследие академика К.И. Сатпаева по общественным наукам в историческом освещении. -Алматы, 2000. - 310 с.
- 13 Теленова З. Академик М. Қ. Қозыбаев: өмірі, қоғамдық қызметі және ғылыми мұрасы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2001
- 14 Исабек Б.Қ. Академик Р.Б. Сүлейменов: Қазақстан тарихын зерттеудегі үлесі, ғылыми ұйымдастырушылық қызметі. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 1999. -145 б
- 15 Досжанова К.Т. Академик А.Н. Нүсіпбековтің өмірі, қоғамдық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі. -Алматы, 1997.-161 б.
- 16 Ескалиев С.А. Б. Сүлейменовтың өмірі мен ғылыми мұрасы. -Алматы, 2001. - 226 б.
- 17 Әбікей А.М. Сұлтанбек Қожановтың қоғамдық-саяси және ғылыми-педагогикалық қызметі. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.2014 жыл. 145 б.
- 18 Батырбекқызы Г. Кеңестік билік жүйесіндегі қазақ зиялыларының қызметін Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы пәнінде оқыту (Нәзір Төреқұловтың мысалында). Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.2019 жыл. -148 б.
- 19 Вахдет Таракчы. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация.. 2022 жыл. -143 б.
- 20 Карлейль Т. Французская революция. История. – СПб., 1907. –С. 220
- 21 Добролюбов Н.А. Собр.соч.: В 9 т. –М., 1962. –Т. 3.-460с.
- 22 Плеханов Г.В. К вопросу о роли личности в истории. М.: Госполитиздат, 1948. -47 с.
- 23 Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории. – М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2013, - 602 с.
- 24 Гуревич, А. Я. Территория историка / А.Я. Гуревич // История - нескончаемый спор. Медиевистика и скандинавистика: статьи разных лет / А.Я. Гуревич. -М.: РГГУ, 2005. -620 с.
- 25 Гуревич, А.Я. О кризисе современной исторической науки / А.Я. Гуревич // История - нескончаемый спор. Медиевистика и скандинавистика: статьи разных лет / А. . Гуревич. - М.: РГГУ, 2005. - С. 427–455.

- 26 Сергеев В.Н. К вопросу о статусе концепта «историческая реконструкция» //Труды БГТУ. Серия V. История, философия, фиология. Выпуск XVIII (20-23 с)
- 27 Словарь иностранных слов. -12-е изд., стереотип. –М.: 1985. –608 с.
- 28 Теория государства и права: часть 1 Теория государства. Под ред. Венгерова А.Б. -М: Юрист. -1995. -256с.
- 29 Политический словарь. -М.: Госполитиздат, 1964. -180с.
- 30 Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. –Алматы: «Ел-Шежіре». 2013. – 400 б.
- 31 Партийное строительство. Изд. 6-ое изд., доп.- М.: Госполитиздат, 1981. – 511 с.
- 32 Сахаров А.Д. О стране и мире. -Нью-Йорк: 1975. –290 с.
- 33 Репина Л.П. Вместо предисловия: личность и общество, или история в биографиях //История через личность: историческая биография сегодня /Ред. Л.П. Репина. М.: Кругъ, 2005. С.5-52
- 34 Володихин Д.М. Экзистенциальный биографизм в истории //Информационный бюллетень Ассоциации «История и компьютер». № 24. Июль. 1999. С.5-24
- 35 Бессмертный Ю.А. Метод // Человек в мире чувств. Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени. // Под ред. Ю.Л. Бессмертного. М.; 2000. С.20-41
- 36 Персональная история / Составитель Д.М.Володихин. –М.: Мануфактура, 1999. –336с.
- 37 Авторханов А. Происхождение партократии. //Октябрь. 1991. -№2. -С.133-163.
- 38 ҚРПА. 708-қ., 75-т., 37-іс
- 39 Күрескер-ғалым, академик С.Б.Бәйішевтің 100 жылдығына орай /Жауапты ред.: О.Сәбден. –Алматы, ҚР БҒМ ҒК (эл.нұс.), 2011. –224 б.
- 40 Еркін Абил. Какой должна быть новая концепция национальной истории. // Казахстанская правда.25 октября 2024 г.
- 41 Мәмбетов Б.М. Сақтаған Бәйішев туралы //Абай атындағы ҚазақҰПУ. Хабаршы. «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №2 (25), 2010. (97-100бб.)
- 42 ҚРПА. 811-қ., 11-т., 10-іс
- 43 Т. Балақаев, Қ.С. Алдажұманов. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. -Алматы: Наука. 1985.
- 44 Байшев С. Казахский народ грудью защищает Родину // Казахстанская правда.1941. 9 август
- 45 Академик С. Бәйішев. -Алматы: Ақыл кітабы. 2000.
- 46 Жиенбаев С. Сотая Казахская. -Алматы: Дайк-Пресс. 2000. 190 с.
- 47 Нұршайықов Ә. Жамбылға хат. -Алматы. – 1996
- 48 Көшербаева Б.Қ. Әзілхан Нұршайықов - 100-ші ұлттық атқыштар бригадасының қаһарманы //Вестник КазНУ. Серия историческая. №1 (36). 2005.
- 49 Қалиев Н. Жеңіс жаңғырықтары // Егемен Қазақстан. 2010. 8 мамыр

- 50 Бәйішев С. Жауынгерлік өмір дәптерінен // Әдебиет және искусство. 1946. №7-8.
- 51 Исабек Б.Қ. Академик Р.Б. Сүлейменов: Қазақстан тарихын зерттеудегі үлесі және ғылыми ұйымдастырушылық қызметі. -Алматы: Наука. 1999. 156 б.
- 52 Балтағожин Т. Гүлденген республика // Коммунистік еңбек. 1969. 1 июль
- 53 Ермағанбетов Қ., Әбішева А. Республика мақтанышы // «Орталық Қазақстан». 1979. 2 қазан
- 54 Мусин Ч.Г. Көсем мерекесіне арналған тарту. //Социалистік Қазақстан. 1969, 24 желтоқсан, №298
- 55 Әубәкіров Я., Бердалиев К. Коммунистік құрылыстың экономикалық проблемалары //Қазақстан коммунисті. 1966. №9. 77-78 бб.
- 56 Нұршайықов Ә. Публицист - ғалым //Қазақ әдебиеті. 1979. 7 қараша
- 57 Красноперов И. Юбилейные издания //Вечерняя Алма-Ата. 1970. 14 январь
- 58 Абишев Г., Галиев В. Воплощая идеи вождя //Казахстанская правда. 1969, 2 февраль
- 59 Абишев Г., Галиев В. Путь ученого //Казахстанская правда. 1979. 24 октябрь
- 60 Абишев Г., Галиев В. О главном пути //Вечерняя Алма-Ата. 1970. 11 сентябрь
- 61 Абишев Г., Галиев В. К 70-летию С.Б. Баишева //Вестник АН Каз ССР. 1979. №10. (С.63-67)
- 62 Абишев Г., Галиев В. К 75-летию С.Б. Баишева// Изв. АН КазССР. 1984. №5. (С.83-84)
- 63 Елеусізов М., Жүкібаев М. Экономикалық білім - калың бұқараға //Қазақстан коммунисті. 1976. №8. (Б.92-94)
- 64 Двоскин Б.Я., Любомирский А.Н. Интересное и содержательное исследование //Изв. АК Каз ССР. 1975. №6 (С.77-78)
- 65 Ефимов И. Ценная книга о развитии Советского Казахстана //Народная хозяйство Казахстана. 1960. №7. (С. 92-94)
- 66 Қозыбаев М.Қ. //Вестник АН КазССР. 1980. №8 Б.70-75
- 67 Нуршаихов А. Памяти С.Б. Баишева //Народное Хозяйство Казахстана. 1982. №7.
- 68 Игенбаев А. Ұлы адам және жеңімпаз ілім. Коммунизм нұры. 1968. 13 август
- 69 Аубакиров Я., Сулейменов Р. Интересное пособие //Казахстанская правда. 1981. 25 август
- 70 Экономическая энциклопедия: Политическая экономия. –М.: Издательства «Советская энциклопедия», 1972. Т.1. -564 с.
- 71 Ценный труд о Советском Казахстане: [Второе издание книги «Ленин и Советский Казахстан»] //Казахстанская правда. 1970. 27 августа
- 72 Шаймұханов Д., Байдалинов А. Маңызды зерттеу //Орталық Қазақстан. 1979. 15 ноябрь

- 73 З. Айтмахамбетов «Ұстаздар мен шәкірттер» //Егемен Қазақстан 4 шілде 1995 ж.
- 74 А. Қошанов. Сақтаған Бәйішев - ұлағатты ұстаз, қайраткер //Егемен Қазақстан. 24 қыркүйек 2009 ж.
- 75 С. Сатыбалдин. Қазақстан экономистерінің көш басшысы» //Егемен Қазақстан. 7 қазан 2009 ж.
- 76 Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. / Бас. ред. Б.Ө. Жақып – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2009. Т.1 -544 б.
- 77 М. Исабаева. Крупный ученый, организатор экономической науки Казахстана. К 90 летию со дня рождения С.Б. Байшева. //Наука Казахстана, 1999 г.№19-20(151-152)
- 78 Қошанов А. Сақтаған Бәйішев – ғибратты ұстаз, қайраткер. // «Ақтөбе» газеті. 24 қыркүйек 2009 жыл. <https://aqtobegazeti.kz/?p=3569>
- 79 Большая Советская Энциклопедия. - М.: Большая советская энциклопедия, 1970. Т.2. -632 с. (С.529); Советский энциклопедический словарь/ Науч.-редакционный совет: А.М.Прохоров (пред.) и др.. — Москва : Советская энциклопедия, 1980. — 1600 с.
- 80 Вручение знака «50 лет пребывания в КПСС //Вечерняя Алма-Ата. 1982. 14 январь
- 81 Байшев С.Б. [Некролог] //Казахстанская правда. 1982. 22 июля
- 82 Сапарғалиев Қ. Абзал ағамен бір кездесу. Қазақстан мұғалімі. 1989. 20 қазан
- 83 Комягин Б., Жүсіпов Б. Ауылдан шыққан академик //Коммунизм жолы. 1989. 30 сентябрь
- 84 Гарипов Р. Путь ученого //Путь коммунизма. 1989. 14 ноябрь
- 85 Қозыбаев М., Қошанов А. Академик Сақтаған Бәйішев //Егемен Қазақстан. 1999. 5 ноябрь
- 86 Сақтаған Бәйішұлы Бәйішев. Қазақ ССР Ғылым академиясы. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы. - Алматы: Ғылым. 1989. 72 с7
- 87 Ұлттық экономика және білім: жаһандану жағдайындағы даму стратегиясы. С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. Конференция материалдары. 01-02.10.2009. -Ақтөбе: Принта, 2009. 337 с.
- 88 Чокин Ш.Ч. Путь национальной Академии наук. -Алматы: Ғылым, 1996.- 256 с.
- 89 Нұршайықов Ә. Майдан дәптерінен. -Алматы. 1946.
- 90 Мажитов С.Ф. Академик С.Б. Байшев и гуманитарная наука Казахстана. // С. Бәйішевке 100 жыл. Конференция материалдары. -Алматы: Ғылым. 2009. 156с.
- 91 С. Бәйішев. Л.И.Мирзоян – мырза жан //«Мәдениет және тұрмыс». 1977. №5
- 92 С. Бәйішев. Абзал адам, ғұлама ғалым (Сәтбаев туралы) //Заңғар Қ. Сәтбаев туралы естеліктер. –Алматы: «Айқос», 1999 (88-96-бб.)
- 93 ҚР ҰҒА. Қ.109, тіз.1, 142-іс.

- 94 Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 272 б.
- 95 Е.В. Тарле и К.И. Чуковский. Переписка // Вопросы истоки. 2006. №1.
- 96 Сидорова Л.А. Советские историки: духовный и научный облик. Институт российской истории Российской академии наук. – М.: 2017. 248 с.
- 97 М. Қозыбаев. Жұлдызым менің. –Алматы, 2001. -81-86 бб.
- 98 М. Қозыбаев. Ұстазым туралы бір-екі сөз (Бекмаханов Ермұқан) //Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер. –Алматы: 2005. (110-113 бб.)
- 99 М. Қозыбаев. За счастье людей труда (К 90-летию со дня рождения Т.Рыскулова //Известия. 1984. 20 декабря
- 100 М. Қозыбаев. Парасат перзенті (Ілияс Омаров туралы) // Егемен Қазақстан. 21 қараша, 1992 ж.
- 101 М. Қозыбаев. Дала перзенті. /Академик Әлкей Марғұланның туғанына 90 жыл // Қазақ әдебиеті. -24 маусым. 1994
- 102 М. Асылбеков. Шерханға хат// Жас қазақ. 2008 ж. 8 тамыз
- 103 К. Нұрпейіс. Тарихи шындықты аттап өте алмаған //Егемен Қазақстан, 1997 ж. 8 ақпан
- 104 К. Нұрпейіс. Тәуелсіз Қазақстан шындық тарихын жазу үшін руссоцентризм идеясынан толығымен арылу кажет... Әңгімелескен Шолпан Құрманбай //«Айқын», 2006. –23 мамыр №91(543)
- 105 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 1-кітап. Төрт күлік. -Алматы. - 240 б.
- 106 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 2-кітап, Іргетас. -Алматы. -
- 107 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 3-кітап. Үш пері. -Алматы. –248 б.
- 108 Қойшыбаев Б. Түнектен оралған есімдер: Тұлға және тарих. 4-кітап. Қабырға. –Алматы. 248 б.
- 109 С. Бәйішев. Берлиндегі бір күн. Социалистік Қазақстан газеті. 1 май 1946 ж.
- 110 М. Қозыбаев. Ұстаз бейнесі // Күрескер-ғалым, академик С.Б.Бәйішевтің 100 жылдығына орай /Жауапты ред.: О.Сәбден. –Алматы, ҚР БҒМ ҒК (эл.нұс.), 2011. –224 б. (51–60 бб).
- 111 ҚРҒАА (Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының архивы). Қор 2, I-тіз., 710-іс
- 112 Сәтпаев Қ.И. В изгнании. - Алматы. 1994.
- 113 Халимулдина (Прокопенко), А.К., Халимулдин А.К. Мәншүктің жұлдызды сағаты. -Алма-Ата. 1985. С. 357-398.
- 114 С. Бәйішев. Алғыр каламгер //Социалистік Қазақстан. 1981.19 март.
- 115 ҚР ПА. Қ.163, 10 тіз., 35 іс.
- 116 ҚР ҰҒА архивы. Қ.109, 1 тізбе, 138 іс.
- 117 Бәйішев С. М. Ғабдуллинге хат // Ана тілі. 1999. 24 маусым
- 118 ҚР ПА. 811-к., 99-т, 1275-іс.
- 119 ҚР ҰҒАА. Қ, 2, 1-тіз., 74-іс

- 120 Төлепбаев Б.А., Якунин И.В. Организация исторической науки и основные направления исследований // Историческая наука Советского Казахстана. -Алма-Ата, 1990. С.94-129
- 121 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі: Замана асуы. –Алматы: Ғылым. 1998. - 344б.
- 122 Зуева Л.И. Методика преподавания истории в высшей школе (Курс лекций для специальности 6М011400- «История»): Учеб. пособие. - Караганда: Арко, 2016. - 328 с.
- 123 Суслов А.Ю., Салимгареев М.В., Хамматов Ш.С. «Инновационные методы преподавания истории в современном вузе» Образование и наука, vol. 19, no. 9, 2017, с. 70-85.
- 124 Арзамасцев А. А. Персоналистика / А. Арзамасцев. - Москва : Остеон-фонд, 2011. - 159 с.
- 125 Персонология: жизнь личности в культуре : монография / Е.Б. Старовойтенко. - Москва: Академический Проект, 2020. - 431 с
- 126 Журасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. - Орал; БҚМУ баспасы, 2012.- 160 б.
- 127 Тұрлығұл Т.Т Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы – Алматы: Қарасай, 20117 -264 б.
- 128 Қозғамбаева Г.Б. Тарихты оқыту әдістемесі. Оқу құралы: /Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева – Өнд. толықт. екінші бас.-Алматы: Қазақ университеті, 2016-260 б.
- 129 Масанов Н.Э. и др. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. -Алматы: Дайк-Пресс, 2007. -296 с.
- 130 https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakhstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar. Қаралған күні 25.10.2023
- 131 Подласый, И. П. Педагогика: учебник / И.П. Подласый. -2-е изд., доп. -М. : Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2011. -574 с.
- 132 Ибраева К.Ж. Педагогика высшей школы: учебное пособие. – Нур-Султан: Изд. КазАТУ им. С.Сейфуллина, 2019. – 184 с.
- 133 Mambetov, B., Tursun, K., Kurmanalin, S., Issayev, M. y L. Rymbetova. (2024). Tendencies of Ethnocentrism and Mythmaking in the Historiography of Kazakhstan: A Review. RIVAR, 11(33), 209-221, <https://doi.org/10.35588/rivar.v11i33.6439>)
- 134 Мамбетов Б., Тұрсұн Х. Отандық тарихи тұлғатану әдіснамасындағы ұлттық мүдде» //ҚазҰУ Хабаршысы №2
- 135 Мамбетов Б. Тұрсұн Х. Академик С.Бәйішевтің қызметін зерттеуде биографиялық тәсілді қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. 2022. №1 (79) (22-296б.)
- 136 Мамбетов Б., Тұрсұн Х., Ражабов К. Saktagan Baishev – prominent representative of the party and state nomenclature//Абайатындағы ҚазҰПУ. №4(79), 2023 ж. (316-325 бб)

137 Мамбетов Б., Тұрсұн Х., Мырзахметов М.М. Қазақстан тарихы курстарында тарихи тұлғатануды оқыту әдіс-тәсілдері. //Ахмет Ясауи университетінің Хабаршысы. №1. 2024 ж.

Қосымшалар

Қосымша А

Анкета

Құрметті білім алушы! Ұсынылып отырған анкетаға жауап беру ерікті түрде жүргізілетіндігін есіңізге саламыз. Жауап берушінің жеке мәліметтері есепке алынбайды және оқу үдерісіңізге кедергі жасамайды. Жауаптарыңыз зерттеуші тарапынан талданып, диисертация жазу барысында ғана пайдаланылады. Отан тарихының тұлғатану бағытын Сақтаған Бәйішевтің мылында зерттеу және оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін айқындауға қызмет етеді.

Берген жауаптарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

1. Тарихи тұлғатану бағыты ұғымына қатысты сауалдарға жауап бере аласыз ба?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

2. Отан тарихында тарихи тұлғатану бағытының зерттелуі мен оқытылуы маңызды ма?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

3. Отандық тарих ғылымындағы ғылыми мектептер туралы білімдер жүйесімен таныссыз ба?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

4. Тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасап, баға бере аласыз ба?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

5. Ғалым-қайраткер Сақтаған Бәйішевтің өмірі мен шығармашылығы сізге таныс па?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

6. Тарихи тұлғатанудың зерттеу және оқыту әдіс-тәсілдерін меңгергіңіз келе ме?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

7. Сіздің ойыңызша «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (С.Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнін оқытудың қажеттілігі бар ма?

А) ия; В) жоқ; С) жауап беруге қиналамын

Зерттеуші туралы мәлімет: Мамбетов Бекзат

Телефон: +77073282188

«Бекітемін»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті Әлеуметтік-
гуманитарлық ғылымдар
факультетінің деканы PhD
Абжалов С.
«» 2023 ж.

**Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін оқу-тәрбие үдерісіне
енгізу бойынша
ЕНДІРУ АКТІ**

Осы ендіру актісі арқылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты Мамбетов Бекзат Махмұтұлының «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы зерттеу жұмысы бойынша оқу орнының Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті мамандығының білім алушыларымен 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында педагогикалық эксперимент жүргізіліп, зерттеу жұмысының нәтижелері оқу-тәрбие үдерісіне енгізгендігі расталады.

Диссертанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының қол жеткен нәтижелері бойынша «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды. Аталған таңдау пәнінің жеклеген тақырыптары мынадай пәндерді оқыту барысында сыннан өтті:

1. 2021-2022 оқу жылында 8D01604 – Тарих мамандығы бойынша ТТТР7302 «Тарихи тұлғатану: теориясы мен практикасы» пәнінің мазмұнында «Қазақстан тарихи тұлғалары дүниежүзі тарихының контекстінде» және «XX ғасыр басында ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру жолындағы тұлғалар» модульдерінде 10 сағат лекция, 20 сағат практикалық сабақ түрінде қолданылды және СӨЖ, ОБСӨЖ тақырыптары бойынша тапсырмалар орындалды.

2. 2021-2022 оқу жылында 5B020300 - Тарих мамандығы білім алушыларының «Қазақстан тарихын зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері» пәнінің «Тарихи орта және тарихи тұлға мәселелері», «Тарихи сана қалыптастыру концепциясы және отандық тарих методологиясы» тақырыптарының лекцияларының мәтініне енгізілді.

3. 2020-2021 оқу жылында барлық білім беру бағдарламалары үшін «ККЗТ 1101» - «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің «Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы», «XX ғасырдың екінші жартысындағы

Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен зардаптары» тақырыптарына көмекші әдістемелік материал ретінде қолданылды.

«Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешені білім алушылардың тарихи білімдерінің мазмұнын толықтыруға ықпал етті.

**«Тарих» кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.д., доцент**

Г.Примкулова

Қосымша Б

ШУ-дың ендіру актысы қосылады